

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



Қазақстан
КОММУНИСТІ

54

МАРТ

1969

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

3 МАРТ 1969

1921 жылғы сентябрьден бастап шығып келеді.

М А З М Ұ Н Ы

ЛЕНИНИЗМ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Бас мақала — Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың маңызы	3
К. Кетебаев — Жоспарлаудың лениндік принциптері және өндіргіш күштер	9
Б. Дәрішев — Коммунистік Интернационалдың ұйымдастырушысы және көсемі	15

ЛЕНИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

А. Бородин — Өнеркәсіп алыптары мен алтын дән өлкесі	21
Т. Жанкелдин — Лениндік мәдени революцияның шарапаты	28

КӨСЕМНІҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

В. И. Ленин өмірбаянының қысқаша очеркі	34
---	----

БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАҚЫРЫБЫНА

Диқан мен малшының ардақты борышы	41
---	----

ҰЙЫМДАСТЫРУ-ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫ

Н. Болатбаев — Бюроның шешімі және істің орындалуы	50
И. Арынжанов — Алынған асу	54
Сұрақтарға жауап	57

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қ. Асқаров — Ауыл-село еңбеккерлерінің мәдени-техникалық дәрежесі	59
Қ. Сапарғалиев — Лекциялық насихат тәжірибесінен	64

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫҢҒА

Ж. Райымбеков — Социалистік елдердің экономикалық ынтымағының ныраюы	67
---	----

ҒЫЛЫМ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР

С. Мәмбеев — Суретшінің өзекті тақырыбы	72
Н. Қамбарова, Қ. Қамбаров — Менделеевтің ұлы заңы	76

«Қазақстан коммунистінің» дабылынан кейін	79
Партия тұрмысының хабарлары	80

СОДЕРЖАНИЕ

ЛЕНИНИЗМ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Передовая — Важное значение научной организации труда	3
К. Кетебаев — Ленинские принципы планирования и производительные силы	9
Б. Даришев — Организатор и вождь Коммунистического Интернационала	15

ЛЕНИН И КАЗАХСТАН

А. Бородин — Край обновленных степей и индустриальных гигантов	21
Т. Жанкельдин — Плоды ленинских идей культурной революции	28

СВЕТЛЫЙ ОБРАЗ ВОЖДЯ

Краткий биографический очерк о В. И. Ленине	34
---	----

НА ТЕМЫ ДНЯ

Заботы тружеников села	44
----------------------------------	----

ОРГАНИЗАЦИОННО-ПАРТИЙНАЯ РАБОТА

Н. Болатбаев — Решение бюро и проверка исполнения	50
И. Арынжанов — Достигнутый рубеж	54
Ответы на вопросы	57

ВОПРОСЫ ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ


К. Аскарров — Повышение культурно-технического уровня сельских тружеников	59
К. Сапаргалиев — Из опыта лекционной пропаганды	64

НА ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ТЕМЫ

Ж. Раимбеков — Развитие экономического сотрудничества социалистических стран	67
--	----

НАУКА, КУЛЬТУРА И ИСКУССТВО

С. Мамбеев — Главная тема художника	73
Н. Камбарова, К. Камбаров — Великий закон Менделеева	76
□	
Нам отвечают	79
Хроника партийной жизни	80



Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың маңызы

Ұлы мақсат асқар асуларды мезгейді, болашаққа бастайды. Алып істерді атқаруға, зор жоспарларды орындауға мұрындық болады. Коммунистік партияның коммунизм орнату жөнінде алдына қойып отырған үлкен міндеті осындай ұлы мақсаттан туған.

Адамзаттың асқан кемеңгері Владимир Ильич іргесін қалаған Совет мемлекетінің дүниеге келгеніне жарты ғасырдан аса уақыт өтті. Осы мерзімнің ішінде біздің еліміз талай сын сағаттарда қарулы да азулы жаулардың сағын сындырып, бел омыртқасын майырып, тамаша табыстарға жетті. Экономикасы мен мәдениеті гүлденген қуатты мемлекетке айналды. Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен социализм орнатты. Енді дүние жүзінде бірінші болып коммунизм орнатуға. Бұл — бүгінгі табыс. Ал осыдан елу жыл бұрын бізде не бар еді? Капитализмнен мирасқа не қалып еді?

«Аврора» даусы жерді тітіретіп, октябрьдің 10 күні дүниені дүр сілкіндіріп, жаңа қоғам тарих табалдырығын аттағанда капитализм біздің елшімізге күйзелген шаруашылық пен қираған өндірісін қалдырған болатын. Бірақ большевиктер бастаған Совет өкіметі сұрапыл қиыншылықтан сескенген жоқ. Соғыс сахнасында кескілескен күрес жүріп жатқан шақтың өзінде пролетарлық революцияның кемеңгер теоретигі В. И. Ленин бейбіт экономикалық құрылысты жүзеге асырудың жоспарын ұсынды.

Бұл жоспарды жүзеге асыру үшін жаңа қоғамның мүддесіне сай жаңаша жұмыс істеу, еңбекті ұйымдастыра білуді үйрену міндеті алға қойылды.

Қоғамның экономикалық прогресінде еңбекті ұйымдастырудың маңызды роль атқаратынын ескере отырып, В. И. Ленин оның түрлері мен әдістерін жетілдіре беруге ерекше көңіл бөлді. В. И. Ленин білгір теоретик, данышпан саяси көсем, асқан мемлекет қайраткері ретінде социалистік революцияның жеңісінен кейінгі басты мақсат марксизмнің теориялық қағидаларын практика жүзінде пайдалана білу деп көрсетті.

Қоғамдық шаруашылықты жүргізудің социалистік принциптері еңбек өнімділігін арттырудың ең жоғары дәрежесіне жетуге мүмкіндік береді. Социализм ең үнемшіл қоғам, деп жазған болатын кезінде Ф. Энгельс. Экономиканы біртұтас халық шаруашылық жоспары бойынша саналы түрде дамыту — еңбек өнімділігінің жоғары көрсеткішіне жетудің кепілі. Осы жағдайда қоғамдық қажеттер үшін жұмсалатын жұмыс уақыты еңбекті дұрыс ұйымдастырудың объективтік нысанасы болып шығады. Сондықтан да бұл мәселеге әр уақытта ерекше мән беріледі.

Біздің елімізде социалистік қоғамды орнатудың жолы мен социализмнің негізгі принциптерін белгілей отырып, В. И. Ленин өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруды кенінен енгізудің маңызын атап көрсетті. Ұлы Октябрь революциясы жеңгеннен кейін В. И. Ленин: «Совет өкіметі үшін ең ірі жеке кәсіпорындарда және жеке деревня қауымдарында еңбекті ұйымдастырудың өзі бүкіл қоғамдық өмірдің ең басты, негізгі және толғағы жеткен мәселесі болып табылады» (Шығармалар, 27-том, 194-бет) деп жазды.

Коммунистік партияның күллі саясаты ғылыми негізге сүйеніп жасалады. Социализмді орнату жолындағы күресте партия ғылымның ең соңғы жаңалықтарын үнемі пайдаланып отырды. Коммунизмді орнатуда ғылымның қандай роль атқаратынына В. И. Ленин 1918 жылдың апрель айында жазған «Ғылыми-техникалық жұмыстар жоспарының желісінде» ерекше тоқталды. Дүние жүзіндегі тұңғыш Совет мемлекетінің басшысы сол кезде-ақ күйзеліп, титықтаған Россияның экономикасын өрлету мен өнеркәсібін қайта құрудың ғылыми жоспарын жедел жасауды талап етті.

Лениндік осы документ ғылым мен өндірістің творчестволық ынтымағының жоспарлы жүргізілуіне арқау болды. Қазіргі кезде ғылым мен өндірістің бірлігі ғылыми-техникалық прогреске даңғыл жол ашатын, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыратын, өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартатын аса ықпалды факторға айналып отыр.

Партияның XV съезі социалистік экономиканы ғылыми негізде жоспарлау туралы лениндік идеяны басшылыққа ала отырып, тұңғыш бесжылдық жоспар туралы директиваны қабылдаған еді. Міне содан бері еңбекті ғылыми ұйымдастыру мәселесіне де айрықша ден қойылып келеді.

Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың мәнісі не, мазмұны қандай? Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың элементтері мыналар: еңбек етуге жақсы жағдай жасай білу; еңбек ресурстарын тиімді пайдалану; еңбектің әдістері мен түрлерін жаңартып отыру; цех, бөлім, учаске, жұмыс орнын ұйымдастыруды, жарактандыруды және оған қызмет көрсетуді жақсарту; кадрлардың мәдени-техникалық және жалпы білімін көтеру; еңбекшілердің творчестволық инициативасын дамыту; жарысты өрістету мен еңбек тәртібін нығайту. Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың әдістері мен түрлері техникалық прогрестің шапшаңдауына орай үнемі өзгеріп, жетілдіріліп отырады. Сондықтан бұл — жалпы еңбекті ұйымдастырудың ғылымға негізделген құрамдас бір бөлігі.

Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруға қойылатын басты талаптар: өндіріс мәдениетін көтеру арқылы еңбек өнімділігін ұдайы арттыра беру, өзіндік құнды арзандату, материалдық ресурстарды үнемдеу, қызметкерлердің еңбек пен тұрмыс күйін барынша жақсарту, сөйтіп олардың творчестволық шабытына шалқар жол ашу. Бір сөзбен түйіп айтқанда, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға, еңбек өнімділігін еселеуге, өндіріс мәдениетін көтеруге себін тигізетін пайдалы шараның бәрін еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру дейміз.

Қоғамдық еңбекті ғылыми ұйымдастыру проблемасы екі түрлі мәселені қамтиды. Оның бірі еңбекті кәсіпорын, бригада, учаске, бөлімше, звено көлемінде ұйымдастыру болса, екіншісі — еңбекті халық шаруашылығының жеке саласы бойынша ұйымдастыру. Біздің елімізде еңбекті ғылыми ұйымдастыру жоспарлы түрде жүзеге асырылады. Әдетте еңбекті ғылыми ұйымдастыру жоспарына техника мен технологияны жетілдіру, шикізат пен материалды үнемдеу, өнімнің сапасын арттыру, еңбекті нормалауды жақсарту шаралары енгізіледі.

Еңбекті ғылыми ұйымдастырудағы маңызды міндеттің бірі — жұртшылықтың еңбекке деген коммунистік көзқарасын қалыптастырып, коллектившілдік сезімге тәрбиелеу, өзара жолдастық қарым-қатынасты дамытып, әр адамның өз қабілетін сан қырынан ашуына көмектесіп отыру, оның денсаулығын сақтау.

Жұмысшы күшін учаскелерге дұрыс бөліп, оларды тиімді пайдалану, кооперациялау мен еңбек бөлінісінің түрлерін ұйымдастыру, жеке операцияларды атқару үстіндегі жұмыс тәсілдері, жұмыс орнын әзірлеу, материалдық және моральдық ынталандыру, еңбек етудің тартымдылығы, еңбек пен демалыстың сәйкестілігі, жұмысты нормалау, жұмысшылардың білім дәрежесін көтеріп, мамандығын арттыру, олардың өндіріске машыктануын жетілдіре түсу — еңбекті ғылыми ұйымдастырудың негізгі мазмұны міне осындай. Демек, еңбекті ұйымдастыру — өндірісті ұйымдастырудың аса маңызды саласы.

В. И. Ленин еңбекті ғылыми ұйымдастыруды жаңаша құра бастаған кезде ғылымның соңғы жаңалықтарын, сондай-ақ капиталистік техниканың жетістіктерін орынды пайдалану керек деп ескертті. «Жұмыс істеуге үйрену керек, — деді В. И. Ленин, — Совет өкіметі бұл міндетті халықтың алдына толық көлемінде қоюға тиіс. Капитализмнің бұл жөніндегі ең соңғы табысы, Тейлор системасы да, — капитализмнің барлық прогрестері сияқты, — буржуазиялық қанаудың ең нәзік айуандығымен қатар еңбек үстінде болатын механикалық қимылдарды талдап тексеру, керегі жоқ және ебдейсіз қимылдарды жою, жұмыстың ең дұрыс тәсілдерін жасап шығару, есеп пен бақылаудың ең жақсы системаларын енгізу ісінде, т. т. жөнінде бірсыпыра аса бай ғылыми табыстарды өз бойына біріктіріп отыр. Совет республикасы қалай болған күнде де ғылым мен техниканың бұл саладағы табыстарының ең бағалыларының бәрін қолданып, пайдалануы керек» (Шығармалар, 27-том, 251-бет).

Кемеңгер көсемнің бұл қағидаларын басшылыққа алған Коммунистік партия Совет мемлекетін жарты ғасырдың ішінде ғылыми-техникалық жағынан аса қуатты елге айналдырды.

Бүгінгі таңда өндіріс пен еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың маңызы бұрынғыдан бетер өсіп отыр. Сондықтан да партияның XXIII съезінің шешімдерінде: «Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, ғылым мен техниканың осы заманғы жетістіктерін халық шаруашылығына енгізу барлық қызметкерлердің мейлінше өнімді еңбек етуіне барған сайын анағұрлым қолайлы жағдайлар жасауға тиіс. Кәсіпорындардың шаруашылық органдары мен партия ұйымдары өндірістік процестерді механикаландыруға, қол еңбегінің үлес салмағын дәйекті түрде қысқартуға, жұмысшы күшін неғұрлым тиімді пайдалануға, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруды кеңінен енгізуге қажырлылықпен бағыт ұстап отыруы қажет» деп көрсетілді.

Ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске кеңінен енгізу — қоғамдық еңбектің өнімділігін арттырудың негізгі шарты. Мұнсыз коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндетін ойдағыдай орындау мүмкін емес. Өндірісті дамытып, оның тиімділігін арттыруға өнеркәсіпті жоспарлау мен экономикалық жағынан көтермелеудің жаңа жүйесіне көшу аса қолайлы жағдай жасады. Жаңа реформаның еңбекті ғылыми ұйымдастыруға тигізіп отырған игі шарапаты да зор.

Қазіргі кезде еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың аса қажет екенімен санаспайтын кәсіпорын басшыларын, инженерлерді кездестіру қиын. Өйткені еңбекті ғылыми ұйымдастыру — қорлардың есе қайыруын өсіру, еңбек өнімділігін арттыру, өзіндік құнды арзандату секілді өндірістің аса маңызды проблемаларын ойдағыдай шешуге жәрдемдесетін қозғаушы күш. Егерде күллі ел көлемінде еңбекті ғылыми негізде дұрыс ұйымдастырып, өнеркәсіптегі материалдық шығынды 1 процентке кемітсе ұлттық табысты шамамен 2 миллиард сом көбейтуге, ал еңбек өнімділігін 1 процентке өсірсе қосымша 2,5 миллиард сомның өнеркәсіп өнімін өндіруге болады.

Партияның XXIII съезі үстіміздегі бесжылдықтың ең басты экономикалық міндеті ғылым мен техниканың жетістіктерін жан-жақты пайдалану, бүкіл қоғамдық өндірісті индустриялық жағынан өркендету, оның тиімділігін күшейтіп, еңбек өнімділігін арттыру негізінде өнеркә-

сіп өндірісінің едәуір өсуін, ауыл шаруашылығын тұрақты жоғары қарқынмен өркендетуді қамтамасыз ету, соның арқасында халықтың тұрмысын жақсартуға, совет адамдарының материалдық, мәдени қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға жету деп белгілеген болатын.

Бұл міндет қазірдің өзінде орындалуға жақын. Еліміздің еңбекшілері В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысты өрістете отырып, бесжылдықтың үшінші жылында жаңа табыстарға жетті. Бесжылдықтың үшінші жылының қорытындылары социалистік құрылыстың ұлы артықшылығын, оның сарқылмас творчестволық мол мүмкіндігін тағы да әйгілеп берді.

Біздің индустриямыздың еңбеккерлері Одақ бойынша негізгі көрсеткіштер жөніндегі жоспарды асыра орындап, өнеркәсіп өнімін өндіруді 8,1 процент өсірді. Бұған жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне көшірілген 27 мың кәсіпорынның қосқан үлесі көп. Олар өнеркәсіп өнімінің 72 проценттен астамын өндіріп, барлық пайданың 80 процентін берді. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 81 миллиард сом болып, бұрын-соңды болмаған дәрежеге жетті.

Ғылыми-техникалық прогресс саласында да елеулі қадам жасалды. 3 мыңға жуық жаңа машиналардың, жабдықтардың, аппараттардың үлгілері, сол тәрізді приборлардың 1 200 түрлі жаңа типі конструкцияланып жасалды. Халық шаруашылығының барлық саласына жаңа машиналар, механизмдер және неғұрлым жетілдірілген технологиялық процестер енгізілді. Өндірісті толық механикаландыру мен автоматтандыру жұмысы үздіксіз жүргізілуде.

Еңбекті ғылыми ұйымдастыру бағытында Қазақстанда да соңғы жылдары бірсыпыра жұмыстар істелді. Еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыруды жүзеге асыратын советтер, творчестволық бригадалар, бөлімдер, топтар құрылды. Олар еңбекті ғылыми ұйымдастырудың 3 618 жоспарын жасады. Мұның өзі бір жылда 24 миллион сомның қаржысын үнемдеуге мүмкіндік береді. Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру нәтижесінде еңбек өнімділігі өнеркәсіпте 18 процент, құрылыста 21,6 процент өсті.

Қазір республикамызда 20 мыңнан аса адамды қамтитын еңбекті ғылыми ұйымдастырумен шұғылданатын 7 мың совет бар. Ал 40 мыңнан астам адам творчестволық бригадаларға біріккен. Аса ірі өнеркәсіп орындары мен құрылыстарда еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру бөлімдері, лабораториялар, бюролар ұйымдастырылған. Қазір еңбекті ғылыми ұйымдастыру мен өндірісті басқару жөнінде республикалық совет жұмыс істейді.

Еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыра білген кәсіпорындар елеулі табысқа жетіп отыр. Мұны Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының тәжірибесінен айқын көруге болады. Комбинатта еңбекті ғылыми ұйымдастыруды үйлестіретін техникалық совет бар. Совет еңбек пен өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру шараларын үнемі қарап, талқылайды. Олардың ғылымға негізделген ең тиімді дегендері өндіріске енгізіледі. 1966—1968 жылдары комбинат еңбекті ғылыми ұйымдастырудың жоспарларын жүзеге асырудың нәтижесінде 5 360 мың сом қаржы үнемдеді. Комбинаттың еңбекті ғылыми ұйымдастыру жоспарларында өндірісті автоматтандыру мен механикаландыруға, сол секілді еңбек етуге жақсы жағдай жасауға ұдайы көңіл бөлінеді.

Еңбек етудің ең тиімді әдістерін табу мақсатымен Соколов руднигінде экскаватор машинисінің жұмыс кезіндегі қимылын жазатын прибор жасалды. Диаграмма бір циклды орындау үшін кейбір машинистердің 24—37 қимылдың орнына 100-ге тарта қимыл жасайтынын көрсетті. Алынған мәліметтердің негізінде озат тәжірибе алмасу мектебі құрылды. Экскаваторды басқарудың оралымды да орнықты әдістерін практика жүзінде көрсету үшін машинист Н. Лысенкоға арнайы тапсырма берілді. Ол диаграмманы талдап түсіндіру арқылы артық, олақ қимылдардан құтылу тәсілдерін үйретті.

Еңбекті ғылыми ұйымдастырудың негізгі проблемаларының бірі — жұмыс орнын әзірлеу, еңбек етуге жағдай жасау. Жұмыс орны — жұмысшының өндірістік процестердің жеке элементтерін жасап шығаратын ұясы. Жұмысшының жүзі жадыранқы, көңілі көтеріңкі, еңбегінің өнімді болуы жұмыс орнының жарық та таза, әртүрлі механизмдер мен машиналардың шаң-шұнының, шу-зырылының аз болуына, газ бен шаңның болмауына тікелей байланысты. Белгілі орыс физиологы Н. Введенский адамдар жұмысты қирата істегеннен шаршап-шалдықпайды, көп жағдайда олар жұмыстың нашар ұйымдастырылғанынан қалжырайды деп өте орынды айтқан.

Бізде еңбектің физиологиясына, психологиясына, эстетикасына, өндіріс мәдениетіне аз көңіл бөлінеді. Еңбекті физиологиялық және социологиялық жағынан зерттеу өмір талабына сай емес.

1967 жылғы октябрь айында КПСС Орталық Комитеті Свердлов облыстық және Рыбин қалалық партия ұйымдарының өнеркәсіпке еңбекті ғылыми ұйымдастыруды енгізуі мен өндіріс мәдениетін жақсартуы жайлы мәселе қараған болатын. Қабылданған қаулыда халық шаруашылығының салалары барған сайын жаңа техникамен жарақтандырылып, жұмысшылар мен маман кадрлар көбейіп отырған қазіргі жағдайда өндірісті, еңбекті және басқаруды ғылыми ұйымдастырудың ерекшелігі атап көрсетілді. Адамдар еңбегін ғылыми негізде неғұрлым тиімді ұйымдастыру, олардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасау, соның негізінде барып еңбек өнімділігін арттыруға жету қажеттігі баса көрсетілді. Өмір талабынан туған бұл міндеттердің ақиқаттығын қазір тәжірибе дәлелдеуде.

Еңбекті ғылыми ұйымдастыру мәселесін сөз еткенде өндірісті арнаулы кәсіпке бейімдеп мамандандыру мен кооперациялаудың зор роль атқаратынын айтпасақ болмайды. Еңбек өнімділігін еселеп өсірудің мүддесі өндірісті бір кәсіпке бейімдеуге ерекше көңіл қоюды талап етеді.

Өндіріс пен еңбекті ғылыми ұйымдастыруға ғалымдар қосар үлес мол. Экономистердің есебі бойынша орташа есеппен алғанда еліміздегі әрбір ғылыми қызметкер өнім шығаруды жылына шамамен 50 мың сом арттыруға көмектеседі. Ал бізде 800 мың ғылыми қызметкер бар. Бұл қыруар күш емес пе? Алайда еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың жоспарларын жасауға ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары нашар қатысады, сол секілді есептеп шығару техникасы мардымсыз пайдаланылады.

Қазақстанда 32 цифрлы электронды есептеп шығару машинасымен қаруланған 24 есептеп шығару орталығы, 33 есеп машина станциясы, екі жүзден астам есеп машина бюросы, бұған қоса әртүрлі жүйені қамтитын 27 мыңнан астам есептеп шығару машинасы бар. Алайда инженерлік еңбек пен ойды жеңілдетуге тиісті бұл аса бағалы техника орынды пайдаланылмай отырғаны өкінішті-ақ. Бұл жағдайды республика Жоспарлау комитеті мен министрліктердің ескергені жөн.

Республиканың көптеген кәсіпорындары мен құрылыстарында еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруда формализм мен кеңсешілдікке жол беріліп келеді. Олар еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың нақты жоспарларын жасауға ат үсті қарап, әр нәрсенің басын құраған, жеңіл-желпі ұйымдық шараларды белгілей салуға бой ұрады. Әлбетте, еңбекті ғылыми ұйымдастыру мәселесі өткінші науқан емес екенін олар естен шығарады. Бұл, В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, көптеген жылдардың, ондаған жылдардың жұмысы. Мұның өзі өте ардақты да игілікті жұмыс. Сондықтан да бұл мәселеге республика партия ұйымдарының ерекше назар аударғандары абзал.

Өндіріс, оған араласатын адамдардың өндірістік қызметі уақыт өткен сайын ғылыммен қоян-қолтық бірігіп бара жатқандықтан адамдардың коммунистік өндіріске қатысуы шын мәнінде ғылыми қызметке ай-

налуда. Осындай еңбекке даяр болу үшін адамдардың жан-жақты білімдер болуы қажет. Еңбек сипатын неғұрлым тез өзгерту үшін өндіріс қызметкерлерін техника жағынан жарактандыруды жақсартудың, мәдени-техникалық дәрежесін көтерудің, оларды еңбекке асқан саналылықпен қарайтын етіп тәрбиелеудің маңызы зор.

Осының барлығы еңбек өнімділігін көтеру үшін керек. Келешекте оны еселеп арттыру көзделуде. Мұның өзі — коммунистік ауыл шаруашылығына көшудің, сол секілді өндіріс процесіндегі адамның ролін өзгертудің негізгі бір шарты. Еңбектің тиімділігін арттыруда партия белгілеп отырған шөлке жету — азық-түлік пен шикізаттың берік базасын жасаудың кепілі. Егерде еліміздің барлық совхоздары мен колхоздары озат шаруашылықтарға теңелетін болса, онда ауыл шаруашылығын көтерудің программалық міндеттерін қысқа мерзімде орындауға болады.

Еңбек өнімділігін өсіру ауыл шаруашылығында істейтін әрбір адамның өнімді мол өндіруіне жағдай жасайды. Егер революцияға дейінгі ауыл шаруашылығында істеген әр адам 1—2 кісілік өнім шығарған болса, 1962 жылы ауыл шаруашылығында істеген әрбір адам 7—8 жанға жетерлік өнім өндірді.

Еңбек өнімділігін күрт өсіру дегеніміз не? Бұл — өзге саладағы өндірісті ұлғайту үшін жұмыс уақытының қорын көбейту, бос уақытты молайту үшін жағдай жасау деген сөз. 240 миллион халықтың бүгінгі талапқа сай қажетін өтеу үшін еңбек өнімділігінің революцияға дейінгі дәрежесін пайдалансақ, онда екіншілік пен мал шаруашылығында 300—350 миллион кісінің жұмыс істеуіне тура келер еді. Сол себептен де еңбек өнімділігінің өсуі — еліміздің қоғамдық прогресінің бірінші шарты.

Еңбекті ғылыми ұйымдастыру капитализмде де қолданылады. Алайда еңбекті ұйымдастырудың социалистік және капиталистік әдістері арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Ең алдымен олардың алдына қойған мақсаты екі бөлек. Капитализм жағдайындағы еңбекті ғылыми ұйымдастыру капиталды қорландыру мүддесін көздесе, социалистік қоғамда ол «жұмысшылардың маңдай терін сығып алу» жүйесінен еңбекті жеңілдететін құралға, материалдық игіліктердің молшылығын жасап, еңбекшілердің әл-ауқатын жақсартатын құралға айналады. Социализм тұсындағы еңбекті ғылыми ұйымдастырудың тағы бір принципті айырмашылығы оның жоспарлы түрде жүзеге асырылуында.

Ғылым мен техника жетістігін өндіріске енгізуге әрбір совет адамы мүдделі. Өйткені өндіріс жетілдірілген сайын еңбек өнімділігі жоғарылайды. Мұның өзі тиісінше тұтыну заттарын көп өндіруге, соның арқасында халықтың тұрмысының арта беруіне жағдай жасайды. Демек, ғылым мен техниканың дамуындағы бар жетістік біздің елде халық игілігіне жұмсалады. Ал капиталистік елдерде жағдай мүлде басқаша. Онда ғылым мен техниканың соңғы табыстары өзара бақталас капиталистердің жеке байлығын молайтуға пайдаланылады.

Өндіріс процестерін автоматтандыру бізде жұмысшыларға үлкен жеңілдік жасайды. Совет адамының жан-жақты өсіп, жетілуіне қажетті бос уақытқа жеткізеді. Ал капитализм жағдайындағы автоматтандыру жұмысшыларға қайғы-қасірет, күйініш әкелуде. Жұмыссыздықты көбейтуде.

Қазір күллі совет халқы секілді республика еңбеккерлері де кеменгер көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне көтеріңкі міндеттемелер қабылдауда. Ол міндеттемелердің ішінде еңбекті ғылыми ұйымдастыруды қамтитын шаралар да мол. Коммунистік құрылыстың қазіргі кезеңінде жалпы экономикалық міндеттің ең шешуші буыны болып отырған еңбекті ғылыми ұйымдастырудың ең жоғары дәрежесіне жетуге ұмтылу — алда тұрған бірінші парыз.

ЖОСПАРЛАУДЫҢ ЛЕНИНДІК ПРИНЦИПТЕРІ ЖӘНЕ ӨНДІРГІШ КҮШТЕР

К. КЕТЕБАЕВ,

*Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары,
республика Жоспарлау комитетінің председателі*

Ленин идеяларының творчестволық ұлы күшін КПСС XXIII съезі күллі әлемге паш етті. Коммунистік партия совет халқын лениндік бағытпен бастай отырып, шаруашылық пен мәдениет құрылысында жеңістен жеңіске жетуде.

Социализм мен коммунизм экономикасын ұйымдастыру әдістері жөніндегі Ленин идеяларының өмірлік күші, адамзат қоғамының даму заңдарына, еңбекші халықтың ең көкейтесті арман-мақсатына толық сай келетіндігі қазір барша жұртқа аян.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында, елдің шаруашылығы мейлінше күйзелген кезде тұғыр тағынан тайдырылған, бірақ әлі де қасарыса қарсылық көрсетерлік күші бар капитализммен кескілескен күрес жүргізіліп жатқан шақта, социалистік өндірістік қатынастар енді-енді ғана қалыптаса бастаған кезеңде В. И. Ленин халық шаруашылығын жоспарлаудың негізгі принциптерін белгілеп берген-ді.

1920 жылы халық шаруашылығын дамытудың бірыңғай мемлекеттік жоспарын жасау мәселесі күн тәртібіне қойылды. Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінде В. И. Ленин былай деді: «Өндірістің жеке-жеке тарауларының барлық жоспарлары бір-біріне барынша сәйкестелген, байланысты болуға тиіс және бәрін қоса келгенде бізге сондайлық қажетті болып отырған бірыңғай шаруашылық жоспар болып шығуға тиіс» (Шығармалар, 31-том, 529-бет).

Осындай бірыңғай, перспективалық жоспар ретінде Россияны электрлендіру (ГОЭЛРО) жоспары қабылданды. Бұл жоспар социалистік жоспарлаудың тұңғышы еді. Алайда ол тұстағы нақты міндеттердің аясы тар, көлемі шағын болатын. Мысалы, өнеркәсіпте аса маңызды өнімдердің тек 20 шақты түрін шығару көзделді де, ауыл шаруашылығында жалпы даму бағыты белгіленді. Сөйте тұрса да ГОЭЛРО-ның маңызы аса зор болды. Осыған орай В. И. Ленин былай деп көрсетті: «Біз шаруашылық жұмысына тұңғыш рет аяқ басып отырғанымыз сондай, өнеркәсіптің жеке бөлімдерінде, мәселен, транспортта туған жеке жоспарлармен қатар, өнеркәсіптің өзге де бөлімдеріне ауысып отырған жоспарлармен қатар біздің бірталай жылдарға арналған жиынтық жоспарымыз да болады. Коммунизмнің жеңіп шығуын көздейтін бұл жұмыс — қиын жұмыс» (Шығармаларының толық жинағы, 5-басылуы, 42-том, 160-бет).

В. И. Ленин халық шаруашылығы жоспары әсте өзгертуге болмайтын, қатып-семіп қалған нәрсе емес, қайта ол алға қойылған талаптарға, өсу-даму міндеттеріне сәйкес толықтырылып, жаңартылып отырады деп көрсетті. Жоспарлы басшылық алғаш жүзеге асырыла бастаған кезде-ақ Ленин электрлендіру жоспары «әрбір мастерскойда, әрбір болыста күн сайын жақсартылып, толықтырылып, жетілдіріліп, өзгеріп отырады» деген-ді. Көсеміміздің бұл сөзінде терең мағына бар. Өйткені халық шаруашылығын жоспармен жүргізу дегеніміз бұқараның шыннайы белсенділігі мен творчестволық тапқырлығына үнемі арқа сүйел,

содан дер кезінде дұрыс қорытынды жасай білу деген сөз. Екінші сөзбен айтқанда жоспар дегеніміз — құрғақ цифрлардың жиынтығы емес, жүйелі мақсатты көздеген миллиондардың творчестволық күш-қуаты, қайрат-жігері.

Сондықтан да социалистік жоспарлау заманымыздың сипатты белгісіне айналып, еліміздің өмірінде ерекше маңыз алып отыр.

Социалистік экономиканы жоспарлы түрде жүргізу ұлан-байтақ еліміздің өндіргіш күштерін дамытуға кен өріс ашты. Оны біздің республиканың мысалынан да айқын көруге болады.

Совет өкіметі тұсында Коммунистік партияның басшылығымен Қазақстанның экономикасы мен мәдениеті гүлденіп өсті. Өткен елу жылда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 100 еседен астам өсіп, астық өндіру мөлшері 2 миллион тоннадан 25,6 миллион тоннаға жетті. Осы заманғы техникамен жарақтандырылған екі мыңнан аса ірі өнеркәсіп орындары салынды. Қазіргі кезде республика халық шаруашылығының негізгі өндірістік қоры 19 миллиард сомнан асады.

Республика халық шаруашылығы үстіміздегі бесжылдықта да жедел өрге басып келеді. Өнеркәсіпте бесжылдықтың алғашқы үш жылының жоспары аса маңызды өнім түрлері бойынша асыра орындалды. Жаңадан 280 кәсіпорын мен цех іске қосылды. Ақтөбе мен Павлодарда темір бетон бұйымдары заводтары, Жезказған мен Ақтөбеде, Семейде трикотаж, Қарағандыда шұлық және аяқ киім фабрикалары, сол секілді Атбасар, Жітіқара, Целиноград, Қызылорда ет комбинаттары салынып, пайдалануға берілді. Бесжылдықтың үш жылында республиканың колхоздары мен совхоздары мемлекетке жоспардан тыс 390 мың пұт астық, 190 мың тонна ет, 154 мың тонна сүт және 170 мың центнер жүн өткізді.

Жалпы одақтық еңбек бөлінісіне республиканың халық шаруашылығы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің көптеген түрін өндіру арқылы қатысып келеді. Қазақстан елімізде шығарылатын мыстың, қорғасынның, мырыштың, ферросплавтың, хромиттің және басқа қазба байлықтың едәуірін өндіреді. Республика — Одақ бойынша астық пен ет өндіруде екінші орында. Сол секілді бүкіл елдегі жүннің 20 проценті бізде өндіріледі. Урал металлургиясына аса қажетті темір рудасы мен кокстелетін көмір, Россия Федерациясының іргелес аудандарына керекті энергетикалық көмір қазақ жерінен жөнелтіліп жатады.

Соңғы жылдары республикамызда глинозем, фосфор, титан, магний, полиэтилен, асбест тәрізді жаңа өнім түрлерін өндіру итерілді. Түлеген түбек Маңкыстауда мұнай мен газдың аса мол запасы барланды.

Республика шаруашылығын дұрыс та жан-жақты дамыту ісі ең алдымен жалпы одақтық мүддеге сай жүргізілуі шарт, сонымен қатар Қазақстанның шикізат және еңбек ресурстарын барынша тиімді пайдалану жағы мұқият ескерілуге тиіс. Бұл міндетті СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, одақтық министрліктер мен ведомстволар және одақтас республикалардың жоспарлау комитеттері бірлесіп қимылдағанда ғана ойдағыдай шешуге болады.

Бірақ бір өкінерлік нәрсе, қазіргі кезде республиканың өнеркәсіп салаларын орналастыруда, Қазақстан экономикасын, оның жеке өнеркәсіп аудандары мен тораптарын мамандандыру, комплексті жолмен дамыту ісінде елеулі кемшіліктер бар. Республика машина жасау өнеркәсібінің аясы тар, оның кәсіпорындарын мамандандыру баяу жүргізілуде. Соның салдарынан сан қилы өнеркәсіп саласына аса қажетті машиналар мен механизмдер, құрал-жабдықтар жыл сайын республикадан тыс жерлерден әкелінеді. Оның ішінде ауыл шаруашылығы техникасы да мол.

Машина жасау өнеркәсібінің әсіресе ауыл шаруашылығы машиналарын шығаратын саласы кенжелеп қалуда. Мысалы, республикада

эрозияға қарсы пайдаланылатын ауыл шаруашылық техникасы жеткілікті шығарылмайды. 35 миллион қойы бар Қазақстанда қой шаруашылығының мұқтажына қажетті машина жасайтын арнаулы завод жоқ. Таяу жылдар ішінде республикада күріш өндіру ұлғайтылмақ. Ал күрішті мол өндіру еліміздің басқа аудандарымен салыстырғанда өзгешелігі бар жергілікті жағдайға ыңғайланған арнаулы машиналарды қажет етеді. Бірақ сондай машиналарды шығару ұйымдастырылмай отыр. Кен өнеркәсібіне керекті машиналарды жасау жөнінде де осыны айтуға болады.

СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен одақтық машина жасау министрліктері осы жағдайды ескере отырып, келесі бесжылдық жоспарды белгілеген кезде Қазақстанда эрозияға қарсы техника шығаратын, қой шаруашылығына қажетті машиналар, күрішті баптап, өсіруге керекті механизмдер, сол секілді кен кәсіпорындары үшін құрал-жабдықтар жасайтын заводтар комплексін ұйымдастыруды қарастырғаны жөн.

Қазақстан — темір рудасына бай өлке. Оның запасы шамамен 8 миллиард тоннадай. Қазіргі кезде шығарылатын товарлы темір рудасының 80 проценті өңдеу үшін республикадан тысқары металлургия заводтарына жөнелтіледі.

Бізде темір рудасының ірі-ірі кендері бар, бұларда руданы ашық әдіспен өндіруге мүмкіндік мол, оның үстіне бұл кендер кокстелетін көмір запастарына жақын орналасқан, сондықтан Қостанай облысындағы Лисаковка және басқа кендердің темір рудасын пайдалану негізінде Қазақстанда жаңа металлургия кәсіпорындарын салған өте-өте тиімді болмақ.

Республикада түсті металдың запасы мол. Біздегі кен орындарының көпшілігінде негізгі пайдалы компоненттермен қоса сирек кездесетін элементтер баршылық. Алайда барланған түсті металл рудасының запасы толық пайдаланылмай келеді. Кен орындарында шикізатты комплексті пайдаланудың коэффициенті төмен. Қорғасын, мырыш, мыс рудаларында аралас жүретін сирек элементтерді айырып алу технологиясы жетілмегендіктен ол элементтер мүлде жоғалып кетуде. Бұл орайда ғылыми-зерттеу институттарының өндіріске қамқорлық көмегі қажет-ақ.

Шикізат пен еңбек ресурстарының молдығына қарамастан бізде химия өнеркәсібінің кейбір прогрестік салалары еркін өркен жая алмай жүр. Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі бұл саланың үлес салмағы әлі аз. Республикаға химия өнімдерінің 500-дей түрі сырттан тасылып әкелінеді. Азот тыңайтқыштары мен улы химикаттарға, пластмассаға, техникалық резина бұйымдарына, химия талшығына, лак пен бояуға деген мұқтаждық үлкен.

Қазақстанда күкірт қышқылы өнеркәсібі негізінен түсті металлургия кәсіпорындарындағы күкірт газының қалдығын пайдалану арқылы дамып келеді. Бізде өндірілетін күкірт қышқылының дені республикадан тыс жерлерге де шығарылуда. Осындай жағдайда қышқылды көп қолданатын өндірісті ұйымдастырудың, оның ішінде лак-бояу өндірісін ұйымдастырудың экономикалық тиімділігі мол.

Химия кәсіпорындарын орналастыруда елеулі кемшіліктер бар. Біздегі 16 облыстың тек бесеуінде ғана, атап айтқанда Ақтөбе, Гурьев, Қарағанды, Жамбыл, Қостанай облыстарында ғана химия кәсіпорындары бар. Қаратау фосфоры негізінде минералдық тыңайтқыштар өндіретін жаңа кәсіпорындар құрылысын салуды жалғастырған жөн. Сондай-ақ Павлодар химия, Шымкент резина-асбест комбинаттарының құрылысын жедел аяқтап, Индер сода комбинатын салуды бастау керек.

Жеңіл өнеркәсіптің дамуы бірқыдыру кешеуілдеп отыр. Жан басына шаққанда аса қажетті өнім түрлерін өндіруде Қазақстан Одақта ең соңғы орындардың бірінде. Республика еңбекшілерінің мақта матаға деген қажетінің 10 проценті, жүн матаға деген қажетінің 20 проценті,

былғары аяқ киімге деген қажетінің 50 проценті өзімізде шығарылатын бұйымдар есебінен өтелуде. Трикотаж бен тігулі киімдердің көпшілігі сырттан әкелініп жүр.

Бізде тамақ өнеркәсібінің кейбір жеке салаларының дамуы ойдағыдай емес. Кондитер, макарон тағамдарының бірсыпыра түрлері, сабын, парфюмерия сырттан әкелінеді. Кейбір облыстарда мал сойып, өңдейтін кәсіпорындар мен наубайханалар өндіріс қуатының жетіспейтіні байқалып жүр.

Жаңа кәсіпорындардың іске қосылуы құрылыс базаларының жетімсіздігінен, құрылыс ұйымдарының әлсіздігінен кешеуілдеп келеді. Сондықтан да республикада құрылыс материалдары өндірісін жедел жолға қоюдың маңызы ерекше.

Қазір Қазақ экономикалық ауданы бойынша өндіргіш күштерді орналастыру мен дамытудың 1971—1980 жылдарға арналған схемасы жасалып бітті. Алайда осы жұмыс үстінде біздің қолымызда одақтық және одақтық-республикалық министрліктерге бағынатын кәсіпорындарды орналастыру, дамыту схемаларының болмағаны өкінішті-ақ.

Біз өнеркәсіп салаларын орналастыру мен дамыту схемасын жасауды жеделдетіп, оның одақтас республикалардың Министрлер Советтерімен келісілуін дұрыс деп ойлаймыз. Сондай-ақ жобалау-іздістіру жұмыстарының перспективалық жоспарлары да осы схемалармен үйлестіріле жүргізіліп, одақтас республикалардың Министрлер Советтерімен келісіліп отырса, нұр үстіне нұр болар еді.

Соңғы жылдары өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын жоспарлау принциптері негізінен қайта құрылды. Ауыл шаруашылығын жоспарлау практикасында ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алудың бір жылдық және бес жылдық тұрақты жоспарларын енгізу принциптері қолданылуда. Мұндай принцип ауыл шаруашылық өндірісін жүргізуді реттеуге, мамандандыруды жетілдіріп, нығайтуға, түптеп келгенде, ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасауға мүмкіндік беріп отыр. Осы принцип КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1968 ж.) Пленумының мақұлдауы бойынша алдағы бесжылдықта да қолданылмақшы.

Жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне көшірілген кәсіпорындар ойдағыдай жұмыс істеуде. Қазір республикада жаңа жүйеге 894 өнеркәсіп орны мен бірлестік көшірілген. Өткізілген өнімнің 70 проценті, пайданың 90 проценті солардың үлесі.

Қазіргі жағдайда пайданың ролі күшеюде. Пайданың бүгінгі таңдағы өз роліне толық сай болуы үшін ол кәсіпорын жұмысының сапа және сан көрсеткіштерімен тығыз байланыста болуы шарт. Ал мұның өзі баға белгілеу мен финансты жоспарлау практикасын түбірінен жақсартуды қажет етеді. Қазіргі кезде пайда жоғарыдан белгіленетін жоспардың негізгі көрсеткішінің бірі болғандықтан оны жоспарлауды жетілдірудің маңызы зор.

Өнеркәсіп өндірісінің шапшаң дамуы ғылыми-техникалық прогреске тікелей байланысты. Қазір республика өнеркәсібінде 1700 автоматты және комплексті механикаландырылған түйдекті желі, автоматты және жартылай автоматты станоктар жұмыс істейді. 8 мың агрегат пен өндірістік комплекс автоматты және дистанциялы басқару жүйесіне көшірілген. Көптеген кәсіпорындарда прогрестік технология, есептеп шығару техникасы мен телемеханика қолданылуда.

Сонымен қатар кейбір министрліктер мен ведомстволардың жаңа техника жөніндегі тапсырмаларды орындамай отырғанын айта кету керек. Техникалық прогресс қарқынын баяулатып отырған себептің бірі жоспарлауды жетілдірудегі кемшіліктерге байланысты. Біздіңше, құллі ел көлеміндегі, оның ішінде одақтас республикалардың халық шаруашылығы саласындағы техникалық прогресті дамытуды жоспарлаудың системасына, мерзімі мен тәртібіне кейбір өзгерістер енгізген жөн болар еді.

СССР Жоспарлау комитетінің нұсқауына орай ғылыми-зерттеу жұмыстарының және ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске енгізу жоспарлары халық шаруашылық жоспарының басқа бөлімдерімен қатар жасалады. Сондықтан да ол жоспар республикалық министрліктерге халық шаруашылығы жоспарлары бекітілгеннен көп кейін жетеді.

Сонымен, іс жүзінде өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткішін анықтаушы техникалық прогресс емес, қайта керісінше, өндіріс көрсеткіші техникалық прогрестің қарқынын анықтайтын болып жүр.

КПСС XXIII съезінің шешімдеріне сәйкес техникалық саясаттың бағытын анықтап отыру жауапкершілігі тиісті министрліктер мен ведомстволарға жүктелгені мәлім. Солай бола тұрса да техникалық прогресс пен кәсіпорынның техникалық-экономикалық тиімділігін арттыру мәселесіне жергілікті совет органдары да жауап береді. Сондықтан да олар техникалық прогресті жоспарлауға белсенді түрде ықпал жасап, оны бағдарлап, кәсіпорын басшыларынан жаңа техника жөніндегі жоспарлардың сөзсіз орындалуын талап етулері керек.

Одақтық-республикалық министрліктер жаңа техника жөніндегі тапсырмаларды республикаларға дер кезінде жеткізбейді, тіпті кей кездері олардың көлемін дәлелсіз қысқартып тастайды. Егер министрліктер республикалардан түсетін ұсыныстарды мұқият зерттеп, ескеретін болса, ал СССР Жоспарлау комитеті сол министрліктердің жоспарларын қараған кезде одақтас республикалардың жоспарлау комитеттерінің ол жұмысқа міндетті түрде қатыстыратын болса, мұндай кемшіліктерге жол бермеуге болар еді.

Жоспарлау жұмысының дәрежесін арттырудың маңызды шарты — мемлекеттік, өндірістік және жоспарлау тәртібін нығайта беру. Территориялық және салалық жоспарлауды шеберлікпен үйлестіре жүргізуді талап етіп отырған қазіргі кезде мұның маңызы ерекше. Осы мақсатпен одақтық үкімет СССР министрліктері мен ведомстволарының бекітілген жоспарларға өзгерістер енгізу тәртібін белгіледі. Алайда кейбір министрліктер мен ведомстволар бұл тәртіпті бұзып, одақтас республикалардың Министрлер Советтерімен келіспей-ақ өндіріс жоспарларына өзгерістер енгізе береді.

В. И. Ленин халық шаруашылығының салалық және территориялық көлемдегі жоспарын жасау ісіне үлкен мән берді. Территориялық жоспарлауды дұрыс ұйымдастыру халық шаруашылығы жоспарларын әзірлеуде жергілікті жоспарлау органдарының ролін күшейтуді қажет етеді.

Қазіргі кезде жергілікті жоспарлау комиссияларының жұмысында кемшіліктер көп. Жоспарлау комиссиялары облыста халық шаруашылығын дамытудың жоспар жобасын техникалық-экономикалық жағынан негіздеуге жете мән бермейді. Сол сияқты олар одақтық-республикалық министрліктерге бағынатын кәсіпорындарды, әсіресе жеңіл және тамақ кәсіпорындарын дамытуға бағытталған жобаларды негіздеп, дәлелдеуге көңіл бөлмейді. Облыстың табиғи байлығын шаруашылық айналымына қосу мүмкіндігі, кәсіпорындарды дұрыс та тиімді орналастыру мәселесі, еңбекке жарамды адамдарды қоғамдық өндіріске қатыстыру жайы байыпты түрде зерттелмей келеді.

Бұл мәселеге ерекше көңіл бөлу керек. Жергілікті партия, совет және жоспарлау органдары өмірдің қайнаған ортасында отырғандықтан оларға облыс, аудан экономикасының қай саласын дамытудың маңыздылығы бес саусақтай белгілі. В. И. Ленин атап көрсеткендей, халық шаруашылығын ведомстволарға бөлудің өзі оны дұрыс басқару үшін қажет. Ал егер жергілікті жерлерде жеке тарауларды өзара үйлестіре дамыту жөнінде үздіксіз жұмыс жүргізілмесе, белгілі бір ауданның табиғи және экономикалық жағдайлары жөнді ескерілмесе, іс оңға баспайды. Жергілікті органдар өз территорияларына орналасқан кәсіпорындар мен құрылыстардың жоспарларын жасауға, талқылауға белсене қатысқан күнде ғана бұл міндет ойдағыдай орындалмақ.

Осыған орай жергілікті құрылыс материалдарын өндіруді жоспарлау тәртібіне ерекше көңіл бөлу керек. Кәсіпорындардың бағыну тәртібіне қарай құрылыс материалдарын өндірудің жоспарын одақтық, одақтық-республикалық, республикалық министрліктер бекітеді де, өндірілген құрылыс материалдарын жергілікті совет органдары бөледі. Сондықтан кей кездерде жергілікті құрылыс материалдарын тұтыну мен кәсіпорынның қуатын пайдалану арасында алшақтық пайда болып жүр. Мұны болдырмау үшін министрліктер мен ведомстволар құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындардың жоспарын жергілікті жоспарлау органдарымен келісе отырып бекітулері керек.

В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ перспективалық және ағымдағы жоспарларды жасап алу қажеттігін негіздей келіп, оларды дұрыс үйлестіре жүргізудің принциптерін анықтап берген болатын. Ол талай рет ұзақ мерзімге арналған жоспарсыз жұмыс істеу мүмкін емес деп атап көрсетті.

Социалистік экономиканы дамытудың қазіргі кезеңінде перспективалық жоспар жасаудың қажеттігі жөніндегі лениндік идеялардың маңызы бұрынғыдан арта түсіп отыр.

Халық шаруашылығының жеке салаларын, аудандарды, өндірістік-экономикалық комплекстерді дамытудың үлкен программасын біреу жылдың беделінде орындау мүмкін емес. Экономика мен мәдениетті өркендету саласындағы аса елеулі шараларды перспективалық жоспарлар арқасында ғана жүзеге асыруға болады. Мұның өзі, түптеп келгенде, шаруашылық құрылысының негізі бес, не одан да көп жылдарға арналған жоспарлар екенін дәлелдейді.

Бүгінгі таңда перспективалық жоспарлаудың тек бесжылдық мерзіммен ғана шектеліп қала алмайтынын айта кету керек. Бесжылдық жоспар тапсырмаларын әзірлеп, негіздеген кезде келешекте диспропорция (сәйкессіздік) тумайтын жағын әбден қарастырған жөн. Сондықтан бесжылдық ішінде шешілетін проблемалар жоспарын одан да ұзақ мерзімдік сипаты бар проблемалармен мейлінше үйлестіре отырып қарастырған дұрыс. Өйткені республика көлемінде өндірісті орналастыру және өнеркәсіп комплекстерін дамыту жөніндегі келелі өзгерістерді тек ұзақ мерзімді жоспарларда ғана алдын ала болжап көрсетуге болады.

Ұзақ мерзімді жоспар техникалық прогресс бағытын дұрыс белгілеуге, ғылым мен техника саласындағы аса маңызды болашақ жаңалықтарды мезгіл көрсетуге, сөйтіп бүкіл еліміз бен одақтас республикалардың, оның ішінде Советтік Қазақстанның экономикалық бейнесін мықтап өзгертуге кең өріс ашады.

Коммунистік Интернационалдың ұйымдастырушысы және көсемі

(КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫНА)

1914 жылы капиталистік мемлекеттер әзірлеген және герман милитаристері тұтатқан соғыс өрті лаулады. Империализмнің бүкіл даму барысынан келіп туған бұл соғыс дүние жүзілік сипат алды. Сонымен бірге ол капитализмнің жалпы дағдарысының бастамасы болды. Адамзатты соғыс апатына итермелей отырып, империалистер екі мақсатты көздеді. Біріншіден, олар осы соғыс арқылы ішкі қайшылықтарды басып, дағдарыстан құтылмақ болды. Екіншіден, пролетариаттың өріс алған революциялық қозғалысын соғыс өртінде тұншықтыруға дәмеленді.

Осы тарихи жаңа жағдай жұмысшы табы партияларының алдына шешімін жедел табуды талап еткен жаңа күрделі міндеттер қойды және олар үшін үлкен сын болды. Буржуазиялық партиялар халықты ашықтан-ашық соғысты қуаттауға шақырды. Осы кезеңде II Интернационал партиялары «Ұлттық бірлік», «Отанды қорғау» деген даурықпа сөздерді желеу қылып, соғысты жақтап шықты. Мұның өзі жұмысшы табына, оның революциялық қозғалысына жасалған опасыздық болса, екіншіден, жұмысшылардың халықаралық ұйымы — II Интернационалдың күйреу шағы еді.

Сөйтіп жұмысшы партияларын шовинизм кесапаты мендеді, интернационализм принциптері құрбандыққа шалынды, социал-демократиялық қозғалыс дағдарысқа душар болды.

Осы қиын-қыстау кезеңде жұмысшы табының мүддесін табандылықпен қорғаған бір ғана партия болды. Ол — большевиктер партиясы еді. Сол кезде В. И. Ленин «Соғыс және Россиялық социал-демократия», «Социализм және соғыс», «II Интернационалдың күйреуі», «Социалистік Интернационалдың жағдайы мен міндеттері» және басқа тарихи еңбектерін жазды. Бұл шығармаларында ол қалыптасқан тарихи жағдайға қорытынды жасады, Россиядағы және дүние жүзіндегі жұмысшылар күресінің даму барысын терең зерттеді. Пролетарлық революцияның жаңа дәуірге сай даму барысының негізгі заңдылықтары мен жолдарын ашып, жұмысшылар партиясының негізгі міндеттерін, стратегиясы мен тактикасын белгілеп берді.

Большевиктер партиясы жұмысшы табын соғысқа қарсы күреске шақырды, империалистік соғысты азамат соғысына, өз буржуазиясы мен үстем таптарға қарсы соғысқа айналдыруға шақырды.

В. И. Ленин революцияшыл марксистерді шынайы маркстік Үшінші Интернационал құруға шақырып ұран тастады. Пролетарлық партиялар қатарынан оппортунистер мен социал шовинистерді үзілді-кесілді аластамайынша жұмысшыларға интернационалдық тәрбие беріп, оларды социалистік революцияға даярлау мүмкін емес деп атап көрсетті Владимир Ильич. Сонымен бірге ол маркстік интернационалдың міндеттерін де белгілеп берді: «...III Интернационалдың алдында, — деп жазды В. И. Ленин, — капиталистік үкіметтерге революциялық тегеурін жасау үшін, саяси өкімет жолында, социализмнің жеңуі жолында барлық елдердің буржуазиясына қарсы азамат соғысын ашу үшін пролетариаттың күштерін ұйымдастыру міндеті тұр!» (Шығармалар, 21-том, 28-бет).

Владимир Ильич нағыз пролетарлық интернационал құру жолында ұйымдастыру жұмысын қызу қолға алды. Соғыстың алғашқы аптала-

рынан бастап-ақ ол дүние жүзі пролетариатын революциялық негізде біріктіретін осы жаңа ұйым негізін қалауға кірісті. Империалистік соғысқа қарсы күреске, социал-опасыздардан үзілді-кесілді айырылысуға шақырған Лениннің жалынды үндеуі халықаралық жұмысшылар қозғалысы арасында кең қолдау тапты.

Лениннің гвардия төңірегіне Батыстағы социал-демократиялық партиялар арасынан шыққан нағыз марксист, интернационалист топтар жиналып, күш біріктірді. Германияда Р. Люксембург, К. Либкнехт, К. Цеткин, Франц Меринг, В. Пик сияқты солшыл социалистер пруссиялық милитаризмге, империалистік соғысқа, социал-шовинизмге, бернштейндік ревизионизмге, Каутский мен оның сыбайластарының тұрақсыздығына қарсы күресті. Болгарияның солшыл социалистері — «тесняктар», Голландия трибунистері, Британиядағы социалистік партияның көпшілігі, венгер социал-демократиялық партиясындағы Дьюла Альпари бастаған солшыл оппозиция, серб социал демократтары және басқалар пролетарлық интернационалистік күрес жолында көп еңбек сіңірді.

Бірте-бірте интернационалистер қатары көбейді, жұмысшылар қозғалысы өріс ала бастады. Енді солшыл социалистер конференциясын шақыру мәселесі күн тәртібіне тікелей қойылды. Ленин солшыл социалистердің көпшілігіне хат жазып, оларды бірлікке, табандылыққа шақырды. Ол бірлескен декларацияны конференцияға дейін жасап алуды ұсынды.

Интернационалист социалистердің бірінші конференциясы 1915 жылы 5 сентябрьде Циммервальдте (Швейцарияда) ашылды. Бұл халықаралық конференцияға 11 елден 38 делегат қатысты. Конференцияда В. И. Ленин басқарған бір топ солшыл социалистер революциялық манифест жобасын жариялады. Онда соғыстың сипаты мен мақсатына марксизм тұрғысынан әділ баға берілді. Алайда конференцияда солшылдар ұсынған манифест қабылданбады. Өйткені бұл жолы мұнда Каутскийдің көзқарасын қуаттайтын центристер мен тұрлаусыз элементтер басым болды. Сондықтан конференция қабылдаған манифесте империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұраны да, оппортунизммен байланысты біржола ұзу ұраны да, соғыста өз үкіметінің жеңілу ұраны да болмады. Алайда интернационалистерді топтастыруда бұл конференция айтарлықтай роль атқарды. В. И. Ленин ұйымдастырған солшылдар тобының төңірегіне басқа елдердің интернационалистік қозғалысы топтаса бастады. Бұл жұмыстың жемісі 1916 жылдың апрелінде Швейцарияда, Кинталь деревнясында болған циммервальдықтардың халықаралық социалистік екінші конференциясында көрінді. Конференцияның 43 делегатының ішінде солшылдар 12 адам болды. (Циммервальдта 8 адам еді). Бірақ Кинталь конференциясында да большевиктердің үндеуі, III Интернационал құру жөнінде шешім қабылданбады.

1917 жылғы апрельде В. И. Ленин солшылдардың алдына циммервальдтық бірлестіктен толық ажырасу, социал-шовинистерден ғана емес, оппортунистік пиғылын сүйреңдеген пацифистік желеумен бүркемелеуші центристерден де біржола ажырасу міндетін қойды. «Циммервальдта қалсақ», оның өлі жүгінен арылмасақ, III Интернационалдың құрылуына көріне-көзге кедергі жасаймыз, деп атап көрсетті Владимир Ильич. Россия социал-демократиялық жұмысшы (большевиктер) партиясы өзінің VII (апрель) конференциясының қарарында жаңа Интернационал құру инициативасын партия өз қолына алуға тиіс деп жазды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі жаңа Интернационал құру мәселесінің шешімін тездетті. Ол капитализмнің жалпы дағдарысын тереңдете, меңдете түсті, империализмнің отаршылдық жүйесінің қабырғасы сөгіліп, ыдырай бастады. Бүкіл әлемде революциялық өрлеу қанат жайды. Марксизм-ленинизм идеяларының беделі өлшеусіз артып, социал-демократиялық партиялардың мандай алды өкілдері Ок-

тябрьдің шұғылалы шапағынан нәр ала бастады. Жана тұрпатты, нағыз маркстік бағыттағы пролетарлық партиялардың қалыптасуы шапшаңдады. 1918 жылы коммунистік топтар мен ұйымдар негізінде Австрияда, Германияда, Польшада, Венгрияда, Аргентинада, Финляндияда коммунистік партиялар құрылды. Латвия мен Литвада, Эстонияда маркстік-лениндік партиялар ұйымдастырылды. Мұның өзі халықаралық жұмысшы қозғалысындағы аса маңызды оқиға болды және III Интернационалды құру ісіне пәрменді ықпал жасады.

Ақырында, 1919 жылғы январьда Москвада солшылдардың кеңесі болып өтті. Коммунистер тарихи жағдайды сипаттап, қазір нақты революцияшыл интернационалдың бейнесі айқын көріне бастады деген қорытындыға келді. В. И. Лениннің ұсынысы бойынша кеңеске қатысушылар революциялық пролетарлық партияларға арналған үндеу қабылдады. Жұмысшы партияларын III Интернационалды құру ісіне белсене қатысуға шақырған бұл үндеуге 24 январьда 8 коммунистік партия мен топтардың өкілдері қол қойды. Осы үндеуді пролетариат партияларының басым көпшілігі мақұлдап, қызу қарсы алды. Конференцияны Москвада өткізу ұйғарылды. Шетел партияларының делегаттары жол-жөнекей нелер қиындықтарды басынан кешірді. 1919 жылғы 1 мартта өткізілген кеңесте конференцияның күн тәртібі, баяндамашылар мен комиссияның құрамы бекітілді.

Сөйтіп, 1919 жылғы 2 мартта коммунистік партиялар мен солшыл социал-демократиялық ұйымдардың бірінші дүние жүзілік конференциясы ашылды. Оның жұмысына 30 елден келген 52 делегат қатысты. Бірсыпыра делегаттардың тапсыруы бойынша конференция мәжілісін В. И. Ленин кіріспе сөз сөйлеп ашты. III Коммунистік Интернационалдың құрылуын жариялау жөніндегі Лениннің ұсынысын делегаттардың басым көпшілігі қолдады.

Конгресте В. И. Ленин буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы баяндама жасады. Бұл баяндамадағы лениндік идеялар Коммунистік Интернационалдың программалық документтерінің негізі ретінде қабылданды. Коммунистік партиялар өздерінің барлық қызметін социалистік революцияны жүзеге асыру, буржуазиялық мемлекеттің орнына жана тұрпатты мемлекет — пролетариат диктатурасын орнату жолына бағыттауға тиіс деп атап көрсетті ұлы көсем. Пролетариат диктатурасы, деді ол, бүкіл еңбекшілер бұқарасының билік ету құралы. Капитализмнен социализмге тек сол арқылы ғана өтуге болады. Сонымен бірге осы баяндамасында В. И. Ленин II Интернационалды қайта тірілтпек болған оппортунистердің Берн (1919 жылғы февраль) конференциясының сатқындық мән-мазмұнын әшкереледі. Октябрь революциясына, пролетариат диктатурасына қарсы шығып, қайдағы бір «таза демократияны» жақтаған оппортунистердің контрреволюциялық арам пиғылын әшкерелей келіп, Ленин бұларға қарсы күрес маркстік ілімнің тазалығы, жұмысшылар қозғалысының берік ынтымағы жолындағы күрес деп атап көрсетті.

Конгресс буржуазиялық демократия мен пролетариат диктатурасы туралы В. И. Лениннің тезистерін мақұлдады, Коминтерннің платформасын бекітті, барлық елдердің жұмысшыларына арнап манифест қабылдады.

Сөйтіп коммунистер тамаша тарихи жеңіске жетті. Дүние жүзі пролетариатының тандаулы өкілдерін Коммунистік Интернационал туы астына топтастырды және халықаралық жұмысшы қозғалысын одан әрі дамытуға ерекше зор үлес қосты.

Ал дүние жүзі революциялық пролетариатын интернационалдық негізде біріктірудің идеялық-теориялық және ұйымдық тірегі бұдан кейінгі екінші конгресте қаланды. Екінші конгреске әзірлік кезінде В. И. Ленин орасан зор теориялық жұмыс атқарды. Халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының көкейтесті мәселелеріне

В. И. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде жан-жақты терең талдау жасап, шешімін тауып берді. Коминтерннің бірінші конгресінен кейінгі өткен бір жыл дүние жүзілік революциялық қозғалыстың бағыт-бағдары бұл туралы лениндік болжамның дұрыстығын және жаңа тұрпатты партияның тарихи міндетіне берілген лениндік анықтаманың ақиқаттығын толық дәлелдеді. Данияда, Мексикада, Америка Құрама Штаттары мен Югославияда, Испанияда коммунистік партияның құрылуы Берн интернационалының мүлдем құлдырағанын сипаттады. Оның қатары ыдырап сұйыла бастады. Опасыз социалистер интернационалының қатарынан Франция, Италия социалистік партиялары, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы және басқа партиялар шығып кетті.

Кен қанат жайған революциялық қозғалыс жағдайында әлі буыны қатпаған жас коммунистік партиялар қатарында «солшылдық» қатер туғызды, революциялық авантюризм кеселі тарай бастады. Әсіре революциялық даурықпа сөзге үйір солшыл топтардың дүние жүзілік жұмысшылар қозғалысына, коммунизмге қаншалықты қатер төндіретінін баяндай келіп, В. И. Ленин жұмысшы табы мен оның партиясының революциялық күрестегі стратегиясы мен тактикасын айқын белгілеп берді. Бұл реттегі лениндік нұсқауларды Коминтерннің екінші конгресі басшылыққа алды.

1920 жылы Петербуртта ашылған Коминтерннің екінші конгресіне 37 елден 67 партия мен топтың делегаттары қатысты. Коммунистік партиялардың осы халықаралық жиыны да В. И. Лениннің тікелей басшылығымен өтті. Ол конгресс қабылдаған аса маңызды қарарлардың жобасын жазды. Олардың ішінде Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы тезистер, ұлт және отар мәселелері жайлы, аграр мәселесі туралы қарарлар, сондай-ақ Коминтернге қабылдаудың 21 шарты және басқа документтер бар.

Коммунистік Интернационалды құруға, оны нығайтып, дамытуға В. И. Лениннің қосқан ғылыми-теориялық және практикалық үлесі мол. Ол халықаралық коммунистік қозғалысты ұйымдастырудың және теория мен саясаттың барлық негізгі мәселелеріне арнап шығармалар жазды. Коминтерннің алғашқы жұмыс істеген кезеңінде (1919—1923 жылдар) қабылданған аса маңызды шешімдердің бәріне де В. И. Ленин белсене қатысты. Владимир Ильич Коминтерннің I, II, III және IV конгресстерінде баяндама жасап, сөз сөйледі. Шешімдерді әзірлеу жөніндегі комиссияларда жұмыс істеді. Ол Коминтерннің Атқару Комитетінің мүшесі болды, «Коммунистік Интернационал» журналында қызмет жасады.

В. И. Ленин Коминтерннің Атқару Комитетінің пленумдары мен конгресстерінде көптеген елдердің делегацияларымен кездесіп, әңгімелесіп отырды. Сол жылдары В. И. Ленинмен жүздесіп, халықаралық коммунистік қозғалыстың көкейтесті проблемалары жайында пікір алысып, мәселе талқылаған кісілердің ішінде әйгілі революционерлер Клара Цеткин, Вильгельм Пик, Вальтер Ульбрихт, Марсель Кашен, Пьер Се-мар, Гастон Монмуссо, Антонио Грамши, Уильям Галлахер, Васил Коларов, Георгий Димитров, Бела Кун, Богумир Шмераль, Антонин Запотоцкий, Сухэ-Батор, Отто Куусинен болды.

Владимир Ильич көптеген партиялармен және жұмысшы қозғалысының қайраткерлерімен хат арқылы да байланыс жасап отырды. Олардың көкейінде жүрген көп мәселелеріне жауап қайтарып, әдептілікпен, жолдастық пейілмен аса бағалы, құнды ақылдар айтты. Қателерді жөндеу жолын көрсетіп, коммунистік саясаттың өңін айналдырғандарды қатал да принципті сынның тезіне салды. Кежегесі кейін тартып тұратын шегіншектер мен жат элементтерге қарсы ымырасыз күрес жүргізді.

Стратегияның, тактиканың және коммунистік партияларды ұйымдастырудың негізгі қағидаларын В. И. Ленин марксизм теориясының

берік базасына сүйене отырып, жұмысшы табы мен Россияның күллі еңбекшілерінің әрқилы жағдайдағы күресін басқарған, үш революцияның отты көрігінен өткен большевиктер партиясының тәжірибесін терең талдау негізінде жасады. Ленинизм тек россиялық тәжірибені ғана жинақтап қойған жоқ, сонымен қатар халықаралық жұмысшы қозғалысының күллі тәжірибесін қорытты, оны күні өткен, кездейсоқ нәрселерден тазартып отырды, дүние жүзілік-тарихи жаңа заманның — социалистік революцияны әзірлеп, жүзеге асыру заманының — талаптарына сай тың, соны идеялармен толықтырып отырды. Сондықтан да большевиктер партиясының революциялық саясатының негізгі принциптері мен ұйымдастыру негіздерінің барлық маркстік-лениндік партиялар үшін ортақ маңызы бар және олардың бәрінің де қолдануына болады. Ал оның тактикасы, В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, олардың бәріне қажетті тактиканың үлгісі.

Коминтерн лениндік ілімді, большевиктер партиясының тәжірибесін басшылыққа ала отырып, Коммунистік партияларды қалыптастыруды, тәрбиелеуді, идеялық жағынан шыңдауды жүзеге асырды. Жұмысшы табы жеңісінің айнымас қаруы оның революцияшыл ұйымы шыңдалып, нығайтылды.

Коминтерн коммунистік партияларды аса қатал тарихи сынға — 30-шы жылдар мен екінші дүние жүзілік соғыс кезіндегі фашизмге қарсы күреске әзірледі. Коммунистік интернационал революциялық стратегияның негізгі принципі — жұмысшы табының жетекшілік принципі — деген лениндік ілімді үнемі басшылыққа алып отырды.

В. И. Ленин еңбекшілердің халықаралық туысқандығының, пролетарлық интернационализмнің өмірлік қажеттігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді. Империализмге қарсы бағытталған барлық күштер мен қозғалыстарды төңірегіне топтастыру үшін жұмысшы табы ең алдымен өз қатарының жауынгерлік бірлігін нығайтуға тиісті. Дүние жүзілік капиталды жеңу үшін, деп көрсетті Ленин, толық сенімділік, шынайы туысқандық одақ, барлық елдердің жұмысшы табының мықтап топтасуы қажет. Дүние жүзілік революциялық қозғалыстың саяси ұйымдастырушысы және жетекшісі, барлық революцияшыл күштерді империализмге қарсы күреске аттандырушы халықаралық коммунистік қозғалыстың ынтымағы мен бірлігі ерекше маңызды.

Лениндік жоспарға сәйкес Коминтерн революциялық жұмысшы қозғалысына жөн сілтеп отыратын орталық болды. Ол жер шарының әр түрлірінде құрыла бастаған маркстік-лениндік партиялардың берік базасы болды, дүние жүзінің барлық революцияшыл күштерін біріктіріп, топтастырды.

В. И. Лениннің жетекшілігімен ұйымдастырылған Коммунистік Интернационал коммунистік партияларды шыңдап нығайту ісінде аса зор роль атқарды. КПСС Орталық Комитетінің «Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығына арналған Тезистерінде» атап көрсетілгендей, Коммунистік Интернационал «бұл партиялар үшін айбынды революциялық штаб, марксизм-ленинизмді меңгеру мектебі, партиялардың жаңа жағдайда творчестволық жұмыс жүргізуінің орталығы, бұқара арасында коммунизм идеяларын насихаттау мектебі, интернационализм мектебі болды».

1943 жылдың май айында коммунистік партиялар Коминтернді тарату туралы шешім қабылдады. Бұл кезде Коминтерннің ықпалымен туысқан партияларды идеялық-саяси және ұйымдық жағынан нығайтуда елеулі табысқа қол жетіп еді. Ендігі жерде барлық қозғалысқа бір орталықтан басшылық жасау қажеттігі бола қоймады. Коминтерннің Атқару Комитеті Президиумының интернационалды тарату жөніндегі қаулысында жұмысшы қозғалысының қанат жая бастаған қазіргі кезінде бір орталықтан басқарудың қажет болмай отырғаны, ендігі жерде ұлттық жұмысшы партияларды нығайтудың керектігі атап көрсетілді.

Әлбетте, Коминтериді тарату жөніндегі шешімнің халықаралық коммунистік қозғалыс пен пролетарлық ынтымақтың идеялық-саяси бірлігін әлсіретпегені көпке мәлім.

Коммунистік қозғалыс интернационалдық байланыстар жасаудың, іс-қимылды біріктіріп, үйлестірудің, жалпы саясатты белгілеудің жаңа түрлерін іздестіріп, тауып отырды. Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Болгария, Венгрия, Италия, Польша, Румыния, Совет Одағы, Франция, Чехословакия және Югославия коммунистік партияларының өкілдерінен Информациялық бюро құрылды. Одан кейінгі жағдай байланыс жасаудың жаңа түрін қажет етті де, Информбюро таратылды. Сөйтіп екі жақты және көп жақты байланыстар жасаудың, делегациялар алмасудың, регионалдық кездесулердің маңызы арта түсті.

Әсіресе дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың сара жолын, стратегиясы мен тактикасын белгілейтін халықаралық кеңестердің ролі аса зор. 1957 және 1960 жылдары коммунистік партиялардың Москвада өткізілген халықаралық кеңесі аса маңызды тарихи роль атқарды.

Коминтерн ширек ғасырға жуық (1919—1943 ж.) дүние жүзіндегі жұмысшы табының революциялық күресін ұйымдастырушы орталық ретінде халықаралық коммунистік қозғалысты дамытуда ерекше роль атқарды. Оның заманымыздың аса зор және ықпалды саяси күшке айналуына негіз қалады. Коминтерннің қызметі арқасында дүние жүзілік азаттық қозғалысы жаңа тарихи сатыға көтерілді. Коминтерн пролетарлық интернационализмнің қасиетті туын жоғары ұстады. Жұмысшы табын, барлық еңбекшілерді, күллі коммунистік партияларды әлеуметтік және ұлттық қанауға қарсы күреске, бейбітшілік, социализм жолындағы күреске жұмылдырды.

В. И. Лениннің инициативасы бойынша құрылған Коммунистік Интернационал революцияшыл күштерді топтастыруда аса көрнекті қызмет атқарды. В. И. Ленин өзіне тән революциялық жалынды жігермен оппортунизмге, авантюризмге, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ұлтшылдыққа қарсы күресті, революция мен социализмнің тағдыры үшін бұлардың хауіптілігін айтып, коммунистік партияларды сақтандырып отырды.

Коминтерннің лениндік дәстүрлерінің, ол жинақтаған тәжірибенің қазіргі кезде де өмірлік маңызы өте зор.

Б. ДӘРІШЕВ.

Өнеркәсіп алыштары мен алтын дән өлкесі

А. БОРОДИН.

Қостанай облыстық партия комитетінің бірінші секретары

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін салушы В. И. Лениннің жүз жасқа толатын мүшелді мерекесі жақындаған сайын кеменгер көсеміміздің алып тұлғасы бұрынғыдан да биіктеп, оның мәңгі жасайтын идеяларының шұғылалы сәулесі бүкіл прогресшіл адамзаттың жарқын келешегін нұрландыра түсуде. Ленин есімін еске алғанда ең алдымен оның бүкіл әлемді таң қалдырған даналығы, кеменгер көрегендігі, халық бақытына деген шексіз, қалтқысыз қамқорлығы ойға оралады, көсем идеяларын ту етіп, жарты ғасырдан сәл-ақ астам уақыттың ішінде елімізді қуатты ұлы державаға айналдырған Коммунистік партияға, қаһарман совет халқына деген мақтанш сезімі жүректі тебірентеді.

Владимир Ильич Ұлы Октябрьдің алғашқы күндерінен бастап-ақ байтақ Отанымызды мекендеген барлық ұлттардың келешегіне қамқорлық жасады, қиын-қыстау, сын сағаттардың өзінде уақыт бөліп, ең шеткері ұлт аймақтарында, соның ішінде біздің Қостанай облысында да болып жатқан уақиғалардың барысын жіті қадағалап отырды. Мәселен, ол Шығыс майданның Революциялық-әскери советіне жолдаған телеграммасында: «Қостанайдағы көтеріліс пен Челябинскідегі көтерілісшілер қозғалысы жайлы есітіп білдім... Оларды біріктіруге бар күшті салу керек. Не істеп жатырсындар?» деп жазды.

Барлық республикалардың, өте-мөте патшалық Россия тұсында экономикалық жағынан мешеу қалған ұлт аймақтарының өндіргіш күштерін барынша тез өркендету — социализм орнатудың шешуші шарты деп үйретті Ленин. Коммунистік партия өзінің шаруашылық құрылыстағы бүкіл саясатында Владимир Ильичтің осы нұсқауын бұлжытпай басшылыққа алып, творчестволық даналықпен жүзеге асырды. Мұның тамаша нәтижесін Қостанай облысының мысалынан да айқын көруге болады.

Осыдан жарты ғасыр бұрын Қостанай даласы Россияның ең шалғайдағы отар аймақтарының бірі еді. 195 мың шаршы километрден астам қазыналы өлке, жер қойнауындағы қисапсыз байлық елеусіз, ескерусіз жатты. Халықтың бүкіл күн көрісі жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен жер ағашқа сүйенген жұпыны егіншілік болды. Облыс көлеміндегі өнеркәсіп жұмысшыларының саны мың жарымнан аспайтын. Бас-аяғы бірнеше ұсақ, майдагер кәсіпорындар мен мастерскойларда бар жұмыс

қолмен атқарылатын. Мәдениеттен, оқу-білімнен мақұрым, езілген, жүдеген халықтың тұрмысы ауыр, көрген күні қараң еді.



Социалистік құрылыстың лениндік жоспарымен қаруланған Коммунистік партия бүкіл еліміздің, соның ішінде Қазақстанның сүбелі аймақтарының бірі — Қостанай облысының экономикалық, саяси-әлеуметтік өмірінде алып өзгерістер жасады. Совет өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ облыста өнеркәсіп құрылысы кең өріс алды. Жергілікті өмірдің ерекшелігіне байланысты бізде ең алдымен ауыл шаруашылығына байланысты өндіріс орындарын, мәселен, ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсататын, ауыл шаруашылық машиналарын жөндейтін кәсіпорындар салуға басты көңіл бөлінді. 1940 жылға қарай Қостанай қаласы мен аудан орталықтарында 13 өнеркәсіп комбинаты мен 18 кәсіпшілік артелі жұмыс істеді. Жеңіл, машина жасау, химия кәсіпорындарының құрылысы қолға алынды.

Ұлы Отан соғысынан кейін облыстың өндіргіш күштерін өркендетуде мүлдем жаңа, қарқынды кезең басталды. 1950 жылдың өзінде ірі өнеркәсіп өнімі 1940 жылғымен салыстырғанда екі есе, соның ішінде машина жасау, металл өңдеу, химия, электроэнергетика өнеркәсібінің өнімі 3,6 еседен астам, жеңіл өнеркәсіп өнімі 7 есе ұлғайды.

Бесінші бесжылдықтың соңғы жылдары мен онан кейінгі дәуірде жаңадан ашылған аса мол кен байлықтары негізінде ауыр индустрия, әсіресе кен руда өндірісі қарыштап дами бастады. Еліміздегі аса ірі Соколов-Сарыбай кен байыту, Жітіқара асбест комбинаттары, Торғай боксит рудниктері іске қосылды. Лисаковка кен байыту комбинаты салынып жатыр.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібін өркендету бағытында да елеулі шаралар жүзеге асырылды.

Осының бәрі Қостанай облысын еліміздегі ірі өнеркәсіп орталықтарының біріне, Урал мен Қазақстанның ғана емес, бүкіл Совет Одағының кара металлургиясы үшін аса маңызды шикізат базасына айналдырды. Бұған дәлел ретінде қазір елімізде өндірілетін барлық темір рудасының 8,5 процентке жуығын біздің рудниктеріміз беретінін айтсақ та жеткілікті.

Облыс өнеркәсібі үстіміздегі бесжылдықтың алғашқы үш жылында шұғыл қарқынмен дамыды. Бұған өндірісті жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесі ықпал етті. Қазір облыс бойынша бүкіл өнеркәсіп өнімінің 76,3 процентін жаңа жүйеге көшкен 90 кәсіпорын беріп отыр. Бесжылдықтың үш жылы ішінде жоспардан тыс 60,3 миллион сомның өнімі шығарылды. Өнеркәсіп орындарының негізгі қорлары 100,3 миллион сом ұлғайды.

Соңғы жылдары бізде құрылыс материалдары өнеркәсібі, транспорт, жол құрылысы тез өркендеді. 1963 жылы алғаш ұйымдастырылған құрастырмалы темір-бетон конструкциялары өндірісі 1968 жылдың өзінде 317 мың текше метр темір бетон бұйымдарын шығарды. Өткен жылы темір жол жүйесі 1913 жылғымен салыстырғанда 10 есе өсті. 1965 жылға дейін облыста тас жолдар мен асфальт жолдар жоқтың қасы еді. Қазір мұндай жолдардың ұзындығы екі жарым мың километрден асып отыр.

Партия мен үкіметтің ұдайы қамқорлығы арқасында еңбекшілердің тұрғын үй, материалдық-мәдени жағдайын жақсарту бағытында көп нәрсе істелуде. Мысалы, 1953 жылы бүкіл облыс көлемінде 12,9 мың шаршы метр тұрғын үй салынған болса, 1968 жылы тек селолардың өзінде 2 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді, 38 мың оқушыға арналған мектеп үйлері, 8 785 орны бар балалар мекемелері, 1032 орны бар ауруханалар мен емханалар, жүздеген өндірістік және мәдени-тұрмыстық объектілер салынды. Бір кездері адам аяғы тимеген жапан түзде Рудный, Жітіқара, Аркалық сияқты өндіріс орталықтары бой түзеді. Лисаковка қаласының іргесі қаланып жатыр. Облыс картасында Аркалық, Октябрь, Наурызым сияқты экономикасы мен мәдениеті дамыған жаңа аудандар пайда болды.

Өнеркәсіптің өркендеуімен қатар облыста жұмысшы табының ұйымшыл отряды, тамаша өндіріс шеберлері өсіп жетілді. Облыс еңбекшілері Социалистік Еңбек Ерлері, экскаватор машинисі А. Шпак, Л. Петров, электровоз машинисі А. Политкин, әйгілі құрылысшы Н. Батыршин, бесжылдық озаттары: экскаваторшы П. Хохряков, Е. Антошкин, О. Гаврюшин, аға машинист Б. Демин және басқа жүздеген еңбек ардагерлерін мақтаным тұтады. Ұлы Октябрдің 50 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы жарыста озып шыққан өнеркәсіп пен құрылыстың, байланыс пен транспорттың мыңға тарта майталмандары СССР ордендерімен, медальдарымен наградталды. Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты мен Рудный комсомол ұйымы Еңбек Қызыл Ту орденіне ие болды.

Қостанай облысы туралы сөз еткенде оның ауыл шаруашылығында болған ғажайып өзгерістерге тоқталмай кетуге әсте болмайды. Совет өкіметі жылдарында елді индустрияландырудың, шаруалардың бытыранқы, ұсақ шаруашылықтарын коллективтендірудің арқасында Қостанай облысының да ауыл шаруашылық өндірісінің барлық саласы керемет құлпырып өзгерді. Әсіресе партия мен үкіметтің тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі дана саясатын жүзеге асыруға байланысты

Қостанай ауыл шаруашылығының даму тарихында ең жарқын беттер басталды. Облыс еңбекшілерінің, РСФСР мен басқа да туысқан республикалардан көмекке келген он мыңдаған патриоттардың қаһармандық күш-жігерімен қысқа мерзім ішінде бес миллион гектарға жуық тың және тыңайған жер игерілді. Оларда 1954 жылдың өзінде техникамен жақсы жарақталған жүзге жуық жаңа совхоз құрылды. Жаңа жерлер есебінен бұрынғы шаруашылықтар да егіс көлемін мықтап ұлғайтты. Қазір облыста кемеліне келіп қалыптасқан 218 совхоз, 3 ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы, 3 құс шаруашылығы, 9 мал бордақылайтын совхоз, 8 колхоз бар.

Жаңа жерлерді игеру, мемлекет тарапынан осы заманғы техниканың көп берілуі астық және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен мемлекетке өткізу көлемін шұғыл арттыруға мүмкіндік берді. Егер тың жер игерілгенге дейін (1949—1953 жылдарда) облыс бойынша астықтың жалпы түсімі 2 628 мың тонна, яғни жылына орта есеппен 526,6 мың тоннадан айналған болса, соңғы он үш жылда (1954—1966 жылдарда) 39 058,6 мың тонна, яғни жылына 3 004 мың тоннадан астық өндірілді. Ал орта есеппен жыл сайын дайындалған ауыл шаруашылық өнімінің мөлшері мынадай:

Дайындалған ауыл шаруашылық өнімінің мөлшері

Өнім түрі	1935—1940	1949—1953	1966—1968
Астық (мың т.)	181,7	250,7	3145
Ет (мың т.)	15,0	18,1	100,3
Сүт (мың т.)	20,6	43,0	247,4
Жұмыртқа (млн)	3,3	3,5	53,7
Жүн (тонна)	700	1130	3023

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен мемлекетке сатуды ұлғайтудағы үздік табыстары үшін 1966 жылы облысымыз Ленин орденімен наградталды, ал Ұлы Октябрьдің 50 жылдығы құрметіндегі социалистік жарыста КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советінің, СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС-тің Ескерткіш туын жеңіп алды. Ауыл шаруашылығының төрт мыңға жуық қызметкері ордендермен, медальдармен наградталып, 25 адамға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. «Федоровский» совхозы мен Қостанай астық өнімдері комбинаты Ленин орденіне, Қарабалық ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы мен Комсомол ауданының жастар ұйымы Еңбек Қызыл Ту орденіне ие болды.

Партияның XXIII съезінің, КПСС Орталық Комитетінің март (1965 ж.) одан кейінгі Пленумдарының тарихи шешімдерін орындай отырып, экономикалық тетіктер мен ішкі резервтерді ұқыпты пайдалану нәтижесінде, облыстың колхоздары мен совхоздары үстіміздегі бесжылдықта да айтарлықтай табыстарға жетті. Бесжылдықтың алғашқы үш жылы ішінде жоспардағы 11 362 мың тонна орнына 13 638 мың тонна астық өндірілді. Ал облыстың Комсомол, Федоров, Орджоникидзе, Қостанай, Жітіқара, Таран, Жанкелдин аудандары, 83 совхозы мен колхозы мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын, 1968 жылы толық және асыра орындап шықты. Назар аударарлық нәрсе — облыстың барлық шаруашылықтарында астық өндірісі негізінен дәлді дақылдардың шығымдылығын арттыру есебінен ұлғайтылды. Бесжылдықтың алғашқы үш жылы ішінде әр гектар егісін орташа түсімі одан бұрынғы бесжылдықпен салыстырғанда 4,2 центнер артты.

Қостанай дикандарының қажырлы еңбегіне КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1968 ж.) Пленумы жоғары баға берді. Пленумда Орталық Комитеттің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас өткен жылы мол астық үшін айқаста үздік шыққан облыстардың қатарында біздің об-

лысты да арнайы атап өтті. Қостанайлықтар мұндай құрметтің жүктер жауапкершілігін жақсы сезінеді және үстіміздегі жылы мемлекетке астық сатудың бесжылдық тапсырмасын абыроймен орындау үшін бұрынғыдан да қажырлы, табанды күрес жүргізетін болады.

Совхоз, колхоз еңбеккерлері астық өндіруді арттырумен бірге мал шаруашылығын өркендету саласында да жақсы нәтижелерге жетіп келеді. Мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрі бойынша жоспарлы тапсырма артығымен орындалды. 1965—1966 жылдардағымен салыстырғанда соңғы екі жылда мемлекетке 30 мың тонна ет, 58 мың тонна сүт, 34,5 миллион жұмыртқа, 1651 тонна жүн артық сатылды. Ірі қара мен қой саны едәуір көбейді.

Облыстың партия, совет, шаруашылық органдары, бастауыш партия ұйымдары, совхоз, колхоз басшылары мен мамандары экономикалық жұмысты жақсарту жөнінде көп нәрсе істеді. Соңғы үш жыл ұдайы облысымыздың совхоздары шаруашылық жылын пайдамен аяқтап келеді.

Совхоздардың рентабельділігін арттыруға оларды шаруашылық есепке көшіру пәрменді ықпал жасап отыр. Мысалы, 1967 жылы Федоров ауданының совхоздары түгелімен шаруашылық есепке көшкен еді. Содан бергі жұмыс тәжірибесі экономикалық тетіктерді дұрыс пайдаланудың тамаша нәтиже беретінін дәлелдеді. Өткен бір жылдың өзінде бұл ауданның шаруашылықтары 34,5 миллион сом пайда келтірді. Биылдан бастап облысымызда тағы 81 совхоз шаруашылық есепке көшкелі отыр.

Негізгі еңбек процестерін барған сайын толық механикаландыру— біздің бүгінгі ауыл шаруашылығымыздың басты ерекшеліктерінің бірі. Революцияға дейін атқа жегілетін екі тілді темір соқасы мен лобогрейкасы бар адам ең аukatты шаруа саналушы еді. Қазірде облыстың совхоздары мен колхоздарында 68,8 мың трактор, 20,6 мың комбайн, 17 мың жүк машинасы және басқа ондаған мың ауыл шаруашылық техникасы жұмыс істейді. Совхоздың әр жұмысшысына орта есеппен 35 аттын күшіне жуық энергетика-техника қуаты келеді. Бұл қазір біздің совхоздарымыз техникамен жарақтануы жағынан халық шаруашылығының машина жасау, транспорт сияқты жетекші салаларынан кем түспейді деген сөз.

КПСС Орталық Комитетінің экономикалық ынталандыру саясатын дәйекті жүргізуі нәтижесінде соңғы жылдары жұмысшылар мен қызметшілердің, колхозшылардың еңбек ақысы едәуір өсіп, материалдық жағдайы мықтап жақсарды. Мысалы, 1963 жылы біздің облыстың совхоздарындағы тракторшы-комбайншының орташа айлығы 78 сомнан айналған болса, 1968 жылы екі еседей өсіп, 144 сомға жетті. Бұл да өнеркәсіптің қай саласымен болсын ұялмай салыстыруға болатын көрсеткіш. 1966—1967 жылдардың өзінде ауыл шаруашылығының қызметкерлері негізгі жалақысынан тыс қосымша ақы, сыйлық және басқа ынталандыру шаралары түрінде 64,9 миллион сом кіріс алды.

Совет өкіметі жылдарында ауыл шаруашылық өндірісінің қарыштап өркендеуімен бірге оны игеруші адамдардың да бейнесі танымастай өзгерді, жанарды. Облыстың совхоздары мен колхоздарында өсіп шыныққан тамаша өндіріс ұйымдастырушыларын — совхоз директорлары мен мамандарын, бөлімше басқарушыларын, бригадирлер мен ферма меңгерушілерін, мындаған механизаторлар мен малшыларды біз орынды мақтанш етеміз. Олар егіншілік мәдениетін көтеру, дәнді-дақылдардың шығымдылығы мен қоғамдық малдың өнімділігін арттыру мәселелерін шын мәнісінде творчестволықпен шешудің өнегелерін көрсетіп келеді. Бір кездері жер ағаштан өзге техниканы білмейтін, агрономия мен зоотехния деген ұғымдардан мүлдем бейхабар Қостанай өңірінде қазір 45 мың механизатор, 4 мыңнан астам орта білімді, 666 жоғары білімді маман еңбек етіп жүр. Ауыл шаруашылық өндірісінің басшы кадрлар құрамы да жылдан жылға жақсаруда. Барлық совхоз директорлары мен

колхоз председателдерінің 48 проценті — жоғары білімді ауыл шаруашылық мамандары.

Біздің елімізде жүзеге асырылған ізгіліктердің бәрі де ең алдымен адамдар үшін істеледі. Халық игілігі, халық бақыты — Коммунистік партия мен Совет үкіметінің бүкіл практикалық қызметінің басты мазмұны, социалистік құрылыстың бұлжымас заңы. Мұның жарқын мысалын да біздің облыс еңбекшілерінің тұрмысы мен мәдени өмірінде болған ұшан-теңіз өзгерістерден айқын көруге болады.

Мәселен, 1914 жылы бүкіл облыс жерінде 246 мұғалімі, 8248 оқушысы бар 153 мектеп болған екен. Олардың өзінде де негізінен көпестердің, байлардың, кулактардың, бірлі-жарым ауқатты шаруалардың балалары оқыған. Ал қазір облыстағы 1068 мектепте 12 мыңға жуық мұғалім жұмыс істейді, 219 525 бала оқиды. Үш жоғары, 15 арнаулы орта дәрежелі оқу орындарында 23 мың студент осы заманғы ғылым мен білімді меңгеруде. 31 кәсіптік-техникалық училищеде 12 510 жас өспірім алуан түрлі мамандық алууда.

Ұлы Октябрьге дейін біздің облыста мәдениет ошағы жоқтың қасы еді. 1916 жылы Қостанай қаласында жалғыз кітапхана жұмыс істепті. Оның да сөрелерінде «Әулие-әнбиелердің өмір жайларынан» өзге жібі түзу кітап табылмайтын. Сондай-ақ бүкіл қалада бір театр, бір клуб болған. 1968 жылы облыста 5 миллион кітап қоры бар 1015 кітапхана, 473 мәдениет үйі мен клуб, 32 кинотеатр, облыстық драма театры мен филармония, музей, 1027 кинокондырғы жұмыс істеді. Облыс халқы 1 миллион 97 мың дана газет, журнал жаздырып алады, 105 мың семья өз үйлерінде телевизор көреді, 100 мыңнан астам радио нүктесі бар, оның 60 мыңы — селолық жерлерде. Ал радио қабылдағышы жоқ үйді іздеп табуыңыз қиын.

Еңбекшілердің денсаулығын сақтау саласында да мақтануға тұрарлық өзгерістер жасалды. Егер 1913 жылы бүкіл облыста 7 дәрігері бар 3 аурухана жұмыс істеген болса, қазір 173 аурухана, 580 фельдшерлік және дәрігерлік пункт жұмыс істейді. Олардағы 1080 дәрігер мен 5 673 орта дәрежелі медицина мамандары еңбекшілер денсаулығын қырағы күзетуде. Сондай-ақ халыққа тұрмыстық қызмет көрсету, мемлекеттік және кооперативтік сауда көлемі де үздіксіз ұлғайып келеді. Жаксы жабдықталған 22 тұрмыс комбинаты, 539 тұрақты мастерской облыс еңбекшілерінің тұрмыстық қажеттерін өтеуде. Бөлшек сауда товар айналымы 1953 жылғы 16,5 миллион сомнан 1968 жылы 461,5 миллион сомға жетті. Облыс еңбекшілері осы заманғы тұрмыстық және мәдени игіліктердің барлық түрімен емін-еркін пайдалануда.

Халық шаруашылығының барлық саласын өркендету, еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін көтеру саласындағы табыстардың өз-өзінен келмегені әбден түсінікті. Мұның бәрі — Лениң идеяларын бұлжытпай жүзеге асырған Коммунистік партия мен Совет үкіметінің қисапсыз қамқорлығының, облыс еңбекшілерін жасампаз, ерлік істерге жұмылдыра білген партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдары мен шаруашылық органдарының орасан зор ұйымдастыру жұмысының жемісі.

Облыс экономикасы мен мәдениетінің өркендеуіне лайық партия ұйымы да үздіксіз өсіп, нығайып келеді. Қазір облыс партия ұйымының құрамында үш қалалық, 17 аудандық партия комитеті бар. Олар 37 933 коммунисті қамтитын 1 150 бастауыш партия ұйымын біріктіріп отыр. Әрбір бастауыш ұйымда орта есеппен 33 коммунист, ал әрбір колхозда 44, совхозда 68 коммунист есепте тұрады. Партия ұйымдары өз қатарын жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның ең саналы, белсенді өкілдерімен толықтыра отырып, еңбекші коллективтерін бесжылдық жоспарды мерзімнен бұрын орындау жолындағы күреске ойдағыдай жұмылдырып отыр.

Қостанай облысы — революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлеріне бай өлке. Әсіресе оның соңғы жарты ғасырдан астам уақытта бергі шежіресінің әрбір беті халық қаһармандығының, еңбекшілердің жасампаз творчествосының куәсі болған көрнекті оқиғаларға, ғажап істерге толы. Совет өкіметін орнату және нығайту жолындағы күрестің ұмытылмас күндерінде Қостанай мен Торғай уезінің еңбекші халқы өз ортасынан қаһарман күрескерлердің тамаша тұлғаларын өсіріп шығарды. Мәселен, Лениннен мандат алып, Торғай облысының әскери комиссары болған, 1915 жылдан партия мүшесі Әліби Жанкелдиннің, ерлігі аңызға айналған халық батыры Аманкелді Имановтың, ел бақыты үшін егескен Омар Досжановтың, Михаил Летуновтың, Лаврентий Таранның және басқа көптеген ардагер азаматтардың аяулы есімдерін бүкіл халқымыз қасиет тұтады.

Облыс еңбекшілері совет халқының неміс фашизміне қарсы күрес шежіресіне де жарқын беттер жазды. Ұлы Отан соғысы майдандарындағы өшпес ерліктері үшін қостанайлық 26 тұлғалар Совет Одағының Батыры атағы берілді, ал Иван Павлов пен Леонид Беда бұл құрметті атаққа екі реттен ие болды.

Қостанайлықтардың бүгінгі ұрпағы туған елінің бақыты мен жарқын келешегі үшін арпалысқан күрескерлердің төгілген қаны мен сіңірген еңбегі текке кеткен жоқ деп мақтанышпен мәлімдей алады. Олардың ең ізгі армандары мен мақсаттары совет адамдарының бүгінгі істерінде өмір сүріп, жалғасын тауып отыр. Ұлан-байтақ Отанымыздың барлық облыстарындағы сияқты Қостанай өңірінде де туысқан ұлттардың бостандығы мен теңдігі, ынтымағы мен достығы салтанат құрды. Сол достықтың күдіретті күшімен облысымыз экономикасы мен мәдениеті гүлденген берекелі, бақытты өлкеге айналды. Облыс еңбеккерлері прогресс жолымен алып адым жасады. Біздің жарты ғасырлық тарихи дамуымыздың басты қорытындысы міне осы.

Жастық пен бақыт қаласы деп өте орынды аталып жүрген Рудныйды бүкіл Қазақстанның мақтаныш тұтатыны баршаға аян. Бұл тамаша қаланың 100 мыңнан астам халқы 51 ұлттың өкілдерінен құралған. Бізде өндірістің кез келген саласында, кейде тіпті бір цехта, бір бригадала ойнап-күліп, біріне бірі көмектесіп, бірінің табысына екіншісі шын қуанып, тату-тәтті ынтымақты еңбек етіп жүрген орыс пен қазақты, украин мен немісті, татар мен азербайжанды, тағы басқа алуан түрлі ұлт өкілдерін көресіз. Күнделікті өмірімізде үйреншікті болып кеткендіктен біз бұған ешбір танырқамаймыз. Ал егер тереңірек үніліп, ойлана көз жіберсек, осы бір ғана фактіден-ақ советтік құрылыстың ең ұлы жеңістерінің бірін — лениндік ұлт саясатының, социалистік интернационализм принциптерінің салтанатын айқын көруге болады.

Бұл күндері облысымыз үлкен өрлеу үстінде тұр. Коммунистік партияның төңірегіне тығыз топтасқан Ленин орденді Қостанай облысының еңбекшілері коммунистік құрылыстың жана асуларына қарай сеніммен алға басуда. Олар В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын және Қазақ ССР-інің 50 жылдығын ең лайықты еңбек табыстарымен қарсы алуға құлшынып отыр. «Бесжылдықты мерзімінен бұрын орындайық!» деген ұран қостанайлықтарды жана патриоттық істерге жігерлендіруде.

Лениндік мәдени революцияның шарапаты

Т. ЖАНКЕЛДИН,

философия ғылымының кандидаты

Ұлы Октябрь социалистік революциясының тарихи жеңісінен кейін, Совет мемлекетінің басшысы ретінде қыруар жұмыс атқара жүріп, В. И. Ленин жаңа мәдениеттің дамуына, оған қалың бұқараны тікелей араластыруға ерекше маңыз берді. Кеменгер көсемнің терең ойлы нұсқаулары мен даналық ақылдары шын мәнісіндегі жаңа, шын мәнісіндегі халықтық социалистік мәдениеттің даму бағытын, оның мазмұнын айқындап берді.

В. И. Ленин мәдениет мәселелерін, мәдени революцияны социализмнің жеңіп шығуына қажетті шешуші жағдайлардың бірі ретінде қарады. Дамудың социалистік жолына түскен әрбір ел үшін мәдени революцияның қаншалықты керекті шарт екенін Советтердің Бүкіл россиялық III съезінде В. И. Лениннің сөйлеген сөзінен айқын көруге болады. Бұл съезд 1918 жылдың январь айында (яғни пролетариат диктатурасы орнаған соң үш айдан кейін) өткені мәлім. Онда В. И. Ленин былай деді: «Бұдан бұрын бүкіл адамзаттың ақылы, оның бүкіл даналығы техника мен мәдениеттің барлық жақсылығын тек біреулерге беріп, басқаларды ең қажетті нәрседен — ағарту ісі мен дамудан мақұрым қалдыру үшін жұмсалатын еді. Ал енді техниканың барлық кереметтері, мәдениеттің барлық табыстары жалпы халық игілігіне айналады, сөйтіп бұдан былай адамзаттың ақылы мен даналығы ешуақытта да зорлық құралына, қанау құралына айналмайтын болады» (Шығармалар, 26-том, 480-бет).

В. И. Лениннің осы сөздерімен мәдени революцияның программасы бүкіл халыққа жария етілді. Көсемнің данышпандық нұсқауларын басшылыққа алған Коммунистік партия жаңа озық мәдениет жасауға еліміздің еңбекшілерін жұмылдыра білді. Жаңа социалистік мәдениеттің негізгі сипаттары: оның коммунистік идеялығы, советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында болуы, миллиондардың мақсаты мен мүддесіне, арманы мен тілегіне сай келуі. Ол мәдениеттің түрі ұлттық, мазмұны социалистік болуы керек екенін партия әрдайым ескертіп отырды.

Коммунистік партияның басшылығы мен күнделікті қамқорлығының арқасында жүзеге асырылатын негізгі мәселелер мыналар еді: 1) барлық еңбекшілерді мемлекет, шаруашылық және қоғамдық өмірге қызу араластыруға көмектесу; әрбір еңбек адамының ел басқару ісіне белсене қатысуына мүмкіндік туғызу; 2) қоғамның барлық рухани тіршілігінде социалистік идеологияның салтанат құруын қамтамасыз ету; марксизм-ленинизм идеологиясын күллі еңбекші халықтың идеологиясына айналдыруға күш салу; 3) рухани байлықтың бәрін еңбекші халықтың игілігіне айналдыру; 4) барлық еңбекшілердің жаңа қоғам орнату ісіне белсене араласуы үшін оларды жаппай білім алуға бастау; 5) жаңа қоғам құрылысына жан-тәнімен беріле қызмет ететін, қалың бұқара арасынан шыққан жаңа социалистік интеллигенцияны тәрбиелеу; 6) социалистік әдебиет пен өнердің, білім мен ғылымның негізін қалап, ілгері дамыта беру; 7) еңбекші халықты дінні көзқарастың тұманынан құтқару.

Социалистік мәдени революцияның барысында шешілетін осындай орасан маңызды мәселелерді іске асыруда толып жатқан қиыншылықтар да кездесті. Тап жаулары барынша қарсыласып бақты. Қазақстан мен Орта Азиядағы жағдайды алатын болсақ, мұнда буржуазияшыл ұлтшылдар лениндік партия мен Совет үкіметінің осы бағыттағы қыруар шараларының бәріне жасырын да, ашық та кедергі жасаумен болды. Олардың кейбірі үлкен істерді сөз жүзінде мақұлдап, ал іс жүзінде өздерінің жат пиғылдарын жандандырумен жүрді.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында өздерінің жат пікірлерін дәріптеп, таратуда буржуазияшыл ұлтшылдар Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінің мешеулігін пайдалануға тырысты, кей жағдайда пайдаланып та жүрді. Халықтың жаппай сауатсыздығы, дін ықпалының күшті болуы, руға бөлуге негізделген қарым-қатынастың үстемдігі, ескі әдет-ғұрып пен салт-сананың кең орын алуы — міне осының бәрі қанаушы таптарға, буржуазияшыл ұлтшылдарға біраз тірек болды.

Буржуазияшыл ұлтшылдар «Мәдени революция — социалистік құрылыстың болашақта қол жететін табыстарына қажетті шешуші жағдайлардың бірі» деген партиялық қағиданы Қазақстан жағдайына қолдануға болмайды, ол мүмкін емес деп даурықты. Өздерінің жазған мақалаларында, сөйлеген сөздерінде олар көшпелі өмірге, «ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетке» өзгеріс енгізудің қажеті жоқ, ол тіпті «зиянды» цивилизация, көшпелі халыққа жат ұғым, ол «мәдениеттегі ұлттық дәстүрді бүлдіреді» деуге дейін барды.

Мәдени революцияның барысында шешілетін үлкен істерге қарсы шыға отырып, буржуазияшыл ұлтшылдар патриархтық-феодалдық тұрмысты дәріптеді; халықтың жаңа жолмен тез алға жылжуына кедергі, аяғына тұсау болатын, дәурені өткен ескі әдет-ғұрыптарды, діни көзқарасты уағыздады. Олардың кейбір ақын-жазушылары тарих сахнасынан ығыстырыла бастаған ауылдағы қанаушы таптың мүддесін көкседі; жаңа өмірдің лебінен безініп, бұлдыр дүниені, халыққа жат дүниені кертартпалық сарынмен жырлады. Осының бәрін олар қазақ еңбекшілеріне жаңа ашығандықтан жасаған жоқ. Керісінше, бұл — еңбекшілердің таптық сана-сезімінің оянуына кедергі келтіру үшін жасалған әрекет. Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің жаңа арнамен дамуына қарсылық көрсету жолы еді.

Мәдени революцияның лениндік идеясын ойдағыдай жүзеге асыру үшін осы сияқты кедергілердің бәрін жеңу керек болды. Ең алдымен жаппай сауатсыз халықты оқыту ісі жедел қолға алынды. Әрине, бұл бір айдың немесе бірнеше жылдың ғана жұмысы емес еді. Халықтың сауатсыздығын жоюда партия В. И. Лениннің сауатсыз адам саясаттан тыс тұрады, сондықтан алдымен еңбекшілердің сауатын ашу керек деген тұжырымын басшылыққа алды.

Толып жатқан қиыншылықтарға қарамастан партия жүргізген пәрменді шаралардың нәтижесінде 1921—1922 оқу жылында республика бойынша үш мың адам хат таныды, ал 1922—1923 оқу жылында 4 148 адам сауатын ашты. Сол кездің дәрежесімен қарағанда бұл жап-жақсы жетістік еді. Алайда 1921 жылдан 1927 жылға дейін көп жұмыс жүргізілгенімен, ауыл шаруашылығын коллективтендірудің алдында республикадағы сауаттылардың саны он процентке әрең жетті.

ВКП(б) Орталық Комитетінің 1929 жылдың 10 майында қабылдаған белгілі қаулысынан кейін («Сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыс туралы») еңбекшілердің сауатын ашуда едәуір табысқа қол жетті. 1936 жылы кейбір аудандар мен қалаларда сауатсыздық мүлдем жойылды. Ал 1939 жылы республика халқының 76,3 проценті хат таныды. Ұлы Отан соғысының алдында Қазақстан жаппай сауатты республикаға айналды. Сөйтіп бір кезде жүзден екеуі ғана шала-пула хат танитын халық Лениннің өсиетін бұлжытпай жүзеге асыру нәтижесінде тарихи қысқа мерзімде ғылым-білім өріне қадам басты.

Сауатсыздықты жою мәселесін шұғыл қолға алумен қатар Коммунистік партия мен Совет үкіметі мектеп жасындағы балалар үшін мектептер ашу, балаларды жаппай оқыту, мұғалімдер даярлау міндеттеріне ұдайы көңіл бөліп, қамқорлық жасап отырды.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында халыққа білім беру саласында кездескен қиыншылықтың бірі — мұғалімдердің, оқыған адамдардың жетіспеуі. Сондықтан халықтың сауатын ашу, мәдениетін жедел көтеру сияқты міндеттерді орындау үшін ең алдымен ескі мектептің оқытушыларын пайдалану керек болды. Олардың бірқатары шын ниетімен еңбек етті; жаңа мәдениет жасауға, оған қажетті кадрлар даярлауға белсене ат салысты. Дегенмен ескі мектеп оқытушыларының белгілі бір бөлегі халыққа білім беруді жаңаша ұйымдастыруға қарсы тұрды; «мектеп саясаттан тысқары болсын», «мектепті дін орындарынан бөлмеу керек» деген тап жауларының зиянды ұрандарын қайталаумен жүрді.

Ол жылдары кездескен екінші бір қиыншылық — мектептерге арналған оқулықтардың идеялық дәрежесінің төмен болуы. Алғашқы уақытта халық ағарту орындарының басында, оқулық авторлары ретінде бірқатар жат пиғылдағы адамдар, талқандалған «Алаш» партиясының идеологтары отырған еді. Олар бұл салада да өздерінің жаңа құрылысқа, жаңа мектеп ісіне қарсылығын көрсетпей қойған жоқ. Сонымен қатар буржуазияшыл ұлтшылдар термин мәселесінде, латын емлесіне көшу кезеңінде де өздерінің жат әрекеттерін сездіріп отырды, қалыптасып кеткен халықаралық терминдердің өзін қазақшаға аударып жүрді, осының салдарынан көптеген сөздердің мағынасы теріс ұғым беретін болды. Әрине, бұл ана тіліне жан ашу емес, қайта оның байи түсуіне, дамуына кедергі жасау еді.

Лениндік Орталық Комитеттің басшылығымен Қазақстан партия ұйымы тап жауларының, буржуазияшыл ұлтшылдардың халыққа білім беру саласындағы қастандық әрекеттеріне дер кезінде тойтарыс бере білді; жаңа мектептердің саны, ондағы балалардың саны жыл санап өсетүсті; мектептерді мұғалімдермен толықтыру мәселесі күн тәртібінен түспеді.

Октябрь революциясына дейін жоғары оқу орны халқымыздың түсіне де кірмеген болса, 1928 жылы Қазақстанда тұңғыш жоғары оқу орны ашылды; содан былай олардың саны көбейе берді. Қазіргі кезде республиканың 43 жоғары оқу орнына, 179 арнаулы орта оқу орнына жылына жүз мыңнан астам адам қабылданады. Бүгінгі Қазақстан — көркейе түскен ғылымның, мыңдап саналатын ғалымдардың елі. Тарихи аз уақыттың ішінде білім мен ғылым саласында қол жеткен осындай жетістіктердің бәрі лениндік ұлт саясатының тамаша жемісі.

Жері шалғай, қонысы мен жайлауы бір-бірінен жырақ жатқан көшпелі елдің арасында мәдени-ағарту жұмысын жүргізуде сол кездегі «Қызыл отау», қызыл керуен, оқу-ағарту үйі сияқты мәдениет мекемелерінің ролі зор болды. Бұлар қараңғы халықтың арасында партияның лениндік саясатын насихаттауда, мәдениет пен білім ұрығын егуде, ескі, кертартпа әдет-ғұрып пен салт-санаға қарсы күрес жүргізуде ойдағыдай қызмет атқарды. Ауыл шаруашылығы толық коллективтендіріліп, көшпелі халық жаппай отырықшыланғанға дейін жаңа мәдениетті насихаттаушы бұл орындардың жұмысы бәсеңдеген жоқ. Бұдан кейінгі дәуірде жаңа мәдени мекемелер (клубтар, кітапханалар, кино залдары т. б.) жыл санап көбейе берді.

Октябрь революциясы әкелген ұлы өзгерістер, дәуірдің рухы мен ұрандары Совет өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап бұрын езілу мен қанаудан көз ашпаған еңбекші бұқараның сана-сезімін оята бастады. Бұл кезеңде идеология құралдарының ең маңыздысының бірі, мәдениет майданының алдыңғы шебінен орын алатын көркем әдебиет өзінің қоғамдық ролін атқаруға кірісеті. Ол шын мәнісіндегі халықтық, шын

мәнісіндегі партиялық әдебиет болып калыптасу жолына түсті; лениндік революциялық идеядан шабыт алған ақын, жазушылар жаңа өмір шындығын жан-тәнімен, бар ынта-ықыласымен жырлауға бет бұрды; еңбекші халықтың ой-арманын, тілек-максатын, талап-талғамын көрсетуге ұмтылды.

Әрине, ақын-жазушылардың бәрі бірден (алғашқы кезде олар сан жағынан аз болған еді) тура жолмен кетті, жаңа өмірдің қыруар өзгерістерін қолма-қол түсіне қойды десек, қателескен болар елік. Көркем әдебиет қайраткерлерінің ішінде революцияның жеңісі мен жемісін алғашқы күннен-ақ қаламымен де, қаруымен де қорғағандар бар еді. Сонымен бірге творчествосында негізінен реалистік бағытта болған кейбір ақын, жазушылар жаңа әдебиетшілердің қатарына біраз ауытқып жүріп, кейде тіпті идеялық жағынан шалыс басып барып келді. Тіпті, дұрыс ниетте болған ақын, жазушылардың өзі де бірлі-жарым еңбектерінде идеялық қателер жіберіп жүрді. Оның бер жағында бұрын «Алаш» туының астына жиналамыз» деп сарнаған байшыл, ұлтшыл ақын-жазушылар әдебиеттегі символизмді дәріптеді, социалистік реализм әдісіне қарсы күресті. Алғашқы кезде мұның да зиянды әсері тимей қойған жоқ. Дегенмен бірте-бірте аға жазушылардың қатарына жастар қосылып, қазақ совет әдебиеті барған сайын нығая берді, марқая берді.

Отызыншы жылдардың бас кезіне дейін кейбір зерттеушілер Октябрь революциясына дейін буржуазияшыл, ұлтшыл интеллигенцияның өкілдері объективті түрде революциялық роль атқарды десіп жүрді. Сондықтан олардың ойынша, ұлтшыл «Алаш» партиясының басшылары да (Байтұрсынов, Дулатов, Аймауытов, Жұмабаев) кезінде революциялық роль атқарған болып шығады. Тіпті олардың жазғандарының бәрін пайдалану керек дегенді айтушылар да кездесті, бұлардың кейбіріні Абаймен қатар қойғандар да болды. «Өлеңнің түрін, сұлулығын осылардың кейбіреуінен үйрену керек» дегендер де табылды. Мазмұннан айрылған түрдің қандай болатынымен ондай зерттеушілердің ісі де болған жоқ.

Ұлтшыл жазушылардың төңірегіндегі мұндай лақаптардың шындықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын еді. Өйткені олар революцияға дейін де, революция кезінде де, одан кейін де қазақ халқының, қазақ еңбекшілерінің мұң-мұқтажын көздеген емес. Олардың көксегені — ескі заман; жырлағаны — ескі ауылдың өмірі, жақтағаны — байлардың, қанаушы таптың мүддесі. Мысалы, бүкіл қазақ даласын дүр сілкіндірген, халықтың рухани дүниесіне үлкен қозғау салған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде олар патша үкіметінің өкілдерімен бірге көтерісшілерге қарсы аяусыз күрес жүргізді; көтерілісті жыртқыштықпен басуға көмектесті. Қазақ халқына бостандық, теңдік әперген Октябрь революциясының жеңісін ішкі және сыртқы жаулардан қорғау қажет болған кезде олар Совет өкіметінің дұшпандарымен ауыз жаласты, солардың сойылын соқты. Азамат соғысы аяқталған соң, өздеріне жаңа дәуірде қызмет етуге мүмкіндік берілген кездің өзінде де олар адал ниетке түсуден бас тартты, өздерінің совет құрылысына, халыққа жат әрекеттерін тоқтатпады. Ендеше олардың жазғандарын дәріптеудің ешбір қажеті жоқ еді.

Ал Коммунистік партия мәдени мұраға, әдеби мұраға ешуақытта қарсы болған емес. Бірақ мәселе қандай мұраны, қалай пайдалануда. Социалистік мәдениеттің калыптасуында ескі қоғамнан қалған мәдени мұраның үлкен орын алатынын, жаңа мәдениеттің жоқтан пайда болмайтынын В. И. Ленин әр кезде ескертіп отырды; жаңа мәдениеттің бұрын-соңды болған мәдениет жетістіктерінен оқшау тұрмайтынын көрсетті.

В. И. Ленин әр мәдениетте екі мәдениет бар екенін айтып, соның үстем тапқа қызмет ететін реакциялық жағын алып тастап, демократиялық жағын пайдалану керек деп үйретті. «Әрбір ұлттық мәдениетте екі

түрлі ұлттық мәдениет бар. Пуришкевичтердің, Гучковтардың және Струвелердің великорустық мәдениеті бар, — ал мұнымен қатар Чернышевскийдің, Плехановтың аттарымен сипатталатын великорустық мәдениет те бар» деп жазды В. И. Ленин (Шығармалар, 20-том, 18-бет).

Коммунистік партия ескі мұра жөніндегі лениндік бұл өсиетті әрқашан басшылыққа алып отырды. Халықты реакцияшыл буржуазия идеологиясынан, еңбекшілердің мүддесіне жат, мақсатына қайшы, тілекталабына сай келмейтіннің бәрінен сақтандыра келіп, партия реакциялық мәдениетке төзімділікпен қараушыларға да қарсы, ескі мәдениетті түгел жоққа шығаруға тырысқан нигилистік көзқарастарға да қарсы күрес жүргізді.

Коммунистік партияның басшылығымен жүргізілген дәйекті шаралардың нәтижесінде біздің елімізде көптеген ескі мұраның тамаша үлгілері жаңа адамға эстетикалық тәрбие беруге зор көмегін тигізді, тигізіп те келеді.

Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу кезеңінде де, одан кейін де өткен заманның озық дәстүрлері творчестволық жолмен игеріліп келді, игеріліп те отыр. Ал ұлтшыл жазушылардың өткенді көксейтін, сарыуайым, торығу сарынындағы, күйректік шығармаларының халық ісіне, халық мүддесіне ешбір пайдасы болған емес, болмайды да.

Ал енді үлкен айтыс туғызған — Қазақстанда пролетариат жазушысы болды ма — деген мәселеге келетін болсақ, кезінде бұған түрліше жауап беріліп жүрді.

Қазақстанда пролетариат жазушысы әлі жоқ деушілер жұмысшы табы аз елде пролетариат жазушысы болуы мүмкін емес деген дәлелді келтірді. Шынында мұндай метафизикалық көзқарас дұрыс емес еді. Рас, ол кезде Қазақстан жерінде жұмысшылардың саны аз болды, әсіресе қазақ жұмысшыларының саны аз еді. Бірақ бұдан сол кезде пролетариат жазушысы болмады деу — өмірді таяз түсінудің салдары. Өйткені революцияға дейін де Қазақстан Россияның құрамында болды. Сондықтан оны бөліп алып қарау жөн емес еді.

Революция дәуірі көркем сөз қайраткерлерінің саяси бағытын, таптық көзқарасын анықтап берді. Сондықтан олар жаңа леп, жаңа ырғақ іздеді, жаңа өмірді жырлады, пролетариат диктатурасы дәуірін творчествосына негізгі арқау етті; ұлы Лениннің образын жасауға, лениндік партияның тамаша іс-әрекетін көрсетуге күш-жігерін аямай жұмсады. Ал осының бәрі қазақ жазушыларының ішінде алғашқы кезден бастап пролетариат бағытындағылардың болғанын дәлелдейді. Бастапқы кезде буыны катып, бұғанасы бекімеген жас қазақ совет әдебиеті бірте-бірте құлашын кең жая түсті, мазмұн жағынан да, түр жағынан да шыңдала берді. Жас әдебиеттің өсіп-өркендеуіне орыс әдебиетінің тигізген игі әсері көп.

Совет өкіметі жылдарында республика еңбекшілерінің өнер саласында да қол жеткен табыстары қыруар. Бұрын профессионалдык өнері болмаған халыққа бірден ол жолға түсу оңай болған жоқ; оны жасауға толып жатқан қиыншылықтар кездесті. Ең бастысы бұрын азды-көпті қалыптасқан іздің болмауы; екіншіден, бұл салада профессионалдык білімі бар кадрлардың болмауы; тағы бір қиыншылық — халыққа түсінікті, еңбекшілерді тарта алатын репертуар қорының жоқтығы. Жаңа социалистік өнерді жасау үшін осы қиыншылықтың бәрін жеңу керек болды.

Ең алдымен қазақ халқының ғасырдан ғасырға жетіп, ұрпақтан ұрпақ қабылдаған ән-күй қазынасын жинастыру керек еді. Бұл жөнінде де Қазақстан партия ұйымы мәдени мұраның жақсы жағын сын көзімен сұрыптап пайдалану керек деген В. И. Лениннің өсиетін ұдайы басшылыққа алып отырды. Ендігі бір жүргізілген үлкен жұмыс — жер-жердегі өнер үйірмелерінің жұмысын жандандыру, жаңа өмірді суреттейтін, еңбекші халықтың талап-тілегіне сай пьесалар жазу.

Алғашқы жылдары жүргізілген осындай жұмыстардың бәрі алдағы уақытта қазақтың профессионалдык театрын құруға әзірлік еді. Бүгінгі гүлденген қазақ өнерінің қара шаңырағы — Қазақтың академиялық драма театры өзінің шымылдығын 1926 жылы Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашты. Кейін қазақ совет өнерінің ардагерлері атанып, халық құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленген Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Әміре Қашаубаев жана театрдың алғашқы қарлығаштары еді. Кешікпей бұлардың қатарына Қанабек Байсейітов, қазақ халқының бұлбұлы атанған Күләш, өнер жұлдызының бірі Шара, дарынды Шәкен Айманов, тағы басқалары қосылды. Театрдың сахнасында бұрынғы эпос, хиссалардың негізінде жазылған пьесалармен қатар жана заманды бейнелейтін, жана адамның жан-дүниесін, еңбегі мен өсу жолын суреттейтін пьесалардың саны барған сайын көбейе түсті.

Қазақтың ұлттық театрының үлкен бір жетістігі — орыстың және дүние жүзілік классиканың озық туындыларымен ұлт еңбекшілерін таныстыруы. Революцияға дейін халқымыз данышпан Абайдың аудармасы мен өлеңдері арқылы Пушкин мен Лермонтовтың, Крылов пен Толстойдың есімдерімен таныс болса, жана заманда театр сахнасынан Шекспир мен Гогольдің және басқа данышпан жазушылардың туындыларын көрді. Мұның өзі еңбекшілерді интернационализм рухында, халықтар достығы рухында тәрбиелеуде үлкен роль атқарды, атқарып та отыр.

Бір кезде негізін калаудың өзі оңайға түспеген қазақтың профессионалдык өнері қазір көп салалы, көп арналы өнерге айналды. Бір кезде опера деген сөз лексиконында жоқ халықтың бүгін өз опера театры бар. Онда халқымыздың дарынды композиторлары Ахмет Жұбанов, Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский операларымен қатар орыстың және дүние жүзілік классиканың озық туындылары ұдайы қойылып келеді. Революцияға дейін дүние жүзілік мәдениеттен оқшау тұрған халық бүгін Глинка мен Чайковскийдің, Верди мен Пуччинидің музыкасын құмарта тыңдайды. Ғасырлар бойы халқымыздың ой-арманы, мұң-мұқтажы екі шекті домбыраның үнімен ғана бейнеленсе, бүгін Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің даңқы дүние жүзіне кетті. Жана заманда домбыра да өзінің мүмкіндігін кеңейте түсті. Домбыра арқылы Чайковскийдің, Глинканың, Моцарттың классикалық туындылары орындалады.

Қазір республикамызда қазақ театрларымен қатар орыс, ұйғыр, корей театрлары жұмыс істейді. Филармония, концерт бюроларының жұмысы республика еңбекшілеріне әбден таныс. Кино өнері де құлашын кең жайып келеді; телевизор көрушілердің саны жылма-жыл арта түсуде. Газет-журналдар, радио әрбір еңбек адамының үйінде. Міне бүгінгі Қазақстанның өнері осындай биік белеске көтерілді.

Келесі жылы В. И. Лениннің туғанына жүз жыл толуын және гүлденген республикамыздың 50 жылдығын тойлағалы отырған Қазақстан еңбекшілері экономика мен мәдениет саласындағы өздерінің жетістіктерін данышпан көсемнің ұлы идеяларының нәтижесі екенін, Коммунистік партияның күнделікті қамқорлығының жемісі екенін жақсы түсінеді. Соны түсіне отырып, жарқын болашаққа зор сеніммен қарайды. Сол сенім еңбекшілерді ерлік істерге жұмылдыра береді.

В. И. ЛЕНИН ӨМІРБАЯНЫНЫҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

СИБИРЬ АЙДАУЫНДА ЖҮРГЕНДЕ

Лениннің үш жыл Шығыс Сибирьге жер аударылатыны туралы үкім Ленинге 1897 жылы 13 февральда жарияланды. Революциялық жұмысы үшін патшалық өкімет орындары Ленинге осындай жаза қолданды.

1897 жылғы май айында Ленин өзінің айдауда болатын жері болып белгіленген Енисей губерниясының Минусинск округындағы Шушенск селосына келді. Ол кезде бұл темір жолдан жүздеген шақырым шалғай жатқан Сибирьдің бір меніреу селосы еді.

Айдауда Ленинге өте қиын болды. Айдаудың алғашқы кезінде мен Европалық Россия мен Европа карталарын тіпті қолға да алмауды ұйғардым, — деп жазды ол апасына жолдаған бір хатында, — себебі кейде бұл карталарды жайып салып, оның бетіндегі әртүрлі қара нүктелерді көргенде ішім удай ашып кетеді. Бірақ тікелей революциялық жұмыстан қол үзсе де, ол мойымады, жігерлі, жайдары болды, жұмысты қажымай-талмай көп істеді. Сибирь деревнясының тұрмысын, шаруалардың күйін мұқият зерттеумен болды. Төңіректегі халық Владимир Ильичті қатты қадірледі, жұрт одан жиі көмек сұрап отыратын. Бір жолы Ленин алтын кендерінің бір жұмысшысының алтын кәсіп иесіне қарсы сот арқылы қозғаған ісінің жеңіп шығуына көмектесті. Осыдан кейін шаруалар өзінің басқа түскен істерін айтып, көмек іздеп оған жиі келіп тұратын болды. «...Сибирьде айдауда жүрген кезімде адвокат болуыма тура келді, — деп Владимир Ильич жиырма бес жыл өткеннен кейін сол кездегілерін еске түсіреді. — Болғанда астыртын адвокат болдым, өйткені әкімшілік жолмен айдалған адам болғандықтан, мұндай іске бізге рұқсат етілмейтін, бірақ басқа ешкім болмағандықтан, жұрт мені табатын да, ол-пұл істерін баяндайтын». Ленин байлар мен жергілікті әкімдердің зорлық-зомбылығынан қалай қорғану керек екені жөнінде жергілікті тұрғындарға кеңесін беріп отырды.

Бір жылдан кейін Шушенск селосына Надежда Константиновна Крупская келді. Бұл кісі де Петербург «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» ісі бойынша қамауға алынып, Уфа губерниясына жер аударылған болатын. Бірақ Лениннің қалыңдығы болғандықтан, оған айдауды Шушенскіде өтеуге рұқсат етілді. Осында бұлардың үйлену тойы болды; Надежда Константиновна Владимир Ильичке тұрмысқа шығып, Лениннің өмірінің ақырына дейін оның жақын досы, серігі және адал көмекшісі болды.

Ленин айдауда жүрген кезінде туған-туысқандарының, жолдастарының көмегімен кітаптар мен журналдар алып тұрды. Ол Маркс пен Энгельстің шығармаларын оқып үйрене берді, газеттерді қадағалай оқып отырды,

Жалғасы. Басы журналдың 2-номерінде.

шет тілдегі кітаптарды орыс тіліне аударды. Қалың ұйқыға кетіп, қараңғылықта мүлгіген селоның жеті қараңғы түнінде бұл кісінің бөлмесіндегі терезенің жарығы көбінесе ұзақ уақыт сөнбейтін.

Айдауда өткізген уақытының ішінде Ленин партия программасының жобасын әзірлеп шықты, отыздан аса шығарма жазды. Осы шығармаларында ол орыс социал-демократтарының міндеттерін белгіледі, берік толтасқан жұмысшы партиясын құрудың қажеттігін дәлелдеп, марксизм жауларына қарсы шығып отырды.

Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген еңбегін де сол жерде жазып бітірді. Кітап 1899 жылы жарыққа шықты. Мұның өзі Россияның шаруашылық дамуы жөніндегі үлкен бір ғылыми еңбек еді, бұл өзі Маркстің «Капиталының» тікелей жалғасы болды. Россияның экономикасын зерттей отырып, Ленин маркстік саяси экономияны жаңа қағидалармен байытты. Ленин нақты мәліметтерге сүйене отырып, Россияда капитализмнің өнеркәсіпте ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығында да нығайып келе жатқандығын дәлелдеді. Сөйтіп, бұл кітап халықшылдықты біржолата талқандау ісін аяқтады. Осы кітабында Ленин капиталистік қоғамға тән аса терең қайшылықтарды әйгіледі. Капитализмнің қойнауында жұмысшы табының — капитализмді жерлеуші, социалистік жаңа қоғамды жасаушы таптың өсіп, нығайып келе жатқандығын көрсетіп берді. Жалпы халықтың ішінде Россияның жұмысшы табы сан жағынан аз бола тұрса да, Ленин оның ұлы күш екенін біліп, революциялық қозғалыста оның жетекші роль атқаратынын негіздеп шықты. Мұнымен бірге Ленин пролетариаттың шаруалармен одақ жасауы қажет екендігін, мұнсыз алдағы революцияда жеңіп шығу мүмкін емес екендігін баса көрсетіп отырды. Лениннің кітабы пролетарлық партияның теориясын, программасы мен тактикасын ғылыми жолмен әзірлеуге қосылған үлкен үлес болды. Бұл кітап алдыңғы қатарлы интеллигенцияның, оқушы жастардың, жұмысшы үйірмелеріне қатысушылардың арасында тез тарап, маркстік кадрларды идеялық-теориялық жағынан тәрбиелеуде орасан зор роль атқарды.

Ленин әрқашан да марксизмді практикалық жұмыста қолдана біліп қана қоймай, сонымен қатар ілгері қарай дамытуға болатын нақтылы, дамып отыратын ілім деп қарады. «Біз Маркстің теориясына аяқталған және дамытуға болмайтын бір нәрсе деп тіпті де қарамаймыз, — деп жазды Ленин өзінің айдауда жүрген кезінде жазған еңбектерінің бірінде; — қайта, біз бұл теорияны өмірден кейін қалғысы келмейтін социалистер барлық бағытта одан әрі алға бастыруға тиісті болған ғылымның тек ірге тасын ғана қалады деп білеміз». Маркстік теорияға осылай творчестволық тұрғыдан қарау Владимир Ильичтің бүкіл ісіне тән еді.

Ленин жұмысты барынша қатты істеумен бірге дем ала да білуші еді. Жұмыстан қолы бос уақытта ол коньки теуіп, аң аулауға шығып тұрды, орманға, далаға ұзақ-ұзақ серуен жасайтын. Оның аса бір жаны сүйетін жері әсем көлдер мен Шуша өзенінің тал-шілікті жерлері болушы еді. Ол Сибирьдің құдіретті табиғатының асқан әсемдігіне, шалқыған кең Енисей өзеніне сүйсінетін. Жақын жерде тұратын жолдастарының әлде қалай бір келе қалуы немесе соларға барып қайтуы айдаудың қиыншылық азаптарынан бір серпілтіп тастаушы еді. Бұл кезде Минусинск округінде Г. М. Кржижановский, В. В. Старков, А. А. Ванеев, В. К. Курнатовский, П. Н. Лепешинский және Петербургтің басқа да социал-демократтары айдау мерзімі өтеп жатқан болатын. Ленин Минусинскіге, Тесинское селосына, Красноярскіге барып қайтушы еді. Достары жиналған жерде Владимир Ильич хорға қатысып өлең айтатын. Әсіресе: «Ауыр тұтқын азабы», «Басыңдар, жолдастар аяққа!» және «Жауыздық құйыны» деген революциялық өлеңдерді жақсы көретін.

Владимир Ильич туған-туысқандарынан хат келсе, қатты қуанып, олармен үзбей хат жазысып тұратын. Лениннің туған-туысқандарына жиі берген хаттары сондай бір жылы лебізбен, қамқоршылықпен жазылатын. Бұл хаттарда жабырқаудың немесе өз халіне налудың ешқандай белгісі бол-

майтын. «Әлі есімде, — дейді Анна Ильинична, — жабырқап, күйгелектегенде, сары уайымға салынған сәттерде оның хаттары шипалы әсер ететін, мөлдір бұлақ суындай бір сергітіп тастаушы еді... оның өткір әзілі еңсені көтеріп, іске құштарлықты арттыратын-ды».

Әсіресе өз анасына өте мейірімді еді де, ол кісіні аса жақсы көруші еді. Владимир Ильич үнемі анасының денсаулығын ойлап абыржып, мен жайында уайым шекпеңіз деп, өз тұрмысы мен болашақ жоба-жоспарларын толық жазып тұратын еді. Ленинді туған-туысқандарымен ажырағысыз байланысты еткен нәрсе олардың қаны бірлігі ғана емес, сонымен қатар ортақ саяси көзқарастары мен сенімдері де дәнекер болды. Сондықтан бұлардың жазысқан хаттары тіпті де өздерінің тұрмыс-жайларына қатысты бола бермейтін. Цензура сүзіп отыратын бұл хаттарда мүмкін қадерінше маркстік теория мен практиканың, саясаттың сол заман үшін маңызды көптеген мәселелері қозғалушы еді.

Алыс айдауда жүрген кезінде де Ленин жұмысшы қозғалысының дамуын қатты қадағалап отырды. Ол жұмысшы қозғалысының Россия мен шетелдегі қайраткерлерімен хатты көп жазысып тұрды, социал-демократиялық ұйымдардың жайынан хабардар болды, олардың қажеттерін, қиыншылықтары мен мұқтаждарын біліп отырды.

Ол кезде стачкалар мен ереуілдердің кейбір табыстарының әсерімен орыс социал-демократтарының бір бөлегі жұмысшыларды: тек экономикалық күрес жүргізіңдер — жалақыны көбейту, жұмыс күнін азайту, еңбек жағдайларын жақсарту жолында ғана күрес жүргізіңдер деп ұғындыра бастады. Ал саяси күрес буржуазияның ісі деп соқты олар. Мұндай социал-демократтарды жұрт «экономистер» деп атап кетті. Ленин «экономистердің» іс-әрекетін зор қауіп деп білді: олар жұмысшы табын буржуазиямен келісімге келуге итермелеп отырды, оның революциялық ролін төмендетті, саяси күрестен шеттетті «Экономистер» Россияның жұмысшы қозғалысында пролетариаттың мүдделерін буржуазияның мүдделеріне бағындырмақ болған алғашқы оппортунистер еді.

1899 жылдың жазында Петербургтегі А. И. Ульянова-Елизаровадан «экономистердің» көзқарастарын баяндайтын документті алып, Ленин «Россия социал-демократтарының қарсылығын» жазды. Минусинск округында тұрушы айдаудағы 17 марксист осы документті бір ауыздан мақұлдап, оған қол қойды. Бұл документте Ленин «экономистердің» қате және жұмысшылар ісі үшін зиянды көзқарастарын әшкерелеп, орыс социал-демократтарының негізгі міндеттерін белгіледі.

Владимир Ильич Н. К. Крупскаядан 1898 жылғы мартта Минскіде РСДРП I съезінің болғанын есітті, бұл съезд Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының құрылғандығын жариялады. Оның тарихи маңызы осында болды. Съездің сіңірген еңбегін атап айта келіп, Ленин «россиялық» деген атпен партия Россияның барлық халықтарының алдыңғы қатарлы жұмысшыларын біріктіреді, деп баса көрсетті. Съездің қабылдаған манифесі партияның көздеген мақсаттары туралы ашықтан-ашық жариялады. Ленин манифестің негізгі қағидаларымен келісетіндігін білдірді. Бірақ бұл съезд бытыраңқы маркстік үйірмелер мен ұйымдарды біріктіре алмады. Партияның программасы да, уставы да қабылданбаған еді, ал съезде сайланған Орталық Комитет көп ұзамай қамауға алынды. Социал-демократиялық ұйымдардың арасындағы келіспеушілік бәз-баяғы қалпында қала берді, тіпті одан әрі күшейе түсті. Олардың жұмысы жергілікті жерлердің шегінен аспады, жұмыста берік байланыс пен сабақтастық деген болмады. Майдагерлік пен үйірмешілдікті жеңу үшін орыс социал-демократтарының берік ұйымын құру керек болды.

Айдауда жүріп Ленин Россияда маркстік партияны құрудың жоспарын ойластырып шықты. Самодержавиенің аса қатал реакциясы дәуірлеп тұрғанда партияны барынша астыртын жағдайда құруға тура келді. Ленинің данышпандық жоспарының негізіне алынған нәрсе жалпы орыстық саяси газет ұйымдастыру идеясы болды. Ленинің пікірі бойынша, мұндай

газет комитеттер мен топтарды революциялық марксизм принциптері негізінде ұйымдастыруға, партияның II съезін жан-жақты әзірлеу ісін өрістете түсуге, партияның бірыңғай программасы мен уставын әзірлеп шығуға тиіс болды. Бірақ Ленин газеттің міндетін тек насихатпен, үгітпен ғана тұжырып қойған жоқ. Бұл газет партия күштерін ұйымдастырушы болуға да тиіс, социал-демократтардың жергілікті үйірмелері мен топтарын бір ұйымға біріктіруге тиіс деген қорытындыға келді Ленин. Мұның өзі маркстік газетке принципті жаңа көзқарас, мерзімді баспасөздің ролі мен маңызы жөніндегі социал-демократтардың бұрынғы түсініктерін мүлдем теріске шығаратын көзқарас болды. Г. М. Кржижановский Енисейдің жағасында қыдырып жүріп, Владимир Ильичтің маркстік партия құру программасын, өзінің бағылдығымен, жаңалығымен таңқалдырған программасын қызу әңгімелеп, өзіне айтып бергенін есіне түсіреді.

Ленин айдау мерзімінің аяқталуын асыға күтті. «Владимир Ильич, — деп жазады Н. К. Крупская Лениннің айдаудағы ақырғы айлары жөнінде, — ұйықтамайтын болып алды, сұмдық жүдеп кетті. Талай түнді көз ілместен атқарып, ол өзінің жоспарын егжей-тегжейлі ойластырумен болды... Уақыт жақындаған сайын Владимир Ильич көбірек тынышсызданып, жұмысқа құмартып құлшына берді».

Айдау мерзімі біткеннен кейін Владимир Ильич 1900 жылы 29 январь күні таңертең семьясымен Шушенск селосынан жүріп кетті. Алда ұзақ сапар шегу керек еді: 300 шақырымға жуық атпен жүруге тура келді. Қатты аязға қарамастан, күні-түні бірдей жүріп отырды. Ленин бостандықта белсенді революциялық жұмысқа тезірек араласуға асықты.

Патша үкіметі Лениннің астанада және Россияның өнеркәсіп орталықтарында тұруына тыйым салған болатын. Петербургке жақынырақ болғысы келіп, ол Псковқа барып орналасуға бел байлады.

ЖАҢА ТҮРПАТТЫ МАРКСТІК ПАРТИЯ ҮШІН КҮРЕС

Ленин бостандыққа шығысымен-ақ, ойлаған істі жүзеге асыруға құлшына кірісіп, ол істі жан-жақты түгел қарастырып, мұқият әзірледі. 1900 жыл түгелімен жалпы орыстық саяси газетті ұйымдастыру жөніндегі қызу жұмыстың үстінде өтті. Полиция қатты қудалап тұрғандықтан, ол кезде Россиялық жұмысшы газетін құру мүлде мүмкін емес-ті. Сондықтан Ленин ол газетті шетелде шығаруға ұйғарды. Бірақ шетелге жүрместен бұрын ол Россиядағы социал-демократиялық көп ұйымдармен байланыс орнатты, газетті қолдап тұру жөнінде келісті, болашақ қызметкерлер мен тілшілерді белгіледі. Осы мақсатпен Владимир Ильич Москвада, Петербургте, Ригада, Самарада, Сызраньда, Нижний Новгородта, Уфада, Смоленскіде болып қайтты.

1900 жылы май айында, Петербургке жасырын келген кезінде, Ленин қамауға алынды. Бір есеп қағазға жазылған шетелмен жасалатын байланыс орындарының аттары сол жолы осы кісінің қалтасында еді. Оның бақытына жандармдар мұны байқамағанды, сондықтан көп ұзамай Ленинді қамаудан босатып жіберді. Бірақ Россияда қалып қою ол үшін күннен-күнге қауіпті бола берді. Ленин өзінің ең қатерлі жауы екенін патша өкіметі сезді. Жандарм полковнигі Зубатов 1900 жылы өзінің бастығына жазған жасырын хатында «қазір революцияда Ульяновтан ірі ешкім жоқ» деп хабарлап, оны өлтіруді ұйымдастыру керек деп ұсыныс жасаған.

Ленин әрең дегенде шетелге өтіп алды. 1900 жылы 16 июльде ол Германияға жүріп кетті. Сөйтіп, бес жылдан аса уақытқа созылған оның бірінші эмиграциясы басталды.

Жалпы орыстық революциялық газетті «Искра» деп атайтын болды. Газеттің редакциясы немістің Мюнхен деген қаласына орналасты. Владимир Ильич осы Мюнхенге келді. Ол бар көңілін газетті шығару ісіне бөлді. 1900 жылы сентябрьде Нюрнбергке салған хатында Владимир Ильич: «біздің бәйіміздегі өмірлік нәріміздің бәрі де біздің туайын деп келе жатқан

нәрестені қоректендіруге кетуге тиіс» деп жазған еді. Шындығында да «Искра» Лениннің мәпелеген сүйікті перзентіндей болды.

Газетті ұйымдастыруда бірсыпыра қиыншылықтар болды. Қаржы іздестіріп, баспаканаға үй табу, орысша шрифтер табу керек болды. Бұл жөнінде редакцияға неміс социал-демократтары үлкен көмек көрсетті.

1900 жылғы декбарьде «Искраның» бірінші номері әзірленді. «Үшқыннан жалын лаулайды!..» — газеттің әр номері осы сөздермен басталып отырды. Шындығында бұл өзі солай болды да. Россияда орасан зор революциялық жалын лаулап, осы жалынның отында патша самодержавиясы мен капиталистік құрылыс жанып кетті.

«Искра» ел ішінде жұмысшы табы бастаған революциялық қозғалыс өсіп келе жатқан кезеңде шыға бастады. Фабрикалар мен заводтарда ереуілдер көбейе берді, шаруалар помещиктерге қарсы көтеріліп жатты, студент жастардың арасында да толқу күшейді. Осы қозғалысты басқару үшін ұйымдасқан, берік маркстік партия керек болды. Лениндік «Искра» міне осындай партияны құру үшін күрес жүргізді.

Лениннің бастауы бойынша және оның басшылығымен Россияда «Искраға» жәрдемдесу топтары және газет агенттерінің жүйесі құрылды. Бұлар газетті таратумен шұғылданды, газетке хаттар, мақалалар, материалдар жіберіп, қаржы жинау ісін ұйымдастырды. Жандармдар мен тыңшылардың қуғынына үнемі ұшырай жүріп, агенттер жанқиярлық және қауіп-қатерлі жұмыс жүргізді. Қамауға алына қалған күнде бұлар түрмеге қамалу, каторгаға айдалу, жер аударылу қаупінде болды. «Искраның» агенттері И. В. Бабушкин, Н. Э. Бауман, С. И. Гусев, Ц. С. Зеликсон-Бобровская, Р. С. Землячка, М. И. Калинин, В. Э. Кеңховели, М. М. Литвинов, Е. Д. Стасова және басқа революционерлер болды.

Ленин «Искра» агенттерінің жұмысына зор маңыз берді. Ленин осылардың жұмысына бағыт беріп, олардың ішінен халықтың мүдделері үшін күресетін батыл, шексіз берілген, тәжірибелі ұйымдастырушылар мен күрескерлер баулып шығарып отырды. Белгілібір нақтылы кеңестер бергенде немесе өзі әрқашан үлкен мән беріп, жұртты байланыс орнатуға жібергенде. Лениннің жергілікті жерлердегі жағдайды соншалық мұқият зерттейтінін сол кездерден сақталып қалған жазысқан хаттары айқын көрсетеді. «Бізді қалайда жаңа күштермен, жастармен, жаңа құрылған үйірмелермен тікелей байланыстырып отырыңыз, — деп жазды ол С. И. Гусевке. — Революцияшыл ұйымның күші оның байланыстарының санында болатындығын ұмытпаңыз». «Искра» партия күштерін біріктірудің, партия кадрларын жинап, тәрбиелеудің орталығына айналды.

Газетті Россияға жеткізіп отыру өте қиын болды. Оны неғұрлым ыңғайлы етіп жөнелтіп отыру үшін газетті жыртылмайтын жұқа қағазға бастатын болды. Полицейлердің кедергілерінен құтылу үшін «Искраны» қос түпті чеходандарға салып жіберіп отырды; сенімді деген адресстерге жіберілетін кітаптардың мұқабаларына тығып жіберетін; Россияға бара жатқан жолдастарының көкірекшелеріне тігіп жіберетін. Газетті керексіну үздіксіз өсе берді, сондықтан «Искраны» қайта басып шығару үшін Россияда көп ұзамай Баку мен Кишиневте астыртын баспаханалар құрылды.

Ленин газеттің дем берушісі болды. Оның мақаласы басылмаған газеттің номері сирек кездесуші еді. «Искрада» партияны қалай жақсы ұйымдастырып, жақсылап құру керек екені, революциялық күреске бұқараны қалай тарту керек екені жөнінде мақалалар басылып отырды. Газетте Россияның түрлі қалаларындағы революциялық қозғалыс туралы, фабрикалар мен заводтарда не істеліп жатқандығы туралы, деревнядағы жағдай туралы хабарлар басылып отырды. Бұл газет жұмысшылар арасында көп ұзамай мәлім болып, жұмысшылар оны қатты ұнатты. Газеттің әрбір номері қолдан-қолға өтіп, жұрт оны әбден жыртылып біткенше оқитын еді. «... «Искраны» мен көп жолдастарға көрсеттім, — деп жазған еді бір тоқымашы, — газеттің бүкіл номері уаждандалған, бірақ ол сондай қадірлі... Мұнда өз ісіміз туралы, бүкіл орыс жұртының ісі туралы жазылған, бұл істі тыныммен есептеп,

сағатқа шағып белгілей де алмайсың; газеттің номерін оқығаныңда жандармдар мен полицияның біздерден, жұмысшылардан және өзіміз соңынан ерген интеллигенттерден неліктен қорқатыны түсінікті бола кетеді».

1901 жылдың аяғынан бастап Владимир Ильич өзінің кейбір еңбектеріне Ленин деп қол қоя бастады. Жұрт көбінесе: ол неліктен осындай псевдонимді таңдап алды екен деп сұрайтын болған. Н. Крупскаяның айтуынша, сірә, бұл есім кездейсоқ алынған болса керек. Бәлкім, «Искрада» өзінің еңбектеріне Волгин (орыстың Волга өзенінің атымен) деп қол қоятын Плехановпен бірге жұмыс істеген Ленин өз псевдонимінің негізі етіп Сибирьдің құдіретті Лена өзенінің атын алса керек.

1902 жылы Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабы жарыққа шықты. Бұл өзі партияны құруда орасан зор роль атқарған тамаша еңбек болды. Осы кітабында Ленин пролетарлық маркстік партияны құрудың жоспарын баяндал, негіздеді. Бұл партия ақырына дейін революцияшыл, жаңа тұрпатты жауынгер партия болуға тиіс деп есептеді Владимир Ильич.

Россияда пролетарлық партия құрылмай тұрып, Батыс Европада жұмысшы партиялары әлдеқашаннан-ақ болған еді. Лениннің пікірінше, Россия социал-демократиялық партиясының ол партиялардан қандай айырмашылығы болуға тиіс еді? Батыс Еуропаның социал-демократиялық жұмысшы партиялары капитализмнің біршама бейбіт дамыған жағдайларында қалыптасқан еді. Бұл партиялар революциялық күреске бейімделмеген еді, сондықтан бірте-бірте осы партияларда негізгі роль атқара бастаған оппортунистерге көніп кеткен еді. Оппортунистер социалистік революция мен пролетариат диктатурасынсыз-ақ қанауды жойып, социализмге өтуге болады деп соқты. Олар мұнысымен жұмысшыларды әрекетсіздікке тап қылып, іс жүзінде өздері капиталистік құрылыстың қорғаушылары болып шықты. Оппортунистер марксизмді тексеріп, қайта қарады, оның революциялық мәнін аластады. Олар кедісімпаздар болды, буржуазия жәрдемшілерінің және оның агенттерінің ролін атқарды. Социал-демократиялық партиялардың көпшілігінің көсемдері оппортунизмді сөз жүзінде ғана мінеп, ал іс жүзінде онымен ауыз жаласып кете берді.

Ленин Россияның жұмысшы табын ұйымдастырып, патша самодержавиясы мен капитализмге қарсы шабуылға шығара алатын мүлде басқаша, нағыз революцияшыл жұмысшы партиясын құруды ойлады. Жұмысшы қозғалысын бастап, оның жетекші күші болу үшін, партия алдыңғы қатарлы революциялық теориямен — марксизммен қарулануға тиіс. Партия бұл теорияны жұмысшы қозғалысына енгізеді де, оған социалистік саналылық сипатын береді. «Революциялық теория болмаса, революциялық қозғалыста болмақ емес», — деп бағалады маркстік теорияның ролін В. И. Ленин.

Капиталистік қоғамда, деп баса көрсетті Ленин, өзінің идеологиясын тарату үшін пролетариатқа қарағанда буржуазияның көп қаражаты, мүмкіншіліктері бар. Сондықтан саналылықтың ролін қандайда болсын кемітушілік, стихиялықтың алдында бас ию (ал «экономистер» осыған шақырған болатын) іс жүзінде пролетариатқа буржуазиялық идеологияның ықпалын күшейткендік болып табылады. Осыдан келіп социал-демократтардың тікелей міндеті — жұмысшы табын социалистік саналылық дәрежесіне дейін көтеру үшін оған саяси тәрбие беру ісін қолға алу міндеті туды. Бір орталыққа барынып, топтасатын партияны ұйымдастыру ісіне үлкен маңыз бере келіп, Ленин оны құрудың жоспарын әзірледі. Владимир Ильич партия екі бөлімнен: профессионал революционерлердің — революцияға түгелдей берілген адамдардың — шағын тобынан және кең салалы жергілікті партия ұйымдарынан, көптеген партия мүшелерінен құрылуға тиіс деп есептеді.

Ленин профессионал революционерлерді жұмысшылардың өз ішінен баулып шығаруды айрықша маңызды деп санады. Лениннің түсінуі бойынша профессионал революционер әрдайым бұқараның қалың ортасында болуға тиіс, олардың мұқтаждары мен көңіл күйін біліп отыруға тиіс, қай жерде орын алса да, қандай тапқа қатысы болса да озбырлық пен езгі атаулының барлық көріністерін елеусіз қалдырмауға тиіс, «барша жұрттың алдында

өзінің социалистік пікірлерінді, өзінің демократиялық талаптарынды баяндап беру үшін, пролетариаттың азаттық күресінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызын барлық жұртқа және әрбір адамға түсіндіру үшін әрбір ұсақ-түйекті» пайдалана білуге тиіс.

Партияны құрудың лениндік жоспарына «экономистер» қарсы шықты. Пролетариаттың өз алдына дербес саяси ролін теріске сайып, олар жұмысшы табының өз алдына дербес революцияшыл партиясын құруға да қарсы шықты. «Не істеу керек?» деген кітабында Ленин «экономистерге» аса қаты соққы берді. «Экономизм» халықаралық оппортунизмнің бір түрі екендігін көрсетті ол. Сондықтан Лениннің кітабы орыс оппортунизміне ғана емес, сонымен қатар халықаралық оппортунизмге де қарсы бағытталған еді. Бұл кітап партия қатарын марксизм негізінде топтастыруда, нағыз революцияшыл маркстік партияны құрған РСДРП ІІ съезін әзірлеуде зор роль атқарды.

Жұмысшы табының революциялық партиясы туралы ілімді әзірлегенде Ленин оны жауынгер ғылыми программамен қаруландыруға бірінші дәрежелі маңыз берді. «Программа дегеніміз, — деп жазды ол, — партияның нені көздейтінінің және оның не үшін күресетіндігінің бәрін қысқаша, айқын, дәлме-дәл мәлімдегендік деген сөз». Партияның бірінші программасының жобасын әзірлеуде Лениннің атқарған ролі аса зор болды. Лениннің басшылығы арқасында ғана «Искра» редакциясы революциялық партия программасын жасай алды. Бұл программада жұмысшы қозғалысының түпкі мақсаты — социалистік жаңа қоғам орнату мақсаты — және осы мақсатқа жеткізудің жолдары — социалистік революция мен пролетариат диктатурасы — дәлме-дәл, айқын көрсетілді. Программа мұнымен қатар таяудағы міндеттерді де — патша өкіметін құлатып, демократиялық республика орнату міндетін белгілеп берді. Сөйтіп, демократия мен социализм жолындағы күрестің бірлігі баса көрсетілді.

Партия программасын шаруаларға түсіндіру үшін Ленин 1903 жылдың көктемінде «Деревня кедейлеріне» деген кітапша жазды. Ленин жұмысшы партиясының нені көздейтіндігін және шаруа кедейлерінің жұмысшылармен не үшін одақ жасауы керек екендігін нағыз қарапайым, өте ұғынықты сөздермен түсіндіріп берді. «Біз қоғамның жаңаша, жақсы болып құрылуын көздейміз: бұл жаңа, жақсы қоғамда бай да, жарлы да болмауға тиіс, жұрттың бәрі де жұмысқа қатысуға тиіс. Ортақ жұмыстың жемісін бір топ байлар емес, барлық еңбекшілер пайдалануға тиіс. Машиналар мен басқа жақсы құралдар азғана адамдарды миллиондаған және он миллиондаған халықтың есебінен байытуға тиіс емес, барлық адамдардың жұмысын жеңілдетуге тиіс. Бұл жаңа, жақсы қоғам социалистік қоғам деп аталады. Ол қоғам жөніндегі ғылым социализм деп аталады», — деп жазды Владимир Ильич.

1902 жылдың басында полиция тыңшылары «Искраның» ізіне түсті. Мюнхеннен кету қажет болды, өйткені бұл жерде одан әрі тұра беру қауіпті болды. Редакция газетті шығарудың жаңа орны етіп Лондон қаласын таңдады. 1902 жылғы апрельде Ленин осында келді.

Англия астанасында тұрған кезінде Ленин жұмысшы қозғалысымен мұқият танысты, ағылшын пролетариатының тұрмысын зерттеді, жиналыстар мен митингілерге қатысып отырды. Владимир Ильич әрдайым жұмысшылар бұқарасының қалың ортасында болуға құмар еді, — деп есіне түсіреді Н. К. Крупская. Ол көбінесе жұмысшылар жиналысының қай жерде болатынын газеттерден көріп алып, сол жерге бұрынырақ барып бір шетте отырып, тыңдайтын еді.

Ленин көп уақытын кітапханаларда өткізетін. Оны әсіресе бір кезде К. Маркс жұмыс істеген Британ музейінің кітапханасында жиі кездестіруге болатын еді.

1903 жылдың көктемінде Ленин Лондоннан Женеваға көшіп келді, өйткені «Искра» енді осында басылатын болып еді. Женеваның маңынан Ленин семьясымен кішкене бір үй жалдап алды. Бұл үйде ол Россиядан келген жолдастарды қабылдап отырды; бұлардың көбінің айдаудан қашып шық-

қаннан кейін күн көріс қаражаттары болмай жүрді. Владимир Ильич олардың қамын жеп, мұқтаждарын тұрғын үймен, тамақпен қамтамасыз ету жағын қарастырып отырды. Бұл кісі жұрттың көңілін тапқыш, өте ілтипатты және ақ жүрек адам еді. Әрдайым жылы жүзді, жайдары Владимир Ильич жұртты өзіне бұрып әкететін. Ленинмен өзінің кездесуін есіне түсіріп, «Искраның» агенті Ц. С. Зеликсон-Бобровская оның қарапайымдылығын, кішіпейілділігі мен шат көңілділігін атап көрсеткен еді. «Владимир Ильич тік жағалы қара көк көйлекті желбегей киетін, мұның өзі оның дембелше келген келбетіне «россиялық» ерекше бір түр беріп тұратын-ды». РСДРП Екатеринаослав комитетінің Женевада Ленинде болып шыққан бір өкілі: Владимир Ильич мені соншалықты жылы қабылдады, үлкен ағаша, жасы үлкен жолдасша қабылдады, көңілімді көтеріп, бірден емін-еркін әңгімелесіп кеттік, деп айтқан еді.

РСДРП-нің II съезін шақыру өте қажет, кідіртуге болмайтын міндетке айналды. Владимир Ильич II съезді әзірлеуге көп уақыт бөлді: партияның уставын жасады, съездің жұмысын ұйымдастыру жоспарын ойластырды, қарарлардың жобаларын әзірледі. Ленин съездің ашылуын көңілі алып ұшып, асыға күтті. Делегаттарды жылы жүзбен, қуана қарсы алды, Россияның жайын, жұмысшылардың революциялық көңіл күйін, жергілікті жерлердегі жұмыстың жағдайын құмарта сұрастырды. «Владимир Ильичтің жұртты тыңдап, жұрттан түрлі нәрсені сұрастыруы ерекше келуші еді, — деп есіне алады партияның қарт мүшесі Е. Д. Стасова, — сұрақ береді де, әңгімесін баяндап отырған кісіні ол өзіне керек жағына қарай бағыттап жіберіп отырады, өзінің білгісі келетін мәселелерін айтқызып отырады». Отаннан алыста тұрған Владимир Ильич елді қатты сағынатын, сондықтан Россиядан келген әрбір хабарға қуанушы еді. Шетелдің қай жерінде жүрсе де ол әрдайым Россияны, оның кең байтақ жерін есіне алып отырушы еді, орыстың нағыз қатты қысын, аязды ауасын арман ететін, Волгада жүрсең қандай жақсы болар еді деп арман ете беретін.

1903 жылы июльде Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезі ашылды. Алғашында съезд Брюссельде жиналды, бірақ кейіннен, Бельгия полициясының қуғындауы себепті, съездің мәжілістері онан әрі Лондонда өтті. Съездің құрамы әркелкі болып келді. Дәйекті пролетарлық революционерлермен — искрашылармен қатар съезде оппортунистер де болды, сонымен қатар «батпақ» деп аталатын ауытқушылар да болды. Искрашылар көпшілік болғанымен де, олардың барлығы бірдей табанды болмады, бұлардың арасында тиянақсыздар яки «солқылдақтар» да болды. Сондықтан съезде искралық принциптердің жеңіп шығуы жолында революцияшыл қанаттың оппортунистерге қарсы кескілескен күресі өріс алды.

Ленин съезді басқару ісіне және оның жұмысына белсене қатысты. Ол өзінің жақтастарымен бірге оппортунистерге қарсы, искралық бағыттың жеңуі жолында қызу күрес жүргізді. Съездің протоколдарында Лениннің сөйлеген жүзден аса сөздері, репликалары және ескертулері жазып қойылған.

Съезде партия программасының жобасы ұзақ әрі қызу талқыланды. Ленин мен оның жақтастары революциялық программаны, пролетариат диктатурасы туралы қағиданы, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын, ұлттардың өзін өзі билеу правосын және пролетарлық интернационализмді қорғап шықты. Оппортунистер осы маркстік негізгі қағидаларға қарсы шықты. Бірақ «Искраны» жақтаушылар олардың барлық шабуылдарын тойтарып тастады.

Көпшілік дауыспен съезд «Искра» редакциясы әзірлеген революциялық программаны бекітті. Ол кезде бұл программа пролетариат диктатурасы жолындағы күрес пролетарлық партияның негізгі міндеті ретінде алға қойылған дүние жүзіндегі бірден-бір партия программасы еді.

Осы программаны қолдана отырып, партия Россияда социалистік революцияның жеңуі жолында ойдарыдай күрес жүргізді. Өзінің бірінші про-

граммасын орындап шығуы үшін партиямыздың он бес жылдай қатты ерлік күрес жүргізуіне, қажымай, жанқиярлық еңбек етуіне, азап көріп, құрбандықтарға баруына тура келді.

Съезде уставты талқылаған кезде қатты пікір алалықтары бар екені байқалды. Ленин әрбір мүшесі революциялық күреске белсене қатысып, партия тәртібіне бағынатын бір тұтас жауынгер партия құрмақ болды. Сондықтан да ол партия программасын мойындайтын, мүшелік жарна төлейтін және партия ұйымдарының бірінде есепте тұрып, оның жұмысына қатысып отыратын адам партия мүшесі бола алады деп есептеді. Лениннің бұл тұжырымы пролетарлық емес, табансыз элементтердің партияға кіріп кетуін қиындатып, ұйымдасқан, тәртіпті партия құруға мүмкіндік берді.

Алайда съезд сәл ғана көпшілік дауыспен Мартовтың оппортунистік ұсынысын — партия мүшесі болу үшін партияның программасын мойындау және оған материалдық көмек көрсету жеткілікті деп есептейтін, партия ұйымына еніп, партия тәртібіне бағынуға партия мүшесін міндеттемейтін ұсынысын қабылдады. Партияға мүше болуды бұлай түсіндіру партияны тұрлаусыз ететін, оған ауытқушы элементтердің кіріп кетуіне жол беретін нәрсе еді. Жұмысшылар мұндай негізде құрылған партиямен өздерінің тап жауларын ешқашан да жеңе алмаған болар еді.

Съездің соңғы мәжілістерінде, орталық органдарды сайлау кезінде күштердің арасалмағы Ленинді жақтаушылардың пайдасына өзгерді, өйткені оппортунистердің бір бөлегі съезден кетіп қалғанды. Партияның Орталық Комитетін және партияның Орталық Органы деп танылған «Искра» газетінің редакциясын сайлаған кезде Ленинді жақтаушылар көпшілік дауыс алды. Сол кезден бастап Лениннің жақтастарын большевиктер деп, ал азшылықта қалған оппортунистерді меньшевиктер деп атайтын болды.

РСДРП екінші съезі тек Россиядағы жұмысшы қозғалысында ғана емес, дүние жүзілік жұмысшы қозғалысында да келелі өзгеріс кезеңі болды. Оның тарихи маңызы жаңа тұрпатты пролетарлық партияны — лениндік большевиктік партияны құруында болды. «Большевизм, — саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде, 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді», — деп жазды кейінде Ленин.

Большевиктік партия құрылған кезден бастап жұмысшы табын, Россияның барлық еңбекшілерін помещиктер мен капиталистер үкіметін құлатып, социализм орнатуға аттандыра алатын құдіретті күш дүниеге келді. Ленин мен оның жақтастары ұйымдастырған большевиктер партиясы барлық коммунистік және жұмысшы партиялары үшін үлгі-өнеге болды.

Революцияшыл маркстік партия құру жөніндегі лениндік жоспардың жеңіп шығуы Россия пролетариаты мен халықаралық пролетариаттың Ленин сынды көрнекті теоретигі бар екендігін, жұмысшы қозғалысы дамуының перспективаларын кемеңгер көреген, Маркс пен Энгельстің ісі мен ілімін ілгері апарушы бар екендігін көрсетті.

II съезден кейін партияның ішіндегі жағдай шиеленісіп кетті. Меньшевиктер быт-шыты шығарылған «экономистердің» орнын басып, олардың оппортунистік бағытын жүргізе берді. Сол кезден бастап көп жылдар бойы большевиктер мен меньшевиктер арасында табан тірескен қатты күрес жүріп келді. Меньшевиктер партияны оппортунизм жолына бұрып жіберуге тырысты. Партияның Орталық Органын — «Искра» газетін — өз қолдарына түсіріп алып, меньшевиктер сол газеттің беттерінде Ленинге, большевиктерге қарсы, II съездің шешімдеріне қарсы күрес жүргізді. Меньшевиктерге батыл тойтарыс беру керек болды, партия үшін, Россиядағы революциялық қозғалыс үшін меньшевизмнің барынша қауіптілігін түсіндіру керек болды. Міне, мұны 1904 жылы май айында жарыққа шыққан «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында Ленин орындап та шықты.

Меньшевиктердің жұмысшы қозғалысындағы ұйымдастырушы күші болған партияға қарсы шығып отырғандығын, партияны бұлдіріп отырғандығын көрсетіп, Владимир Ильич пролетариаттың жетекші ұйымы болып табылатын партия туралы маркстік ілімді ілгері дамытты, мұндай партия

болмайынша социалистік революцияда жеңіп шығу және коммунистік қоғам орнату мүмкін емес екендігін көрсетті. «Пролетариаттың өкімет жолындағы күресте ұйымнан басқа құралы жоқ», — деп атап көрсетті Ленин. Партия жұмысшы табының бір бөлегі, оның алдыңғы қатарлы, саналы отряды деп үйретті ол. Партияның барлық мүшелері еркі, қимылы және тәртібі жағынан бір тұтас болып топтасқан бір отрядқа біріккен кезде ғана партия пролетариат күресіне ойдағыдай басшылық ете алады.

Ленин партияның үнемі қамқорлық жасап отыратын нәрсесі жұмысшы табының миллиондаған бұқарасымен байланысын ұлғайтып, нығайтып отыру, мұнсыз партия өмір сүре алмайды, дами алмайды деп түсіндірді.

«Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабында Ленин партия өмірінің берік нормалары мен партия басшылығының принциптерін жасап берді, бұл нормалар мен принциптер партияның сонан былайғы бүкіл жұмысының заңына айналды. Партия өмірінің бұл нормалары мен принциптерінің көздегені: уставтың талаптарын партияның барлық мүшелерінің қатаң орындап отыруы, бірыңғай партия тәртібінің болуы, азшылықтың көпшілікке бағынуы, төменгі ұйымдардың жоғарғы ұйымдарға бағынуы, партия органдарының сайланып қойылуы мен олардың есеп беріп отыруы, партия бұқарасының белсенділігі мен өздігінен іс бастауын өрістетіп отыру, өзара сынды өрістету. Лениннің кітабының жарыққа шығуын партия ұйымдары қызу мақұлдап қарсы алды. Бұл кітап алдыңғы қатарлы жұмысшылардың арасына кең тарады.

1904 жылдың жазында Ленин, большевиктер партияның III съезін шақыру жолында күрес жүргізді. Россиядағы төтенше жағдай осыны талап етті. Революция пісіп-жетіліп келе жатты да, партия оны зор дайындықпен қарсы алуға тиісті болды. Жаңадан съезд шақырудың қажеттігі партия ішіндегі істің жағдайынан да туған еді. II съезд шешімдерін бұзып, партия жұмысының берекесін кетірген меньшевиктердің жікшілдік әрекетін құрту керек болды.

Партияның ішкі күресінің ең шиеленіскен кезінде Россиядағы партия комитеттерінің көпшілігі большевиктерге ерді. Профессионал революционерлердің негізгі кадрлары, партия мүшесі—жұмысшылар түгелімен Ленинді қолдады. Партия, оның орасан көпшілігі өз көсемінің төңірегіне топтасты.

ДИҚАН МЕН МАЛШЫНЫҢ АРДАҚТЫ БОРЫШЫ

Кемеңгер көсеміміз В. И. Ленин шаруашылық құрылысы мәселелерінің біз үшін маңызы айрықша екенін сан рет атап көрсеткен болатын. Октябрь революциясы жеңгеннен кейін іле-шала ол экономиканы партия мен халықтың ең қызықты саясаты деп бағалады. Коммунистік партия шаруашылықты социалистік жолмен жүргізудің лениндік принциптерін бұлжытпай басшылыққа алып, оны творчестволықпен дамытып келеді.

Партияның Орталық Комитетінің 1965 жылғы март және сентябрь Пленумдарында, КПСС XXIII съезінде ел экономикасын басқарудың жаңа әдістері белгіленіп, партиямыздың коммунистік құрылыстың қазіргі шағындағы экономикалық саясатының принциптері мен бағыттары сараланып анықталды. Бұл саясаттың мәні — экономикалық қатынастарды бұрынғыдан да дамыта түсу, халық шаруашылығын басқарудың бүкіл жүйесін түбірінен жақсарту мақсатында экономикалық тұтқалар мен амалдардың, көтермелеу шараларының ролін күшейту, мемлекеттік жоспарлау ісін жетілдіру, өнеркәсіп орындарының, колхоздар мен совхоздардың шаруашылық дербестігін ұлғайтып, инициативасын өрістету, өндірістік коллективтердің, сондай-ақ әрбір еңбеккердің жауапкершілігін, материалдық ынталылығын арттыру еді. Осыған орай елімізде ірі шаралар жүзеге асырылды.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығында өнімдер дайындаудың жаңа саясаты жаппай қолданылды, деревняда елеулі әлеуметтік-экономикалық шаралар жүргізілді. Партия саясатының ауыл шаруашылығы саласындағы бағытының да бірден-бір дұрыс екенін өмір практикасы толық дәлелдеді. Мұны Советтік Қазақстанның мысалынан айқын көруге болады. Бесжылдықтың өткен үш жылының нәтижесі ел қуанарлықтай. Бұдан бұрынғы үш жылғымен салыстырғанда республикада астықтың түсімі жылына орта есеппен 41 процент молайып, 19,7 миллион тонна болды, ет өндіру 1,3 миллион тоннаға, сүт — 3,7 миллион тоннаға, жүн — 106 мың тоннаға жетті. Ауыл шаруашылығының басқа өнімдерін өндіру де едәуір өсті.

Коммунистік құрылыстың, еліміздің экономикалық, Отан қорғау күш-қуатын нығайта түсу мүдделері халық шаруашылығының аса маңызды тарауы — ауыл шаруашылығын үрдіс дамытуды өктем талап етеді. Мұның өзі объективтік қажеттіліктен туып отыр. Сондықтан да КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1968 ж.) Пленумы ауыл шаруашылығын неғұрлым шапшаң қарқынмен өркендету міндетін жалпы партиялық, жалпы халықтық міндет етіп қойды. Бұл ретте партия Владимир Ильичтің ауыл шаруашылығының берік базасын жасамаған жағдайда ешқандай шаруашылық құрылысының болуы мүмкін емес деген қа-

ғидасын негізге алды. Партиямыз колхоз, совхоз өндірісін таяу уақытта жоғары дәрежеге көтерудің нақты жолдарын айқындап берді. Бұл үшін ауыл шаруашылығын осы заманғы техникамен қайта жарактандыру, жұмысты комплексті механикаландыру, жерді химияландыру, мелиорациялау шараларын зор көлемде жүргізу, ғылым жетістіктері мен озық тәжірибені мықтап қолдану ұйғарылды. Әлбетте, бұл ауыл шаруашылығын дәйекті интенсификациялауға даңғыл жол ашпақ.

Октябрь Пленумы алға қойған саяси-экономикалық маңызы зор міндеттерді іске асыру жолындағы бүкіл халықтық жорықта Советтік Қазақстан елеулі орын алуға тиіс. Ең алдымен ол елімізге астықты жылдан-жылға көп беруі керек. Отан республикамыздан осыны күтеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IX пленумы мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын, 1969 жылы орындау сияқты құрметті міндетті алға қойды. Бұған мүмкіндіктің бәрі бар. Оны алдын ала жасалған есеп айқын көрсетіп отыр.

Әрине, осы міндетті абыроймен орындап шығу үшін партия, совет, ауыл шаруашылық органдарының, бүкіл ауыл-село жұртшылығының қыруар күш жұмсап, көп іс тындыруы қажет екені белгілі. Ең алдымен дикандардың резервті толық кәдеге асыруға күш жұмсағаны абзал. Біздің астық молшылығын жасау жөніндегі резервтеріміз ұшан-теңіз. Екіншілік мәдениетін жоғары көтеру, сол арқылы құбылмалы ауа райының зиянды зардабын бәсеңдету, топырақты қайырмасыз плугпен өңдеу әдісін кеңінен енгізу, суармалы жерді толық та тиімді пайдалану, тыңайтқыштарды жеткілікті де дұрыс қолдану — міне осының бәрі екінші шымдылығын мықтап арттырудың, әсіресе астық түсімін молайтудың бай резервтері.

Қазір — көктемгі егіске жан-жақты әзірлену ешбір кезек күттірмейтін міндет. Өйткені ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, олардың жалпы түсімін молайту көктемгі егіс жұмыстарына тынғылықты, мінсіз әзірленуге, оны дер кезінде өткізуге тікелей байланысты. Ендеше қазір ауыл-селодағы әрбір еңбеккердің назарын осы мәселеге аудару — жергілікті партия ұйымдарының абзал борышы.

Тракторлар мен тіркеу құрал-саймандарын жөндеп, сақадай сайлап қою — егіске әзірліктегі маңызды жұмыстың бірі. Осы кезде колхоз, совхоздардың шеберханаларында, «Қазсельхозтехника» жөндеу кәсіпорындарында жұмыс мейлінше қыза түскен. Механизаторлардың техниканы дала жұмыстарына күн демей, түн демей әзірлеп жатқанын бірден байқайсыз. Республиканы тұтас алғанда тракторларды, тіркеу құралдарын жөндеудің былтырғы төртінші тоқсан жоспары асыра орындалды. Көп шаруашылық техниканы көктемгі егіс жұмыстарына әзірлеуді жақсы жүргізіп келеді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының «Мамлют», «Николаев» совхоздары тракторларды түгелдей тәртіпке келтіріп үлгірді. Семей облысының «Семеновский», Қостанай облысының Некрасов атындағы совхоздарында техника жөндеу графигі асыра орындалып жүр. Бұларда сонымен қатар жұмыстың сапасы да тәуір.

Соңғы жылдарда «Қазсельхозтехника» жөндеу кәсіпорындарының, колхоз, совхоз шеберханаларының жана құрал-жабдықпен жарактандырылуы, оларда жөндеу ісінің озық әдістерінің енгізілуі ауыл шаруашылық машиналарын жөндеуді жедел де сапалы ұйымдастыруға зор мүмкіндік туғызды. Бірақ осы мүмкіндік қайсыбір жерде дұрыс пайдаланылмайды, содан барып техника дала жұмыстарына нашар әзірленеді, машина мен құрал-сайманның жұмыс өнімділігі төмендейді. Осындай кемшілік қазірде де орын алып отыр. Бірсыпыра шаруашылықтарда техниканы егіс науқанына әзірлеу тым шабан. Соның салдарынан қайсыбір аудандарда жөнделген тракторлардың саны былтырғы осы уақыттағыдан аз. Плуг, сеялка, тырма сияқты тіркеу құрал-саймандарын тәртіпке келтіру де кешеуілдетіліп отыр. Мұның әсіресе көктем егісіне енді көп кешікпей кірісетін оңтүстік облыстарға тікелей қатысы болып отыр.

Ауыл шаруашылық органдары мен «Қазсельхозтехника» кәсіпорындарының басшылары машина, құрал-сайманды егіс жұмыстарына даярлау ісінде кездескен кемшіліктердің себебін ашып, оны жедел түзетудің шараларын қолма-қол қолдануға міндетті. Сондай-ақ техника жөндеу сапасының жоғары болуының маңызы зор. Жөнделген машиналарды қабылдау комиссияларының жауапкершілігін мықтап арттыру керек.

Ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру ісінде тұқым шешуші роль атқарады. Сапалы тұқым — мол өнімнің негізі, ол егіншіліктің алтын қоры. Халық «Не ексең, соны орасың» деп тегін айтпаған. Алайда егіске тұқым әзірлеуде осы уақытқа дейін елеулі оңқылықтар болып келгені мәлім. Былтыр бізде жалпы егіс көлемінің 12,3 процентіне сапасыз тұқым себілді. Соның салдарынан өнім едәуір аз алынды. Егіннің едәуір бөлегіне сортсыз тұқым, сондай-ақ аудандастырылмаған сорттардың тұқымы себіліп жүргені үшін республикамыз октябрь Пленумында әділ сыналды. Қазір жергілікті жерлерде осы сыннан тиісті қорытынды шығару бағытында жұмыс жүргізіліп жатыр. Көп жерде биыл тұқымды егіске әзірлеу жұмысының жайы бірсыдырғы тәуір. Республика бойынша дәнді дақыл тұқымының 72,3 проценті кондицияға жеткізілген. Оның 55 проценті бірінші, екінші класты тұқым. Ақтөбе облысында барлық тұқымының 93 проценті егу дәрежесіне жеткізілді. Шығыс Қазақстан, Қостанай, Семей облыстарында тұқымды тазартып, егіске әзірлеу толық аяқталуға жақын.

Қазіргі міндет тұқымды егіске әзірлеу жұмысындағы кейбір аудандарда орын алып отырған сылбырлықтан арылып, биыл бүкіл егіс көлеміне аудандастырылған, сортты тұқым себілуін қамтамасыз етуде болып отыр. Жай дәнді сортты тұқымға айырбастауды, оны тасып алуды тез аяқтаған жөн. Бұл жұмыс тұқымды түгел тазартып, сұрыптаумен, кондицияға жеткізумен ұштастырыла жүргізілуі керек.

Биылғы жыл республикада қарақұмық пен тары өндіру жөніндегі артта қалушылықты толық жоятын жыл болуға тиіс. Мұны әсіресе осы дақылдарды өндіруде шешуші роль атқаратын облыстардың шаруашылықтары қатты ескеруге міндетті. Сондай-ақ суармалы егіншілікті аудандарда суару жүйесін тазарту, тәртіпке келтіру, су құрылыстарын тиімділігіне жүргізу керек. Мұның бәрі суармалы егіншіліктің көлемін ұлғайтып, олардағы бидайдан, қант қызылшасынан, жүгеріден, күріштен және басқа дақылдардан мол өнім алынуын қамтамасыз етуге тиіс.

Биылғы қыста республиканың әсіресе астықты солтүстік-шығыс аудандарында қар қалың түсті. Бұл егіншілерді ерекше қуанышка бөлетін отыр. Жалпыға мәлім, қысқы ылғалдың молдығы егін шығымдылығын арттыруға негіз қалайды. Бірақ бұл егістікте қар тоқтатудың маңызын ешбір төмендетпейді. Қар тоқтату қысқы агротехникалық шаралар жүйесінде елеулі орын алады. Қостанай облысында 3,5 миллион, Целиноград облысында 3,2 миллион гектар қар жалдары тұрғызылды. Республика бойынша барлығы 13 миллион гектар жерге қар тоқтатылды. Тын өңірінде ылғалды молайту шарасын әлі де тоқтатпай жүргізе беру керек.

Механизатор — колхоз, совхоз өндірісіндегі шешуші тұлға. Ауыл шаруашылығын интенсификациялау, оны техникамен қайта жарактандыру, жерді мелиорациялау, химияландыру міндеттерін ойдағыдай шешу күллі деревня еңбеккерлерінің, әсіресе механизаторлардың бес аспап болуына, олардың мамандық шеберлігіне, жалпы білімділігіне байланысты. Мұның мәнісі совхоздар мен колхоздардағы сан алуан күрделі машина-техника шебер қолда болса ғана өнімді пайдаланылады, жұмыс берекелі болады деген сөз. Ал сан алуан мамандықты меңгеріп, бес аспап болу тракторшының, комбайншының, шофердің еңбегін қолдану өрісін кеңейтеді. Осы жағдай қазір механизатор кадрларын даярлаудың, олардың мамандығын арттырудың маңызын өлшеусіз өсіріп отыр.

Бізде ауыл шаруашылық жұмыстарының қауырт кезінде, әсіресе егін орағы тұсында механизаторлар жетіспей, оларды басқа жақтан шақыруға мәжбүр болып жүрміз. Мұның өзі қай жағынан болса да тиімсіз. Осыны ескере отырып, республикамыздың партия ұйымдары ауыл шаруашылық жұмыстарын сырттан адам шақырмай-ақ өзімізде даярланған механизаторлардың күшімен атқару бағытын берік ұстап отыр. Бұл үшін кәсіпорындарда істеп жүрген бұрынғы село механизаторларын ауыл шаруашылығына тарту көзделеді. Қазір кәсіпорындарда комбайншылар даярлайтын курстар жұмыс істейді. Рудный қаласындағы кәсіпорындарда құрылған курстарда 500 механизатор оқып жатыр. Бұл жұмысқа қалалық партия комитеті қамқорлық жасап, тікелей басшылық етуде.

Өнеркәсіп орындары мен ұйымдардағы жұмысшылар мен қызметшілерден механизаторлар даярлау туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советінің қаулысын барлық жерде мүлтіксіз жүзеге асыру міндет.

Селолық кәсіптік-техникалық училищелер механизатор кадрларын даярлап беретін негізгі дүкенге айнала бастады. Биыл бірсыпыра аудандарда ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелеріне адам қабылдау мөлшері арттырылды. Қазір мұндай оқу орындарында 54 мыңнан астам жігіт пен қыз оқып жүр. Мұнымен қатар шаруашылықтардың тікелей өздерінде тракторшы, комбайншы даярлайтын қысқа мерзімді курс ұйымдастырылып, оларға 40 мыңдай адам тартылған. Облыстардың денінде шаруашылықтардың өздерінде механизатор даярлау, қайта даярлау курстарына адам қабылдау тапсырмасы асыра орындалды.

Қостанай облысындағы «Аят» совхозы әйелдерінің «Механизатор мамандығын меңгерейік» деген патриоттық шақыруы республикада кең қолдау тапты. Қазір 12 мыңнан астам қыз-келіншек механизатор мамандығын игеруді алдарына мақсат етіп қойды. Село механизаторы болуға тілек білдірген әйелдердің ізгі талабын барлық жағынан қолдау керек. Олардың селолық механикаландыру училищелеріндегі, шаруашылықтарда құрылған курстардағы оқуын жақсы аяқтап, тиісті мамандық алып шығуына, кейіннен жемісті еңбек етуіне қолайлы жағдай жасау — колхоз, совхоз басшыларының, жергілікті партия, комсомол ұйымдарының, Советтердің күнделікті назарында ұстайтын маңызды іске айналуға тиіс.

Көктемгі егіс басталатын уақыт алыс емес. Егіс жұмыстарына әзірліктің барлық түрін тез аяқтау, бесжылдықтың төртінші жылының көктемін сақадай сай қарсы алу керек. Сол сияқты әрбір шаруашылықта көктемгі егісті қолайлы мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізудің нақты жоспарын осы бастан ойластырып жасаған жөн.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IX пленумы атап көрсеткеніндей, республика малшылары алдында да жауапты міндеттер тұр. Қазақстанның шаруашылықтары биыл мемлекетке 1 миллион 100 мың тонна мал мен күс егін, 1 миллион 770 мың тонна сүт, 106 мың тонна жүн, жүздеген мың қарақұл елтірісін сатуға тиіс. Бұл міндеттің абыроймен орындалуы партия, совет, ауыл шаруашылық органдарының мал шаруашылығына нақты да іскер басшылық жасауына байланысты.

Қыс — мал шаруашылығындағы ең қиын да жауапты кезең. Оны дұрыс ұйымдастырып, жақсы аяқтаудың мәні ерекше.

Бірақ биыл республиканың көптеген аймағында қыс қатты болды. Бұл қыстың өзіне тән ерекшеліктері бар. Ауа райы ерекше құбылмалы мұндай қыс көптен бері болмаған.

Мал қыстатуда әсіресе оңтүстік облыстарда жағдай ауыр болды. Январь айының ішінде, февральдің басында қар үсті-үстіне жауды. Оның қалыңдығы 1,3—1,6 метрге жетті. Қайсыбір жерде қардың қалыңдығы адам бойынан да асып кетті. Қалың қар жауғаннан кейін қатты жел, дауыл тұрып, алай-дүлей боран соқты, мал қыстатылып жатқан

жерге баратын жолды қар басып, бітеп тастады. Тіпті ферма іргесінде маяға үйілген шөпті малға беруге мүмкіндік қалмады. Күннің аязы да күшейді. Терістіктің сақылдаған сары аязы оңтүстікке де келіп жетті. Мысалы, Алматы облысының Балқаш өзені бойындағы мал отары учаскелерінде, Шымкент облысының Қызылқұм қысқы мал жайылымында күннің суықтығы 40—45, тіпті 50 градусқа жеткен кездер де болды. Мұның өзі малшылар үшін көп қиыншылықтар туғызды.

Облыстық, аудандық партия комитеттері, Совет атқару комитеттері, ауыл шаруашылығы басқармалары мал қыстатуда тап болған қиындықтарды жеңу бағытында жедел шаралар қолданды. Қыстақтарға баратын жолды тазартуға, қора басына жемшөп тасуға, малға су жеткізуге қалалардан ауыл-селоға транспорт, техника, құрал-жабдық, механикаландырылған арнаулы бригадалар жіберілді. Облыстардың, аудандардың арасында, шаруашылықтардың арасында басы артық жемшөпті қайта бөліп, өзара көмектесу жұмыстары жүргізілді. Жемшөбі жетіспейтін аудандарға мемлекет тарапынан тиісті көмек көрсетілді.

Дегенмен мал қыстатудағы қиындықтар әлі жойылып біткен жоқ. Оны тек табиғаттың дүлей күшінен болып отыр деп түсіндіру дұрыс болмас еді. Кейбір шаруашылық басшыларының қырсыздық жасап, жауапсыздыққа бой ұрғаны да мал қыстатудың жайын асқындырды. Ондайлар табиғаттан рақым күтіп, ауа райы жақсы болады деп үміттенді, малды жылдағыдай жайып, тебіндетіп қыстан шығарамыз деп ойлады. Қыстақтардың басында қора-жайды сайламады, жемшөптің сақтық қорын жасамады. Қар қалың жауып, аяз аркадан қысқан кезде бұлар қатты сасып абыржыды. Бұл шаруашылықтар үшін тым қымбатқа түсті: мал шығыны көп болды. Жамбыл, Шымкент, Алматы облыстарының кейбір шаруашылықтары жөнінде осыны айтуға болады. Шу ауданының шалғайдағы көптеген отарларында, табындарында табиғи пішен, минералдық азық жетіспеді, оларды тасып жеткізу үздік-создық жүргізілді. Суат көздері қалай болса солай жасалғандықтан аязды күндері қатып қалып, мал суаруды қиындатты. Ауданда жемшөпті малға ұқсатып беретін техника, су тартатын механизмдер толық іске қосылмады. Шаруашылықтарда малға жемшөпті ұнтақтап, булап, шылап беру ұйымдастырылмады. Қоны төмен малды ерекше күтімге алу ескерілмеді. Мұның аяғы мал шығынына әкеліп соқтырды. Ал аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитеті мал қыстатуда туған қиыншылықты жедел жеңу шарасын қолданбады. Шымкент облысының Қызылқұм, Сөзак, Жамбыл облысының Луговой, Мерке, Алматы облысының Ұйғыр, Жамбыл, Қарағанды облысының Жезді аудандарында да осындай елеулі кемшілік орын алды.

Шынында да биыл мал қыстату ең жауапты майданға айналды. Алай-түлей боранда, сақылдаған сары аязда мал соңында жүріп, оны бағып-қағу, аман сақтау оңай болмады. Қыстың қысылшан шағы туғызған қиындықтарға мойымай, қайта қасқая қарсы тұрып, сын сағатта сыр бермеген, қаһармандықтың, ерен ерліктің, табандылықтың, төзімділіктің нелер үлгісін танытқан малшыларымыз, механизаторларымыз қаншама десеңізші! Өйткені олар колхоз, совхоз малы — қоғам малы, ел дәулеті екенін кәміл түсінген. Олар осы байлықты көздің қарашығындай сақтау жолында, тіпті жеке басына хауіп-қатер төнген сәтте де, өзінің азаматтық борышын адал атқаруға жан аямай күш жұмсады. Тіпті өзінің шаршағандығын, шалдыққандығын да ұмытып кетті. Бұған қалайша сүйсінбессің! Қиындықты жеңудің алдыңғы шебінде әдеттегідей коммунистер мен комсомолецтер болып келеді. Жапан далада ұдайымен үш күн, үш түн бойы көз ашырмас алай-түлей боранмен алысып, ыққан бір отар қойды апаттан құтқарған Ақтөбе облысындағы партияның XX съезі атындағы совхозының карт шопаны Сахи Көшеровтің, Алматы облысындағы «Таусүгір» совхозының 9 отар қойын қармен бітеліп қалған терең сайдан алып шығу үшін екі күн бойы күрескен село

активтерінің, долы боранда мыңға жуық қойды адастырмай, жалғыз өзі бір күн бойы тау бөктеріне иіріп аман баққан Павлодар облысындағы «Жосалы» совхозының жас шопаны Қабдел Жақияновтың, Қызылқұмдағы отар учаскелеріне мұзды қардан жол салуда үш күндей дамыл таппай еңбек еткен Шардара құрылыс басқармасының механизаторлары Ілияс Жарбаев пен Петр Карповтың ерліктері ғажап емес пе?

Фермаларда енді көп ұзамай мал жаппай төлдейді. Бұған әрбір колхоз бен совхоздың мұқият әзірлікпен келуін ескеру керек. Жұрт төл алуды малшының орағы деп атайды. Мал қыстатуды табысты аяқтағанда ғана ол «орақ» берекелі болмақ. Колхоз, совхоз басшылары, бастауыш партия ұйымдары төлдейтін малды және төлді бағып-қағу ісінде өз міндетін адал атқаратын, ұқыпты адамдардың жұмыс істеуіне зер салғаны абзал.

Қазір малдың дені әлі де қолда бағылып жатыр. Алдағы уақытта да ауа райының құбылмалы қиын кезеңдері болатыны хақ. Бұған да қарсы тұруға әзір болу керек. Партия, совет, ауыл шаруашылық органдары әр фермадағы істің жайын терең зерттеп білуге, ашылған кемшілікті жою жөнінде нақты шара қолдануға тиіс. Малдың жейтін шөбі, ішетін суы жеткілікті, қорасы жылы, жайлы болуын мықтап қадағалап отыру керек. Сонымен бірге жемшөптің белгіленген рацион бойынша үнемдеп жұмсалуына зер салған жөн. Мал мамандары осы жұмысқа бас-көз болуға борышты. Қысқасы, мал қыстатуды әрбір шаруашылықта ойдағыдай аяқтауға барлық күш-мүмкіншілік жұмылдырылсын! Бүгінгі күннің басты талабы осы.

Малшы еңбегі — қастерлеп құрметтеуге, мадақтап көтермелеуге әбден лайық еңбек. Малды аман сақтағаны, оның өнімділігін еселеп арттырғаны үшін малшыларды материалдық-моральдық жағынан ынталандырудың маңызы ерекше. Аудандардың кейбіреуінде малды қыста бағып күту жолында көзге түскен малшыларға заттай сыйлық беру қолданылып келеді. Мұны барлық жерде де іске асырған жөн.

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда, оны мемлекетке көп сатуда сиырлардан сүт саууды молайту үлкен орын алады. Жақында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі Алматы қаласының халқын сүтпен жабдықтауды одан әрі жақсарту жөніндегі шаралары туралы қаулы қабылдады. Бұл қаулының республикамыздың басқа облыстарына да тікелей қатысы бар. Демек, оны жүзеге асыруға партия ұйымдары мықтап назар аударуға міндетті.

Республикамыздың ауыл-селосында 150 мыңнан астам коммунист жұмыс істейді. Бұл — бесжылдықтың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресте қуатты күш. Тек оны дұрыс пайдаланып, колхоз, совхоз өндірісіне партиялық ықпалды мықтап арттыру керек. Қазір селолық аудандық партия комитеттеріне ерекше жауапкершілік жүктелген. Олар бұқара арасындағы ұйымдастыру, саяси-үгіт, тәрбие жұмыстарын күшейтуге тиіс. Бастауыш партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін арттыру, коммунистердің авангардтық ролін көтере түсу, кадрларға талапты күшейту, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне ұйымдастырылған социалистік жарысты кең өрістетуге, ауыл-село жұртшылығын партияның XXIII съезі, КПСС Орталық Комитеті октябрь Пленумы алға қойған міндеттерді орындауға жаппай жұмылдыру — селолық аудандық партия комитеттерінің айбынды міндеті.

1969 жыл республикамыздың әрбір село еңбеккері үшін екпінді де еселі жұмыстың лениндік жылы болуға тиіс. Ол үшін егіншілік пен мал шаруашылығынан мол өнім алуға барлық күш-қайратымызды, біліміміз бен тәжірибемізді пайдаланайық!

Бюроның шешімі және істің орындалуы

Н. БОЛАТБАЕВ,

Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші секретары

Аудандық партия комитеті — селодағы саяси басшылық органы. Ол аудан өміріне қатысты бүкіл істің тағдырына жауап береді, өзіне тән партиялық әдістерді пайдалана отырып, аудан көлемінде партия мен үкімет саясатының мүлтіксіз, дәйекті жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Аудандық комитеттің осы талап дәрежесінде болуы оның жауынгер штабы саналатын бюроның жұмысына көп байланысты. Бюро өзінің және аппараттың жұмысын қалай ұйымдастырған, бюро мүшелері өз міндеттеріне қалай қарайды, оның кадрлармен, бастауыш партия ұйымдарымен қарым-қатысы қандай, бюро шаруашылық пен мәдениет құрылысының, партиялық саяси-ұйымдастыру жұмысының сан алуан мәселелері ішінен ең өзекті, проблемалық маңызы барларын дәл байқап, дер кезінде көтеріп отыра ма немесе күнделікті ағымдағы істердің ығында кете ме, бюроның шешімі мен оның орындалуы арасында алшақтық жоқ па — міне осы сұрауларға берілетін жауаптың мазмұны белгілі дәрежеде аудандық комитеттің жұмыс нәтижесінің өлшемі болмақ.

Демек, бюроның жұмыс стилі мен әдістерін тынбастан жетілдіру — аудандық партия комитетінің ең басты қамқорлық жасайтын істерінің бірі. Осы тұрғыдан біз бюро жұмысын ұйымдастыруға байланысты кейбір тәжірибемізді ортаға салуды жөн көріп отырмыз.

Бізде бюро өзінің бүкіл жұмысын аудандық комитеттің перспективалық жоспарына сүйеніп жүргізеді. Әрине, жоспарды орындау барысында өмірдің өзі шұғыл назар аударып, жедел шешуді қажет ететін мәселелер туғызбай тұрмайды. Дегенмен біз мүмкіндігі болғанынша олардың көбін практикалық жұмыс үстінде, қолма-қол тындырып, бюро мәжілістерінде алдын ала ойластырылған проблемалық мәселелер қарауға тырысамыз.

Әдетте бюрода партияға адам қабылдау, кадр, коммунистердің дербес істері жөніндегі мәселелерден басқа ауыл шаруашылық өндірісінің немесе партиялық жұмыстың түйінді бір мәселесі талқыланады. Мұның өзі қаралатын мәселені терең зерттеп, жан-жақты әзірлеп, тиянақты шешім қабылдауға және аппарат қызметкерлерінің қабылданған шешімінің орындалуын асықпай-аптықпай, іскерлікпен ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Өткен жылы аудандық комитеттің бюросы перспективалық жоспарға сәйкес 23 мәселе қарады. Олардың тақырып шеңбері мен мазмұнын

аңғарту үшін бірнешеуін атасак та жеткілікті. Мәселен, «Октябрь» совхозы парткомының өндірісті мамандандыру ісіне басшылығы, Афанасьев совхозы партия комитетінің экономикалық жұмысты ұйымдастыру тәжірибесі, Ыбыраев атындағы совхоз парткомының комсомолға басшылығы, Октябрь селолық Советінің депутаттар мен активистер арасындағы жұмыс тәжірибесі, тағы-тағылар.

Бюрода қаралатын әрбір мәселе алдын ала мұқият зерттеледі. Мәселені әзірлеуге сол мәселенің жай-жапсарын егжей-тегжейлі білетін активистер, мамандар, аудандық комитет мүшелері тартылады. Жиналған материалдар, шешім жобалары мәжіліс болардан бірнеше күн бұрын бюро мүшелеріне беріледі. Демек, бюроның әрбір мүшесі ойланып-толғанып, мәжіліске басалқалы пікірмен, дайын ұсыныстармен келеді. Мәжіліс үстінде бір-бірінің аузына қарап отырмай, мәселені талқылауға, шешуге белсене қатысады.

Бастауыш партия ұйымдары — аудандық комитеттің басты сүйеніші. Біз бастауыш ұйымдарда жинақталған тәжірибені уақтылы зерттеп, қорытып, басқаларды сол озат тәжірибе негізінде тәрбиелеу — бүкіл аудандағы партиялық жұмысты жақсартудың шешуші шарты деп есептейміз. Сондықтан да аудандық комитеттің бюросы бұл мәселеге көбірек назар аударады. Бір мысал келтірейік.

Аудандық комитеттің бюросы өткен жылғы сентябрьде «Приишим» совхозы парткомының шаруашылық кадрларын іріктеу және тәрбиелеу жұмысы туралы мәселе қарады. Бюроның күн тәртібіне бұл мәселенің қойылуы мына мақсаттан туған еді. 1966 жылы аудандық комитеттің пленумы осы шаруашылықта кадрларды іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу ісіндегі кемшіліктерді сынаған болатын. Содан бергі уақыт ішінде совхоз парткомы (секретары аудандық комитет бюросының мүшесі И. Попов жолдас) сыннан қорытынды жасап, кадрлармен жұмысты мықтап жақсартты. Партия ұйымының бұл саладағы тәуір істері көзге шалынып, әр жерде атала бастады. Өткен жылы бастауыш ұйым секретарьларының семинарында «Приишим» совхозы парткомының кадрларды іріктеу, тәрбиелеу жөніндегі тәжірибесін аудандық комитет тереңірек зерттеп, таратса деген тілек айтылды. Партия ұйымдары секретарьларының осы тілегіне орай аудандық комитеттің бюросы жоғарыда аталған мәселені перспективалық жоспарға енгізді.

Мәселені әзірлеуге аудандық партия комитетінің мүшесі, совхоздың бас агрономы Ф. Батрак, аудандық комитеттің мүшелігіне кандидат Ә. Бейсенбаев, ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы Ө. Омаров, барлығы жеті адам қатысты. Олар совхозда бірнеше күн болып, өндірістің барлық саласындағы партиялық жұмыстың жайымен танысты, партия активімен, шаруашылық мамандарымен, коммунистермен әңгімелесті.

Шаруашылықтағы 177 коммунистің 125-і тікелей өндірісте еңбек етеді. 76 маманның, бөлімше басқарушылары мен бригадирлердің дені осы шаруашылықтың өзінде тәрбиеленіп өскен, тұрақты кадрлар. Жетекші мамандардан 30-ға жуық адамның жоғары және орта дәрежелі арнаулы білімі бар, қалғандары практиктер. Олардың да көбісі, атап айтқанда 5 кісі жоғары оқу орындарында, 4 кісі техникумдарда сырттан оқып жүр.

Совхоз дирекциясы мен партком жетекші кадрлар құрамын өндірісте, қоғамдық өмірде үздік еңбегімен, белсенділігімен, іскерлігімен көрінген, коллектив арасында беделді адамдар есебінен толықтыруға берік бағыт ұстап келеді. Соңғы екі жылдың өзінде жүгері өсіруші механизатор А. Брагин трактор бригадасының бригадирі, қойма меңгерушісі Н. Пономаренко № 1 бөлімше басқарушысы, қатардағы зоотехник М. Вафин бас зоотехник, есепші А. Халыков аға бухгалтер болып жоғарылатылды. Бұлардың бәрі де өздеріне көрсетілген сенімді абыроймен ақтап жүр.

Партия ұйымы кадрларға қатаң талап қояды. Олардың әрқайсысы

ның жұмысы жүйелі бақылауға алынған. Партия ұйымы сонымен бірге кадрлардың экономикалық білімін, ұйымдастырушылық шеберлігін көтеруге мұқият көңіл бөліп келеді. Совхозда тұрақты экономикалық семинар жұмыс істейді. Айына екі рет өтетін бұл семинардың сабақтарын совхоз директоры, мамандар жүргізеді.

Кадрларды іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу ісінің жолға қойылуы совхоз экономикасын көтеріп, оның шаруашылық көрсеткіштерін үздіксіз жақсартуға ықпал жасап келеді. Совхоз соңғы жылдары облыстағы озат шаруашылықтардың біріне айналды, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруды ауданда бірінші болып қолға алды. Совхоз бойынша мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспары үш жылда артығымен орындалды. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау тапсырмалары да ойдағыдай орындалуда.

Мәселені әзірлеуге қатысқан жолдастар, сондай-ақ совхоз директоры А. Донченко мен партком секретары И. Попов жолдастар аудандық комитеттің бюро мәжілісінде партия ұйымының осындай жақсы істерін жинақтап, жан-жақты талдап көрсетті. Бюро «Приишим» совхозы парткомының кадрлармен жұмыс істеу жөніндегі тәжірибесін мақұлдап, оны ауданның барлық партия ұйымдарына таратуды ұйғарды. Сонымен бірге ол кадр мәселесінде әлі де тиянақты шешілмеген кейбір мәселелерге партия ұйымының назарын аударды. Мәселен, совхоздың шаруашылық кадрларының арасында арнаулы жоғары білімі барлар әлі де аз. Кейбір бөлімше агрономдары мен зоотехниктері өндірісті басқару шеберлігін меңгеріп кете алмай жүр. Кадрлардың экономикалық оқуы да терең ойланып, жетілдіре түсуді талап етеді.

Аудандық комитет қаралған мәселе бойынша қаулы қабылдаумен тынған жоқ. Бюро өткеннен кейін аудандық комитеттің секретарьлары, бөлім меңгерушілері, нұсқаушылары барлық шаруашылықтарда болып, кадрларды іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу ісінің жай-жапсарымен танысты. «Приишим» совхозы парткомының кадрлармен жұмыс жүргізудегі тәжірибесінің мәнін, оны қалай пайдалануға болатынын түсіндірді, партиялық жұмысты жолға қоюға, цех партия ұйымдары секретарьларының семинарларын өткізуге, партия шаруашылығын ретке келтіруге көмектесті.

Аудандық партия комитетінің бюросы ВЛКСМ-нің 50 жылдығы атындағы совхоз парткомының еңбекшілерге саяси-идеялық тәрбие беру, ауызша және көрнекі үгітті ұйымдастыру жөніндегі тәжірибесін де осындай әдіспен қорытты. Бюроның қаулысына сәйкес насихат және үгіт бөлімі бұл партия ұйымының тәжірибесін баяндайтын арнаулы плакат шығарып, барлық партия ұйымдарына таратты, аудандық «Новатор» газетіне партком секретары В. Токушев жолдастың мақаласын жариялады, жер-жерлерде бұқаралық-саяси жұмысты жолға қоюға тікелей ат салысты.

Мысалы, насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі К. Мұқанов жолдас «Семипольский» совхозында біраз уақыт болып, ВЛКСМ-нің 50 жылдығы атындағы совхоз парткомының тәжірибесін енгізуге көмектесті. Мұнда бұрын жергілікті радио торабы тек хабарлар беруге ғана пайдаланылатын. К. Мұқанов жолдас совхоз парткомымен бірлесе отырып радиогазет ұйымдастырды. Оның жұмыс жоспарын жасап, алғашқы номерін шығарысты. Радиогазетке редактор болып орта мектептің мұғалімі Г. Қарсеева тағайындалды.

Қазір бұл совхоздағы радио торабы бұқаралық-саяси жұмыстың орталығы болып отыр. Радиогазет әр он күн сайын шығарылады. Совхоз басшылары мен мамандары, партком мүшелері, мұғалімдер, медицина қызметкерлері, насихатшылар, еңбек озаттары радио арқылы сөз сөйлеп, коллективтің өндірістік-тұрмыстық мәдени өміріне қатысты алуан түрлі мәселе көтереді. Радиогазет материалы пленкаға жазылып, магнитофон

арқылы орталықтан тысқары елді мекендердің, бөлімшелердің, бригадалар мен фермалардың еңбеккерлеріне де түгел жеткізіледі.

Аудандық партия комитеті өз шешімдерінің орындалуын тексеру және ұйымдастыру үшін алуан түрлі әдістерді пайдаланады. Соның ішінде екі айда бір рет өткізілетін партия қызметкерінің күні көп пайда келтіріп жүр. Біз совхоз парткомдары мен өнеркәсіп, құрылыс партия ұйымдары секретарьларының күнін бөлек-бөлек өткіземіз. Бұл күні олар бас қосып, емін-еркін пікір алысады, өздерін толғандырып жүрген ойларын, ұсыныстарын ортаға салады, жоғары партия органдары мен өз шешімдерінің қалай орындалып жатқанын баяндайды, талаптар қояды. Партия ұйымдарының тәжірибесі қорытылып, кемшіліктер, оған кінәлі адамдар сыналады. Сондай-ақ аудандық партия комитеті де өзінің жұмысы, бюро мәжілістері мен пленум қаулыларының орындалуы жайлы бастауыш ұйым секретарьларына хабар жасайды. Осы әдіспен совхоз парткомдары да өздерінде ай сайын цех партия ұйымдары секретарьларының күнін өткізіп тұрады.

Бастауыш ұйымдарға практикалық көмек көрсетуде аудандық комитеттің жанынан қоғамдық негізде құрылған ұйымдастыру-партия жұмысының кабинеті маңызды роль атқарып келеді. Кабинеттің методикалық советі партия ұйымдарындағы, жергілікті Советтердегі ұйымдастыру, істің орындалуын тексеру жұмыстарының тәжірибесін жинақтап, материалдар әзірлейді, бастауыш ұйым секретарьларына ақыл-кеңес береді.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығын өрге бастыру жөнінде ҚПСС Орталық Комитеті жүзеге асырған пәрменді шаралар, аудандық партия комитетінің шаруашылықтарға, бастауыш ұйымдарға басшылығының жақсаруы, дикандар мен малшылардың қоғамдық еңбек нәтижесіне материалдық және рухани ынтасының артуы аудан экономикасын мықтап көтеруге мүмкіндік берді. Аудан совхоздары соңғы үш жылда мемлекетке 32,7 миллион пұт астық сатып, бесжылдық жоспарды мерзімінен екі жыл бұрын орындады. Осы мерзім ішінде олардың таза пайдасы 19 миллион сомнан асты. Аудандағы 10 совхоз түгелімен рентабельді жұмыс істейтін дәрежеге жетті.

Аудан еңбекшілерінің биылғы нысанасы да осал емес. Олар В. И. Лениннің туғанына 100 жыл, Қазақ ССР-іне елу жыл толуы құрметіндегі социалистік жарысты өрістете отырып, барлық совхоздар бойынша орта есеппен дәнді дақылдардың әр гектарынан 14,5 центнерден өнім жинауға, мемлекетке ең кемі 8 миллион пұт астық сатуға міндеттенді.

Бұл міндет аудан партия ұйымының басшылық стилі мен әдістерін, соның ішінде бюросының жұмысын бұрынғыдан да жетілдіре түсуді, коммунистер мен барлық еңбекшілердің күш-жігерін барынша жұмылдыруды талап етеді. Біз аудандық комитет бюросының қызметінде әлі де болса кемшіліктер, олқылықтар бар екенін жақсы білеміз. Ол кемшіліктерді іс үстінде жоя отырып, партиялық жұмыстың барлық саласын қазіргі талап дәрежесіне көтеруге, сөйтіп аудан алдына қойылған саяси-шаруашылық міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуге күш саламыз.

Солтүстік Қазақстан облысы.

Алынған асу

И. АРЫНЖАНОВ.

Теректі аудандық партия комитетінің бірінші секретары

Ауыл шаруашылығын өрге бастыру жөнінде соңғы жылдары партияның Орталық Комитеті жүргізген экономикалық және ұйымдастыру шаралары колхоздар мен совхоздардың, селолық партия, совет, шаруашылық органдарының инициативасына кен өріс ашты. Ең бастысы — село еңбеккерлерінің қоғамдық өндірісті үздіксіз өркендетуге ынта-ықыласы артты, шаруашылықтың әрбір саласын экономикалық есеппен, ақыл-парасатпен жүргізуге, қаражат пен адам күшін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік туды.

Ауыл шаруашылығының еңбеккерлері партияның қамқорлығына нақты іспен, шабытты еңбекпен жауап беруде. Мұны біздің ауданның мысалынан да айқын көруге болады. Соңғы жылдары аудан шаруашылықтарының бәрі дерлік егіншілік мәдениетін көтеріп, дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру, төрт түлік малды көбейтіп, өнім сапасын жақсарту бағытында ілгері қарай елулі қадам жасады. Аудан бойынша бесжылдықтың алғашқы үш жылында астықтың жалпы түсімі бір жарым еседен астам ұлғайды. Ауданның колхоздары мен совхоздары үш жыл ішінде мемлекетке 3 673 924 центнер астық сатып, бесжылдыққа белгіленген тапсырманы мерзімінен екі жыл бұрын 70 мың центнер артығымен орындады.

Астықтың жалпы түсімі негізінен әрбір гектардан алынатын өнімнің артуы есебінен ұлғайды. Соңғы үш жыл ішінде аудан бойынша әр гектардан жиналған астық 10,6 центнерден айналды, яғни 1965 жылғымен салыстырғанда екі еседей өсті.

В. И. Ленинің туғанына жүз жыл толуы құрметіндегі жарысты өрістеті отырып, аудан еңбеккерлері өткен жылы өте-мөте үздік табысқа жетті. Отан қоймасына 17 400 мың пұт Теректі астығы құйылды. Әр центнер астықтың өзіндік құны жоспардағы 4 сом 83 тиынның орнына 2 сом 73 тиынға түсті. Ал Мичурин және Калинин атындағы колхоздарда, «Трудовик», «Шаған» совхоздарында астық бұдан да арзан өндірілді. Осының нәтижесінде аудан шаруашылықтары мемлекетке астық сатуының өзінен 31 миллион сомнан астам кіріс алды. Совхоздардың таза пайдасы 17 миллион сомнан асты. Мұның мәнісі — колхоздар мен совхоздардың өз шаруашылықтарын оған сайын өркендетуге, еңбеккерлердің материалдық-мәдени тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндіктері молайды деген сөз.

Бесжылдықтың үш жылында ауданның партия, совет, шаруашылық органдары қоғамдық мал санын көбейтіп, өнімділігін арттыру бағытында көп жұмыс атқарды. 1967 жылы ауа райының қолайсыз болуымен байланысты аудан шаруашылықтары орасан көп малды мемлекетке өткізуге мәжбүр болған еді. Малшылардың қажырлы еңбегі арқасында мұның есесі өткен жылы қайтарылды. 1969 жылдың бірінші январына қарай өткен жылдың басындағымен салыстырғанда ірі қара 18,7 процент, қой 2,1 есе, шошқа 2,4 есе көбейді. Соңғы үш жылда аудан бойынша мемлекетке 82 785 центнер ет, 289 527 центнер сүт тапсырылды.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетумен қатар малшылардың еңбегін жеңілдетуге айрықша маңыз беріліп отыр. Мал фермаларындағы еңбекті көп тілейтін процестерді механикаландыру қарқынын күшейтуге шаралар қолданылуда. Соңғы уақыттардың өзінде 34 мал қорасында ав-

тосуарғыш, 25 қорада жемшөп турағыш, 27 қорада көн жинағыш орнатылды. Мал азығының берік базасын жасау жөнінде де тындырылған істер бар.

Мал шаруашылығын сөз еткенде партия, совет ұйымдарының малшы кадрларды дұрыс іріктеп, орналастыруға ерекше мән беріп отырғанын атап айту керек. Қазір ауданның әрбір шаруашылығына шаққанда 5 мал маманы бар. Ең таңдаулы коммунистер мен комсомолестер мал фермаларына жіберілуде. Мал шаруашылығында еңбек етіп жүрген 1115 қызметкердің көпшілігі коммунистер мен комсомолестер.

Мал фермаларында 19 партия тобы, 8 партия-комсомол тобы, 9 комсомол тобы, халық бақылаушыларының 127 посты құрылған. Олардың құрамындағы белсенділер өндірісте өздері өнеге көрсетумен қатар барлық жерде еңбектің дұрыс ұйымдастырылуын, әрбір малшының, сауыншының, шопанның малды бағу, күту, азықтандыру тәртібін мұқият сақтап, өнімді еңбек етуін қадағалайды; социалистік жарысты өрістетуде, озат тәжірибені таратуда, саяси-тәрбие жұмысын жүргізуде партия ұйымдарына көмектеседі.

«Красный Октябрь» колхозының үшінші бригадасында құрылған партия тобының жақсы жұмысын атап өтуге болады. Топты аға шопан Дүйсекеев жолдас басқарады. Оның құрамындағылар: бригадирдің көмекшісі Федин, мал азықтандырушы Қиясов, сүт тасушы Спичак, кочегар Макаренко, сауыншы Қиясова, жұмысшы Бұсырманов. Топтың әрбір мүшесі белгілі жұмыс буынына жауап береді. Олар октын-октын бас қосып, өз учаскелеріндегі жұмыстың жайын баяндайды, қандай мәселеге басты назар аудару қажет екенін ақылдасады, кезекті істелетін істерді күнделігіне жазып алады, өздерінің шамасы келмейтін іс болса, колхоз басқармасы мен партия ұйымының алдына мәселе қояды. Еңбекті дұрыс ұйымдастырудың және партия тобының ынтымақты бақылауының арқасында бригада да мал шығыны жоқ. Бригада коллективі мал өнімдерін өндіруде де ең алдыңғы қатарда келеді.

Калинин атындағы колхоздың, «Долинский», «Трудовик», «Шаран» совхоздарының бригадаларында құрылған партия топтарының көпшілігі жөнінде де осындай жылы пікір айтуға болады. Тегінде өндірістің шешуші буындарында партия топтарын құру партия ұйымының бұқарамен байланысын күшейтіп, істің орындалуын жоспарлы ұйымдастыруға мүмкіндік беретін құрал екенін тәжірибе айқын көрсетті. Сондықтан да біз партия топтарын онан әрі нығайтып, олардың жұмыс стилін жетілдіре түсуге алдағы уақытта да мұқият көңіл бөлетін боламыз.

Ауыл шаруашылығының барлық саласын шалшаң қарқынмен өркендетудің нақты жолын белгілеп берген КПСС Орталық Комитеті октябрь Пленумының шешімдерін аудан еңбекшілері зор қанағат сезімімен, асқан ынта-жігермен қарсы алды. Олар бұл тарихи документті терең талқылай отырып және В. И. Ленинің туғанына жүз жыл толуы мен Қазақ ССР-інің елу жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы бүкіл халықтық қозғалысқа қосылып, өздерінің мүмкіндіктері мен резервтерін қайта есептеді, сөйтіп 1969 жылы мемлекетке 721 мың центнер астық, 40 400 центнер ет, 75 500 центнер сүт, 1 миллион 350 мың жұмыртқа, 500 центнер жүн сатуға міндеттенді.

Қазір аудан партия ұйымдары октябрь Пленумының шешімдерін әрбір еңбекшіге түсіндіре отырып, бұқараның күш-жігерін осы міндеттемені абыроймен орындау, барлық шаруашылықтардың экономикалық көрсеткіштерін мейлінше жақсарту, тұрмыстық және мәдени құрылыстарды өрістетуге күресіне жұмылдыруда. Бұл күресте арқа сүйер негізгі құралымыз шаруашылықтың барлық буынын тұтас қамтыған социалистік жарыс, өндіріс озаттарының үздік өнегесі болмақ.

Социалистік жарыс ұйымдастыруда жергілікті партия органдарының айтарлықтай тәжірибесі бар. Өткен жылдың өзінде егіп жинау науқаны кезінде екі жарым мыңнан астам адам жарысқа түсті. 500-ге жуық

коммунист, 600-дей комсомолец астық үшін айқастың алғы шебінде жарыс ұйтқысы болды. Жарыс үстінде ерлік еңбектің ғажап өнегелері туындап, өндіріс шамшырақтарының қатары көбейе түсті. Бізде Цмок, Широкоступа, Томляк, Макаренко, Бондаренко, Галкин, Трегуб, Хохлов, Селиванов сынды комбайншылардың, Сазонов, Құлниязов, Жұмағалиев, Гудолин, Голобородько, Дүйсенғалиев сияқты шоферлардың есімдері мен өнегелі істері бүкіл аудан жұртшылығына аян.

Шаруашылықтардың бәрінде мамандықтар бойынша социалистік жұмыс дегеніміз — еңбеккерлерге қамқорлық жасау, олардың тұрмысын сауыншы, бұзаушы, т. б. құрметті атақтарды жеңіп алу үшін күресуде. Мұндай жарыста үздік шыққандардың есімдері «Еңбек даңқы» кітабына жазылады, суреттері құрмет тақтасына ілінеді, әрқайсысының үйіне көркемделген металл тақта қағылып, «Бұл үйде пәлен деген өндіріс озаты (сауыншы, комбайншы, т. б.) тұрады» деп жазылады, тәжірибелері баспасөзде, қабырға газетінде, жиналыстарда насихатталады.

Өндіріс озаттарына көрсетілген шынайы құрмет пен ілтипат бұқараға шапағатты әсер етіп, әрбір адамның неғұрлым жемісті еңбек етуге ынта-ықыласын өршітуде. Ауыл шаруашылығы еңбегінің барлық саласында тапсырмаларын мінсіз орындайтын майталмандардың үздіксіз көбеюі бұған айқын дәлел.

ҚПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумы бұқара арасындағы жұмыс дегеніміз — еңбеккерлерге қамқорлық жасау, олардың тұрмысын жақсарту, бүкіл село өмірінің мәдениетін көтеру деген сөз деп атап көрсетті. Орталық Комитеттің осы нұсқауын басшылыққа ала отырып, аудан партия ұйымдары, шаруашылық басшылары еңбек адамдарына тұрмыстық-мәдени жағдай туғызу мәселесімен бұрынғыдан тереңірек, нақтырақ шұғылдана бастады. Селоларда мәдениет үйлері, клубтар, мектептер көптеп салынууда, фермаларда телевизоры, радиоқабылдағышы, кітапханасы бар қызыл мүйістер ашылууда, елді мекендерді көркейту жолындағы қозғалыс кең өріс алууда.

Бастауыш партия ұйымдарының жауынгерлік іскерлігі мен ықпалының артуы, бұқараның күннен күнге өрістеген өндірістік белсенділігі игі жемісін беріп келеді. Аудан шаруашылықтары түгелдей 1969 жылдың мол өніміне жақсы негіз қалады. Барлық егістік жерде зябь жыртылды, қар тоқтатылды. Тұқым жеткілікті құйылып, оны егу дәрежесіне жеткізу, техниканы әзірлеу жұмысы қызу жүргізілуде. Ауыл шаруашылық машиналарын жөндеудің төртінші тоқсанға белгіленген тапсырмасы мерзімінен бұрын орындалды. Әрбір шаруашылықты өз механизаторларымен толық қамтамасыз ету үшін барлық жерде тракторшыларды, комбайншыларды даярлайтын және қайта даярлайтын курстар ұйымдастырылып, жұмыс істеуде.

Мал шаруашылығының қызметкерлері де қоғамдық малды қысқан аман шығару үшін күресуде.

Міне осының бәрі аудан еңбеккерлері үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде қабылдаған көтеріңкі міндеттемені мүлтіксіз орындайды, сөйтіп В. И. Лениннің туғанына жүз жыл толуын лайықты тартулармен қарсы алады деген кәміл сенім туғызып отыр.

Орал облысы.

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП

ПАРТКОМ — КОЛЛЕКТИВТІК ОРҒАН

Алматы облысының Үйғыр ауданындағы «Абат» колхозы парткомының секретары Т. Омаров жолдас партком жұмысын ұйымдастыруға байланысты кейбір мәселелерге түсінік беруді сұрайды.

Сұрақ. Бізде колхоз парткомының айына екі рет шақырылатын мәжілісі үнемі басқарма мәжілісімен бірге өткізіледі. Осынымыз дұрыс па?

Жауап. Колхоз партия комитеті — сол шаруашылықтағы коллективтік саяси басшылық органы. Ол ұйым өміріне, колхоз өндірісіне қатысты мәселелерді өзіне тәп партиялық әдістермен шешеді. Осыған байланысты партком мәжілісі мен басқарма мәжілісінің үнемі бірге өткізілуін мақұлдауға болмайды.

Партия ұйымы колхоз басқармасы секілді оперативтік-әкімшілік қызметін атқармайды және атқаруға тиіс емес те. Колхоз өндірісіне қатысты күнделікті оперативтік-шаруашылық мәселелерді, партия ұйымының ұсыныстары мен ақыл-кеңесін ескере отырып, колхоз басқармасының өзі шешуге тиіс. Ал партия ұйымы мен ол сайлаған партия комитеті ұйымдастыру жұмысын өрістетуге, шаруашылық басшыларының, мамандарының, барлық коммунистердің тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру жолымен партия шешімдерінің, шаруашылық алдында тұрған міндеттердің орындалуын саяси жағынан қамтамасыз етеді.

КПСС Уставында өндіріс, сауда кәсіпорындары, совхоз, сондай-ақ колхоз партия ұйымдарына әкімшілік қызметін бақылау правосы берілген. Мұның мәнісі колхоз парткомы өндірістің кез келген буынын, басқарма жұмысын бақылап, тексере алады, өндірістік жоспарлардың орындалуы, кадрлармен жұмыстың жайы, т. б. мәселелер жөнінде колхоз председателінің, бригадирлердің есебін тыңдай алады деген сөз. Демек, партком колхоз басқармасының ағымдағы оперативтік-әкімшілік қызметіне араласпай-ақ, оның жұмысын партиялық әдістермен бақылап, колхоз өндірісіне басшылық жасайды.

Әрине бұдан партком мүшелері мен басқарма мүшелері бас қосып, белгілі бір мәселені бірлесіп талқылай алмайды деген ұғым тұмайды. Колхоз өндірісіне қатысты түбегейлі, проблемалық мәселелерді партком мен басқарманың күш қосып әзірлеп, ыпты-мақтасып шешкені әбден орынды және солай ету керек те. Бірақ мәжіліс біткеннің бәрі бірге өткізуді жүйеге айналдырып жіберу дұрыс емес.

Асылы, бүкіл колхоз өміріне байланысты күрделі мәселелерді талқылап шешу үшін ашық партия жиналыстары өте қолайлы әдіс. Мұндай жиналыстарда күш тәртібіндегі мәселені талқылауға, коммунистермен бірге партияда жоқ колхозшылар да белсенді қатысады. Олар сұрақ беріп, жарыс сөзге шығып, ұсыныстар жасай алады. Тек партия жиналысы болғандықтан оның президиумына сайлануға және шешім қабылдағанда дауыс беруге коммунистер ғана правосы. Мұны жиналысқа қатысқан партияда жоқ жолдастарға итифатпен, жақсылап түсіндіру керек.

Сұрақ. Колхоз парткомының әрбір мүшесіне белгілі міндет жүктеледі. Сол міндеттің орындалуын қалай бақылау керек? Партком мәжілісінде бақылау ретінде оның жеке мүшелерін тыңдауға бола ма?

Жауап. Партком өзінің бүкіл жұмысын коллективтік басшылық принципімен, яғни мәселелерді бірлесіп талқылап, шешімдерді бірлесіп қабылдап, істің орындалуына жеке-жеке жауапкершілік тағайындау әдісімен жүргізеді. В. И. Лениннің сипаттағанындай, «Талқылау — ортақ, жауапкершілік — жеке-жеке».

Демек, сайлана салысымен партком мүшелерінің міндеттерін атап-атап белгілеп беру өте қажет. Мұндай ретте партком мүшесі өзінің не үшін жауап беретінін жақсы біледі, өзіне тапсырылған жұмыс буынын жете зерттеп, тәжірибе жинап, қажетті жағдайда дұрыс ақыл-кеңес бере алады, мәселелерді білгірлікпен көтереді. Сондай-ақ өз мүшелерін нақты учаскелерге бекіту арқылы партком ұйымының бүкіл өмірін, коллективтегі істің барлық жағдайын назарында ұстайды.

Партком мүшелерінің міндеттерін бөліп белгілеуге қалай болса солай, формальды қарамау керек. Олардың әрқайсысының тәжірибесін, білімін, мамандығын, бейімін ескеріп, мүмкіндігінше лайық тапсырма беру қажет.

Партком мүшелері парткомның және өздерін сайлаған партия ұйымының алдында есеп береді. Олардың міндеттерін қалай атқарып жүргенін ең алдымен партком секретары қадағалайды, солар арқылы ол қай буында партиялық жұмыстың қалай жүріп жатқанын күнбе-күн біліп отырады.

Көптеген партия ұйымдарының тәжірибесінде мынадай практика қалыптасқан. Партком өз жоспарына сәйкес белгілі бір мәселені талқылаған кезде, жұмыстың сол буынына жауапты партком мүшесі мәселені әзірлеуге тікелей қатысып, қосымша баяндама жасайды. Кейде партия жиналыстарында бұрын қабылданған шешімнің орындалуы жайында сол жұмыс тапсырылған партком мүшесінің есебі тыңдалады. Мұндай ретте коммунистер жалпы парткомды немесе секретарьды емес, кемшілікке нақты кінәлі кісіні сынайды немесе оның жақсы істерін атап көрсетеді.

Парткомның әрбір мүшесі өз жұмысы туралы парткомның басқа мүшелеріне оқтып-оқтып хабарлап, ұсыныстар жасап, мәселелер көтеріп отырады. Сондай-ақ олар бір-бірінің жұмысына да назар салып, міндетін дұрыс атқармай, инициатива көрсетпей жүргендері болса, кемшіліктерін бетіне айтып, жолдастық көмек көрсетеді. Ал есеп беру-сайлау жиыналысы коллективтік орган ретінде тұтас парткомның есебін тыңдап, оның жұмысына баға береді.

ТАҒЫ ДА МҮШЕЛІК ЖАРНА ТУРАЛЫ

Журналымызда коммунистердің мүшелік жарнасы туралы оқушы сұрақтарына бұрын да бірнеше рет жауап қайтарылған болатын. Гурьев облысының «Тендік» совхозынан Г. Мұхамбетияров және басқа жолдастар сол жауаптарда қамтылмай қалған кейбір мәселелерді түсіндіруді сұрайды.

Сұрақ. Қазір колхоздарда еңбек ақы ақшалай төленеді. Осыған байланысты коммунистің заттай алған ақысын ақшаға аударып, одан да мүшелік жарна төлетуге бола ма?

Жауап. КПСС Орталық Комитетінің партия мүшелері мен кандидаттарының мүшелік жарнасы туралы нұсқауына сәйкес коммунист негізгі айлығынан да, қосымша табыстарынан да мүшелік жарна төлеуге міндетті.

Бұрын еңбек күнге ақы жыл аяғында бір-ақ есептелетін колхоздарда коммунистер ай сайын 10 тиын мөлшерінде мүшелік жарна төлеп тұратын. Жыл соңында коммунистің еңбек күнге ақшалай және заттай алған негізгі және қосымша ақысы есептеліп, орташа айлық табысы және соған сәйкес мүшелік жарна көлемі анықталатын.

Колхоздарда кепілді ақы енгізілгеннен кейін колхоз коммунистерінің мүшелік жарнасын ауыл шаруашылық жылының қорытындысы бойынша есептеу қажет болмай қалды. Сондықтан 1968 жылы нұсқаудың 3-тармағына өзгеріс енгізілді. Соған сәйкес, колхозшы коммунистер өткен айдағы ақшалай және заттай нақты табысынан (яғни өнеркәсіпте жұмыс істейтін коммунистер үшін белгіленген тәртіппен) мүшелік жарна төлейді.

Колхоз коммунистерінен мүшелік жарна қабылдаған кезде өндірістік нәтижелері үшін берілетін қосымша ақыны, сондай-ақ колхоздары еңбек ақы мен материалдық ынталандыру жүйесі бойынша төленетін басқа да ақшалай және заттай табыстарды сол айдағы негізгі еңбек ақысына қосып есептеп, жарнаны сол сомадан алу керек. Ауыл шаруашылық жылының қорытындысы бойынша колхозшылармен толық есеп айырыққан кезде берілетін ақшалай және заттай қосымша ақыға да осы тәртіп қолданылады. Соның өзінде заттай ақының барлық түрлері (кепілді, қосымша, сыйлық ақылар) мемлекеттік сатып алу бағасы бойынша ақшаға аударылып есептеледі.

Сұрақ. Кейбір коммунистер өткен айға мүшелік жарнасын уақтылы төлемей, келесі айда екі айға бірден төлейді. Коммунистің ұқыпсыздығын әйгілеп тұру үшін оның партия билетінде жарна уақтылы төленбеген айдың графасын бос қалдырып, екі айғы жарна сомасын келесі айдың графасында көрсетуге болмас па екен? Ведомоста солай істеледі ғой.

Жауап. Мүшелік жарнаны ай сайын уақтылы төлеу — әрбір коммунистің маңызды міндеті. КПСС Уставына сәйкес, үш ай бойына дәлелсіз себептермен мүшелік жарна төлемеген коммунист туралы бастауыш партия ұйымында мәселе қаралуға тиіс. Талқылау кезінде оның жарнаны уақтылы төлей алмаған себептерін мұқият зерттеп, шын жағдайға лайық партия жиыналысы коммунистің үш айлық борышын өтеуіне рұқсат етеді немесе одан бас тартады, коммунистке берілетін жаза мөлшерін белгілейді. Егер коммунистің іс жүзінде партия ұйымымен байланысын жоғалтқаны анықталса, ол партиядан шығып қалған болып есептеледі. Бұл жөнінде партия ұйымы шешім қабылдап, оны аудандық немесе қалалық партия комитетінің бекітуіне енгізеді.

Партияға мүшелік жарнаны төлемеу — коммунистің тәртіпсіздігінің белгісі. Партия ұйымының секретары мұны ұдайы коммунистің есіне салып, онымен әңгіме кезінде де, партия жиыналыстарында да КПСС Орталық Комитетінің мүшелік жарна туралы Нұсқауын оқтып-оқтып түсіндіріп отыруға тиіс. Ал енді партия билетінде уақтылы жарна төленбеген айдың графасын ашық қалдыруға болмайды. Сондай-ақ бір айға мүшелік жарна төлемеген коммунисті талқыға салып, жаза қолдану да орынсыз. Жоғарыда атап айтқанымыздай, коммунист дәлелсіз себептермен үш айға жарна төлемесе, оның мәселесі қаралады. Ал енді мүшелік жарналарын үнемі кешіктіріп төлейтін коммунистердің жиыналыстарда аттарын атап, ұялтып, уставтық борышын есіне салып тұруға әбден болады.

АУЫЛ-СЕЛО ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ МӘДЕНИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ

Еліміздегі коммунизм орнату күресінде еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін көтерудің маңызы зор. Коммунистік құрылыстың қай саласы болсын бұл мәселеге соқпай кетпейді. КПСС Программасында былай делінген: «Өндіргіш күштерді өркендету, техника прогресі мен өндірісті ұйымдастыру, еңбекшілердің қоғамдық белсенділігін арттырып, демократиялық өзін-өзі басқару негіздерін дамыту, тұрмысты коммунистік жолмен қайта құру ісі орасан зор дәрежеде халықтың мәдени жағынан өсуіне байланысты болады».

Еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесінің артуы социалистік қоғамдық қатынастардың коммунистік қоғамдық қатынастарға ұласуында қала мен деревня арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтарды жоюда үлкен роль атқарады. «Коммунизм жеңгенде, — делінген КПСС Программасында, — адамдардың өндірістік қызметінде ой еңбегі мен дене еңбегі біте қайнасып бірігетін болады. Интеллигенция ерекше әлеуметтік топ болудан қалады, дене еңбегінің қызметкерлері өздерінің мәдени-техникалық дәрежесі жағынан ой еңбегі адамдарының дәрежесіне дейін көтеріледі».

Міне сондықтан да мәдени революцияның қазіргі, аяқталу кезеңінің басты белгісінің бірі — еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін көтеру. Мұның өзі халықтың мәдени өсуін, ғылыми-техникалық білімін және өндірістік тәжірибесін жетілдіруді қамтитын процесс.

Марксизм-ленинизм ауыл-село еңбеккерлерінің мәдени-техникалық дәрежесін көтеру мәселесіне айрықша маңыз берді. Өйткені қала мен деревня арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан айырмашылық кесірінен деревня, шаруа төзгісіз артта қалып келді. В. И. Ленин деревня ең алдыңғы қатарлы елдердің өзінде қараңғылық қармағында қалды дегенді айтып, қала мен деревня арасындағы карама-қарсылықты жою ғылым мен өнер қазынасына бүкіл халықтың қолын жеткізу үшін, деревняның миллиондаған адамдарының мәдениеттен сырт қалуын жою үшін қажет деп көрсетті.

Совет өкіметі жылдарында деревня коллективтік шаруашылық негізінде мүлде қайта құрылып, бүтіндей жанарды. Коммунистік партия мен Совет үкіметі социалистік құрылыстың әр кезеңінде деревняның тұрмысы мен мәдениетін көтеруге әрдайым қамқорлық жасап отырды. Әсіресе бұл жөнінде елуінші жылдардан бастап қыруар іс атқарылды.

Мысалы, КПСС Орталық Комитетінің 1953 жылғы сентябрь Пленумынан кейін Қазақстанның ауыл шаруашылығы үрдіс дами бастады. Республикамызда миллиондаған гектар тың және тыңайған жер игеріл-

ді, мұның өзі ауыл шаруашылығы техникасын көп қолдануға негізделді. 1954—1958 жылдары республиканың трактор-комбайн паркі 3,8—4,4 есеге дейін өсті. Егер 1953 жылы республика колхоздарының 23 проценті ғана электрлендірілген болса, 1958 жылы олардың 86 проценті, совхоздардың барлығы электр қуатын алды. Осының нәтижесінде ауыл шаруашылығы еңбегінің көп саласы арзан электр энергиясымен пайдаланды. В. И. Ленин: «Тек материалдық база, техника, егіншілікте тракторлар мен машиналарды кең көлемде қолдану, кең көлемде электрлендіру ғана... ұсақ егіншіні осы ғана түп негізінен және барынша тез өзгертер еді» (Шығармалар, 32-том, 221-бет) деп жазған еді.

Ауыл шаруашылық техникасының көбеюі — ауыл-село еңбеккерлерінің мәдени-техникалық дәрежесін көтерудің алғы шарты. Мұның үстіне колхоздарды ірілендіру, жаңа совхоздар құру ірі шаруашылықтарды басқара алатын маман кадрлармен қамтамасыз ету міндетін шешуді қажет етті. Колхоз, совхоз экономикасының өсуі ауыл-село еңбеккерлерінің материалдық жағдайын жақсартуға, олардың тілек-талабын арттыруға түрткі болды.

Қазақстан Компартиясының 1954, 1956 жылдардағы VII, VIII съездері мен көптеген пленумдары ауыл шаруашылығын өркендету шараларын белгілеумен бірге колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының мәдениеті мен білімін, мамандығын көтерудің түбірлі мәселелерін шешу жолдарын айқындады. Қостанай облысы, Таран ауданының еңбекшілері селодағы мәдени-тұрмыстық құрылысты өрістетуге жөнінде үндеу қабылдап, осының нәтижесінде колхоз-совхоз орталықтарын көркейтудің, мәдени қызмет көрсетуді жақсартудың халықтық бастамасы кең қолдау тапты. Мемлекет қаржысымен қоса колхоздар мен совхоздардың ішкі мүмкіндіктері, село еңбеккерлерінің белсенді көмегі мол пайдаланылды.

Мәселен, Жамбыл облысы, Қордай ауданының «Трудовик» колхозында 3—4 жыл ішінде ғана орта мектеп, мәдениет үйі, кітапхана, стадион, балалар бақшасы, аурухана қалашығы, моңша, су құбыры іске қосылды, әрбір үйге газ әкелінді. Луговой ауданының тың игерген «Подгорный» совхозында 80 тұрғын үй, 400 орындық клуб, кітапхана, аурухана, тағы басқа мәдени-тұрмыстық орындар пайдалануға берілді. Шымкент облысы, Сайрам ауданындағы «Машат», «Бірлік», «Притракторное» селоларында елуінші жылдардың бас кезінде көзге түсерлік ештеңе жоқ еді: ирелең, тар көшелер, қораш, аласа үйлер болатын. Мұнда Свердлов атындағы іріленген колхоз құрылғаннан кейін селоның бейнесі мүлдем өзгерді. 1957—1959 жылдары 80-дей семья жаңа үйлерге кірді. Алты километр су құбыры іске қосылды. Колхоз орталығынан телевизия антеннасы орнатылып, село еңбеккерлері телевизор көретін болды.

Жергілікті партия ұйымдары мал жайылымындағы еңбекшілердің мәдени қажетін өтеуге ерекше қамқорлық жасады. Жылжымалы мәдениет орындары — автоклубтар, автопоездар кең қолданыла бастады. Мал жайылымы учаскелерінен шопандар қалашығын салу қолға алынды. Сонымен тарандықтардың үндеуі бойынша селода мәдени-тұрмыстық мекемелер салуда біркатар іс тындырылды, ауыл-селолардың мәдени бейнесі өзгерді, мәдениет мекемелерінің материалдық базасы едәуір нығайды.

Селодағы клуб мекемелері арқылы мәдениет эстафетасы, жастар фестивалі, мәдени-үгіт бригадасы, өнерпаздар байқауы тәрізді көптеген шаралар жүргізілді. Ауыл-селоларда халық аспаптары оркестрлері, әнби ансамбльдері, халық театрлары мен мәдениет университеттері пайда болды. 1958 жылдан бері мәдениет университеттері жұмыс істеп келеді. 1959 жылы «Халық театры» атағы ең алғаш рет 18 драма коллективіне берілді, қазір республикамызда бұлардың саны 60-тан асты. Село еңбеккері енді радиомен қоса телевизия көретін болды.

Коммунизм құрылысын кеңінен өрістетуге дәуірінде ауыл-село еңбеккерлерінің мәдени дәрежесін арттыруда ілгері қадам жасалды. Мұны мынадай цифрлардан көреміз. 1967 жылы республиканың селолық жер-

лерінде мәдениет үйлері, клубтар, автоклубтар, қызыл отаулар саны 6 мыңға жетті. Мәдениет министрлігінің клуб мекемелерінде 70 мың адам қатысатын 5 200 өнерпаздар коллективі болды. Шымкент облысындағы Шаян аудандық халық театры, Шығыс Қазақстан облысындағы Ақжар театры бүкіл Одақ көлеміне танылды. Ауыл-селоларда 2 400 кинокондырғы жұмыс істейді, оның ішінде 500-ге жуық кең экранды кинокондырғы бар.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Селодағы құрылысты тәртіпке келтіру туралы» (1968 жылғы октябрь) қаулысы соңғы жылдары ауыл-село халқының әл ауқаты мен мәдени дәрежесін көтеруге бағытталған ірі шаралар жүзеге асырылғанын атап көрсетумен бірге елді мекендерді бұдан былай халықтың мәдени-тұрмыстық қажетін өтей алатындай көрікті поселкелерге айналдыру міндетін қойды. Қаулыда селолық жерлердегі поселкелердің архитектуралық құрылысы тартымды болуы талап етілді. Л. И. Брежнев жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1968 жылғы октябрь Пленумында жасаған баяндамасында «Селолық құрылысқа көзқарасты түбегейлі өзгертуіміз қажет» деп атап көрсетті.

Коммунизм құрылысын кеңінен өрістету дәуірінде ауыл-село еңбеккерлерінің жалпы және арнаулы білім дәрежесі артып келеді. Ең алдымен жалпыға бірдей жеті жылдық және он жылдық білім беру негізінде оқуды өмірмен ұштастыру жөніндегі шаралар оқушы жастардың еңбекке әзірленуіне, теориялық жағынан жүйелі, тыңғылықты білім алуына жағдай жасады. Оқу шеберханаларындағы, тәжірибе учаскелеріндегі сабақтар машина ісі мен электротехника практикумы тағы сол сияқты оқудың жаңа түрлері шәкірттердің өмірге бейімділігін жетілдіріп, білімін кемелдендіре түсті. Көптеген мектептерде трактор, автомобиль үйірмелері ашылып, мектеп бітіретін жастардың жаппай мамандық алуына жағдай жасалды. Партия, комсомол ұйымдары он жылдық білім алған жастардың өндіріске орналасуына қамқорлық көрсетті. Осының нәтижесінде бір ғана 1959 жылы орта білімі бар 20 мың жас өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің қатарын толықтырды. Мектеп бітірген, жастардың жылма-жыл халық шаруашылығы салаларына қызметке баруы дәстүрге айналды.

Орта білімі бар жастардың колхоздар мен совхоздарға орналасуы ауыл-село халқының мәдени-техникалық дәрежесін көтеруге үлкен септігін тигізді. Олар әртүрлі ауыл шаруашылық мамандығы мен агрозоотехника негіздерін тез меңгеріп, жоғары еңбек өнімділігіне жетіп жүр. Айталық, 1958 жылы Қызылорда облысының «Ақжар» совхозындағы орта мектепті бітірген Ыбыраев Сахи — осы күні «Қуандария» совхозында шопан. Ол мектеп бітірісімен шопан әкесінің жәрдемшісі бола жүріп, қысқа мерзімді курстарға қатысты да, бірнеше мамандықты меңгеріп алды. Мәселен, ол — тракторшы да, электрші де. Сахи 1964 жылы Қазалы ауыл шаруашылық техникумының зоотехника бөліміне сырттан оқуға түеті. Шопан ата тәжірибесі мен ғылыми білімді, әртүрлі мамандықты ұштастырған С. Ыбыраев шопандар бригадасын құрып, еңбекті тиімді ұйымдастыра білді. Ол 1965 жылдан бері жоғары көрсеткіштерге жетіп келеді. 1966 жылы 600 саулықтың әр жүзінен 148 қозыдан алып, әр қойдан 3,2 килограмнан жүн қырықты. 1967 жылы әр жүз саулықтан 181 қозы алып, әр қойдан 3,3 килограмм жүн қырықты. Ол Еңбек Қызыл ту ордені, «Еңбектегі ерлігі үшін» екі медалі бар, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен, Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс медалімен наградталған озат шопан.

Село еңбеккерлерінің білім дәрежесін көтеруге кешкі және сырттан оқыту мектептері маңызды үлес қосуда. 1955—1956 оқу жылынан бастап VIII—X класс оқушыларының саны ылғи артып отырды. Қазақстанның партия ұйымдары ауыл шаруашылығының маман кадрларын даярлау ісіне ерекше көңіл бөлді. 1953—1958 жылдарда ғана республикада тағы

бір ауыл шаруашылық институты мен бірнеше техникум ашылды. Ауыл шаруашылық оқу орындарына студенттер қабылдау контингенті едәуір ұлғайды.

Ауыл шаруашылық оқу орындары жылма-жыл білімді де маман кадрлар даярлап беріп отырды. 1950 жылмен салыстырғанда 1958 жылы жоғары білімді ауыл шаруашылығы мамандары 5 есе көп даярланды. Осының нәтижесінде 1957 жылдың аяғында республика ауыл шаруашылығында жоғары және орта білімді мамандар саны 23,5 мыңға жетті, ал 1953 жылы 6,5 мыңдай ғана еді. Мәселен, Алматы облысының Нарынкол ауданындағы В. И. Ленин атындағы колхозда ғана жоғары, орта білімді 70 маман — бәрі де осы колхозда туып-өскен азаматтар жұмыс істейді. Революцияға дейін бірнеше ғана төрт кластық және діни мектептері болған Қызылорда облысындағы селолық жерлердің өзінде 1966—1967 оқу жылында 25 мың оқушысы бар 48 орта мектеп, 18 мыңға жуық баланы оқытатын 88 сегіз жылдық, 5987 балаға білім беретін 120 бастауыш мектеп болды. Революцияға дейін бір ғана мектебі болған Ақтөбе облысының Ойыл ауданында 5 орта, 7 сегіз жылдық, 22 бастауыш мектеп бар. Шығыс Қазақстан облысының Большенарым ауданындағы Ленин атындағы колхоздың орта мектебінде 900-ден астам колхозшы балалары оқиды.

Бірақ ауыл-село балаларының жоғары, орта арнаулы оқу орындарына түсуі, әсіресе ауыл шаруашылық мамандығын меңгеруі жөнінде толғағы жеткен кейбір мәселелер жоқ емес. 1960 жылдан бері ауыл-село балаларын колхоз, совхоз есебінен, жолдамамен оқыту дәстүрге айналды. Қонкурстан тыс қабылдау да бар. Дегенмен ауыл-село балаларының көпшілігі оқуға түсе алмай жүр. Мысалы, 1966—1967 оқу жылында республиканың ауыл шаруашылық техникумдарында 22 966 жас оқыған болса, оның ішінде колхозшылардың балалары 6 095 ғана болды, колхоз, совхоз есебінен 2 385 оқушы ғана стипендия алды. Сондықтан оқу орындарына, әсіресе ауыл шаруашылық мамандығы бойынша абитуриенттер қабылдаған кезде жергілікті жерлердің қажетін есепке алып отырған жөн демекпіз.

Ауыл-село еңбеккерлерінің мәдени-техникалық дәрежесін көтерудің маңызды бір саласы — механизаторлар даярлау. Республика партия ұйымдары механизатор кадрларын даярлайтын оқу орындарын көбейтуге күш салды. Мәселен, 1953 жылы 34 механизатор мектебі болса, 1959 жылы ауыл шаруашылығын механикаландырудың 120 училищесі болды. Егер 1950—1953 жылдары жыл сайын 26—33 мың механизатор даярланған болса, 1959 жылы 78,7 мың механизатор даярланды. 1960 жылы жұмыс істейтін колхозшылардың үштен бірі механизатор болып алды. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар өз колхоздары мен совхоздарында механизаторлар даярлайтын мектептер ашу арқылы әрбір ауыл-село тұрғынының техниканы меңгеруін ойластырды. Семей облысының Ленин атындағы колхозында осындай жолмен бүкіл колхозшылардың жартысынан көбі механизатор мамандығын алды. Қостанай облысының «Павловский» совхозында 1961 жылғы күзде «Селода тұрады екенсің — техниканы меңгер!» деген ұранмен жаппай механизатор даярлау қызу қолға алынды.

Елуінші жылдардан бастап село халқының ауыл шаруашылық ғылымының табыстарын және озат тәжірибелерді үйренуі жолында маңызды жұмыстар жүргізілді. Ф. Энгельс адамзат қолындағы өндіргіш күш шексіз өсе алады. Жердің өнімділігі капиталды, еңбекті және ғылымды қолдану арқылы барынша жоғары көтеріле алады деген болатын. В. И. Ленин практикалық тәжірибені жүйелі есепке алу, жинақтау, оны үйрену міндетін қойды.

1950—1958 жылдары ауыл-село еңбеккерлеріне ғылым мен озат тәжірибені үйретудің басты формасы үш жылдық агрозоотехникалық курстар болды. 1950—1956 жылдары республиканың 153 мың колхозшысы

осындай жолмен мамандық білімін көтерді. Сол сияқты экономикалық білім берудің әрқилы формалары арқылы ауыл-село еңбеккерлері шаруашылықты ғылыми негізде тиімді жүргізе білуге дағдыланып келеді. Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмелеріне және алдыңғы қатарлы шаруашылықтарға экскурсия жасаудың, лекциялар мен баяндамалардың, радио мен телевизияның, газет-журналдардың, кітапшалар мен плакаттардың ғылым мен озат тәжірибені таратуда пайдасы зор. Қазіргі кезде ғылым мен озат тәжірибені пайдаланбайынша ауыл шаруашылығының алға басуы мүмкін емес екенін еске ала отырып, әрбір шаруашылықта ғылыми-тәжірибе жұмыстарын жүйелі түрде жинақтап, таратып отыруға баса көңіл бөлу шарт. Бұл үшін әрбір колхоз бен совхозда оқу комбинаттарын не озат тәжірибе мектептерін ұйымдастырып, оларды бұқаралық ғылыми білім таратудың орталығына айналдыру мүмкіндігі бар. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтардағы озат тәжірибе мектептері бұған жақсы өнеге бола алады.

Қазіргі уақытта ауыл-селода әлеуметтік-мәдени өзгерістер кен қанат жайып отыр. Село еңбеккері—енді ғылым-білімді, техниканы меңгерген, ой-өрісі кең жаңа тұрпатты шаруа. Бұл жөнінде көптеген құбылысты байқау қиын емес. Мысалы, Жамбыл облысының Қордай ауданындағы «Коминтерн» колхозында соңғы он жылда 960 семьяның барлығы дерлік жаңа үйлерге кірді. Бір көше бойы екі қатарлы үйлер салынған. Көшелерінің өңбойы ағашқа толы әдемі поселке алыстан көз тартады. Село түгел электрленген, радиоланған, телефон жүйесі бар. 1954 жылы салынған сәулетті Мәдениет үйі — мәдени-бұқаралық шаралардың орталығы. Колхоз кітапханасында 5 мыңнан астам кітап бар. 500-ден астам село тұрғыны — оның тұрақты оқушылары. Колхозда су құбыры жұмыс істейді. 1965 жылы селода 300 радио қабылдағыш, 100 телевизор болды.

Бүгінгі село еңбеккерінің ғылым мен білімге ұмтылуының бір мысалын Ақтөбе облысындағы «Саралжын» совхозының қызметкері, бұрынғы шаруаның баласы Тынәлі Толыбеков семьясынан айқын көруге болады. Бұл семьядан дәрігер де, инженер де, зоотехник те шыққан. Толыбековтың қызы Роза — жоғары білімді дәрігер, Шолпаны — тамақ өнеркәсібінің инженері, Шайзада — геолог, Гулзада — технологиялық институттың студенті, ал Мұхиты Москвада жер суландыру институтында. Мұндай семьяларды қазір әрбір селодан кездестіруге болады.

Совет Одағына, Қазақстанға саяхат жасаған Түркия журналисі Захерия Сергель былай деген болатын: «Қазақстанда бірде-бір сауатсыз адам жоқ болып отырғанда, Түркияда осы уақытқа дейін мектебі жоқ мыңдаған деревялар бар, халықтың 60 проценті сауатсыз...» Бұдан қазақ шаруаларының мәдени өсуіндегі ұлы өзгерістің саяси сипатын айқын аңғаруға болады. Үстіміздегі бесжылдықта қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтарды жоюда, ауыл-село еңбеккерлерінің мәдени-техникалық дәрежесін көтеруде бірқатар күрделі шаралар жүзеге асырылатыны сөзсіз. Партияның XXIII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Есепті баяндамасында былай деп көрсетілді: «Бесжылдықтың маңызды ерекшелігі оның жаңа елеулі шараларды көздеп отырғанында: бұл шаралар село мен қала халқының тұрмыс дәрежесін бұрынғыдан анағұрлым жақындатып, сонымен бірге Совет Одағында тұрмыс дәрежесін жаппай арттыруға мүмкіндік береді. Бұл шараларды жүзеге асырсак, біз соның нәтижесінде қала мен село арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықтар жойылатын уақытты жақындату үшін жақсы еңбек еткен боламыз».

КПСС Орталық Комитетінің 1968 жылғы октябрь Пленумы ауыл шаруашылығын бұдан былай да биік белеске көтерудің кең программасын белгілеп берді. Бұл саладағы табыстарымыз ауыл-село еңбеккерлерінің мәдени-техникалық дәрежесін арттыра беруде үлкен қадам болары күмәнсіз.

К. АСҚАРОВ,

Қызылорда педагогикалық институтының аға оқытушысы.

ЛЕКЦИЯЛЫҚ НАСИХАТ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Павлодар кеме жөндеу зауытындағы кеме корпусы цехының сәнді қызыл мүйісі бүгін ерекше салтанатты. Ұлы көсеміміз Владимир Ильич Лениннің өмірі мен қызметі жайлы фото-монтаждар, гүлденген Қазақстанды, завод өмірін бейнелейтін түрлі стендтер мен көрмелер қызыл мүйіс ішін құлпыртып жібергендей. Бүгін мұнда лениндік оқулар циклінен «Ленин және Қазақстан» деген тақырыпта лекция өтпек.

Бұл жолы да қызыл мүйіске цех адамдары көп жиналды. Кеме корпусы цехының бастығы, «Білім» қоғамының мүшесі А. И. Семенов жолдас Владимир Ильич Лениннің мәңгі өшпес өнегелі өмірі мен ұлы ісін айта келіп, ұлы көсем өсиеттерінің бүгінгі жемістерін Қазақстанның, облыстың, туған зауыттың қазіргі бейнесі арқылы тартымды етіп әңгімелеп берді. Сонымен бірге ол цех коллективінің лениндік вахта күндерінде завод бойынша алда келе жатқанын хабарлады. Лекция соңынан хроникалы-документтік фильм көрсетілді.

Завод партия бюросы, «Білім» қоғамының бастауыш ұйымы лекцияны тікелей өндіріс басында, цехта ұйымдастырып, өте дұрыс істеп отыр. Лекцияны бұлай өткізудің артықшылығы көп. Бұл әдіс тыңдаушыларды неғұрлым көп қамтуға мүмкіндік берді және әрбір жұмысшыны лекция тыңдауға дағдыландырып, лекцияны олардың рухани қажетіне айналдырды. Сонымен бірге лекциялық насихатты айқын мақсатқа — өндіріс мүддесіне сай жүргізіп, оны жүйелі түрде өрістетуге жағдай жасалды.

Қазір зауыттың барлық цехтарында лекция үзбей оқылып тұрады. Оның айлық, тоқсандық жоспарлары жасалған, график қатаң сақталды. Цехтың әрбір адамы қай күні қандай лекция болатынын және оны кім оқитынын алдын ала біліп отырады.

Лекцияны тікелей цехта өткізу бірден қалыптасып кеткен жоқ. Цехтық партия ұйымдары, завод партбюросы, «Білім» қоғамының бастауыш ұйымы, лекторлардың өздері бірқатар ұйымдастыру шараларын жасады. Ең алдымен, лекция өтетін орындар — цехтардың қызыл мүйістері тәртіпке келтірілді, олар тартымды көрнекі құралдармен жабдықталды. Әрбір жұмысшыға, оның семья мүшелеріне лекцияға шақырған билеттер үлестіріледі. Радио арқылы да хабарланады. Дегенмен цехтардың бірінде — механикалық цехта лекция ұйымдастыру сәтті бола қоймады. Бастапқыда тыңдаушылар аз жиналып жүрді. Бірде партбюроньң кеңесі бойынша кеме корпусы цехының жұмысшылары механикалық цехтағы еңбектес достарының өздерінің қызыл мүйісінде өтетін лекцияға шақырды. Лекцияның тақырыбы да көкейтесті еді. Механикалық цехтың барлық адамдары дерлік келді. Зауыттың жоспарлау бөлімінің бастығы Тамара Дмитриевна Иванованың «Цех ішіндегі шаруашылық есеп» деген лекциясы және кеме корпусы цехы адамдарының лекция үстіндегі белсенділігі оларға да қатты әсер етсе керек, сұрақ қойып, пікір алысып, қызу әңгімеге араласып кетті. Міне осыдан соң механикалық цехтың өз қызыл мүйісіндегі әрбір лекцияға адам көп жиналып, зейін қойып тыңдайтын болды.

— Біз, — дейді «Білім» қоғамы бастауыш ұйымы жетекшісінің орынбасары, партбюро мүшесі Анна Қорнеевна Вляко, тыңдаушылардың белсенділігін арттырумен қатар әрбір лекторға қатаң талап қоямыз. Мәселен, әрбір цехтың қызыл мүйісінде арнаулы күнделік дәптер бар. Оған оқылған лекция, қатысқан адамдардың саны тіркеледі, лекцияның мазмұны, әсері айтылады, лекция туралы пікірлер жазылады. Цех коллективінің алдағы уақытта қандай лекция тыңдауды қалай-

тыны жөніндегі ойы да осында жазылады. Бұл күнделік дәптермен цехтық партия ұйымдарының секретарьлары мен партбюро үнемі танысып отырады.

Шынында да мұнда әрбір цехтың қызыл мүйісі кеме жөндеушілер мен өзеншілер арасындағы бүкіл бұқаралық-саяси жұмыстың орталығына айналған. Қызыл мүйістердің қай-қайсысы болсын жақсы жабдықталған. Оларда көрнекі үгіт құралдарының сан алуан түрлері бар, жана газет-журналдар да жеткілікті. Лекторға, саяси хабаршыға арналған мүйістерден қажетті әдебиет пен анықтамаларды, завод және цех өмірінің деректерін табуға болады. Қазір цех қызыл мүйістерінде лениндік бұрыштар жабдықталып жатыр.

Завод партия ұйымы лекциялық насихатқа жергілікті радионы да тиімді пайдаланып келеді. Алдын ала пленкаға жазылған лекция түскі үзіліс кезінде радиомен беріледі. Ленин комсомолының 50 жылдық мерекесі қарсаңында осылайша радио арқылы берілген лекциялар циклін жұмысшылар, әсіресе жастар өте жақсы қабыл алды. Қазір радио арқылы лениндік оқулар циклінен лекциялар берілуде. Радиолекторийдің жұмысына жаңа техника жөніндегі инженер Г. И. Моковеев жолдас белсене қатысып жүр.

«Білім» қоғамының бастауыш ұйымы завод партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары өткізетін басқа да саяси-бұқаралық және мәдени-көпшілік жұмыстарға белсене қатысады, өз үлесін қосады. Бастауыш ұйым соңғы уақытта тақырыптық кештер, диспут сияқты саяси-бұқаралық жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде мол тәжірибе жинақтады.

Бірде заводта коммунистік еңбек екпінділерімен кездесу кешін өткізу туралы ой туды. «Білім» қоғамы бастауыш ұйымының бұл бастамасын партбюро қолдады. Бұл кешке алдын ала көп әзірлік жасалды. Қоғам мүшесі, заводтың кадр бөлімінің бастығы В. Ф. Тыртышная жолдасқа жұмысшы намысы, еңбек абыройы туралы лекция әзірлеу тапсырылды. Жөке еңбек озаттарына өз ойларын ортаға салу ұсынылды. Сөйтіп кеш қызықты өтті. Адам көп жиналды. Өзеншілердің семьяларымен келгендері де аз емес. Әрине, төр басында коммунистік еңбек саңлақтары отыр. Лекция да әсерлі шықты. Онда талай озат адамдардың есімдері аталды. Коммунистік еңбек бригадасының жетекшісі Вера Фисенко, коммунистік еңбек екпіндісі Д. М. Задорожный жолдастар мінбеге көтерілгенде зал қол соғып құрмет көрсетті. Осындай абыройлы атаққа ие болған адамдардың жаңа бір тобына коммунистік еңбек екпіндісі куәлігі мен значогы тапсырылды. Сол кеште бұрынғы мастер, қазір цех бастығы А. И. Семенов, газосварщик Григорий Николаев коммунистік еңбек екпіндісі, ал Н. В. Кривяков басқарған жетінші ракета-кеменің коллективі коммунистік еңбек бригадасы атағын алды. Кеш соңы завод көркемөнерпаздарының үлкен концертіне ұласып кетті. Сондай-ақ завод лекторлары ұйымдастырған Ленин комсомолының 50 жылдығына арналған үш ұрпақ өкілдерінің кездесу кеші әлі күнге дейін завод адамдарының есінде.

Заводтағы «Білім» қоғамы бастауыш ұйымының коллектив өміріндегі осындай алуан істерге бел шешіп араласып, белсенді іс атқаруы — ең алдымен оған партия ұйымының тыңғылықты басшылығының нәтижесі. Завод партбюросы «Білім» қоғамы бастауыш ұйымының сан жағынан өсіп, ұйымдық жағынан нығайына, сапа құрамының жақсаруына үнемі зер салады. Қазір мұнда қоғамның отызға тарта мүшесі бар. Олар — негізінен бас мамандар, цех бастықтары, кеме капитандары, партия, кәсіподақ, комсомол активистері. Кеме жөндеу зауытында басшы адамдардың коллективпен жиі кездесіп, олардың алдында әсерлі лекция оқуы дәстүрлі іске айналған. Завод директоры Н. М. Малин, бас инженер В. В. Токарев, партбюро секретары В. А. Часовской, жоспарлау бөлімінің бастығы Т. Д. Иванова, техникалық бөлімнің бастығы В. В. Тяжело-

ва, бас әвергетик Ю. В. Варламов, цех бастықтары А. И. Семенов пен Н. И. Ворошилов жолдастарды коллектив жақсы лекторлар ретінде де қадір тұтады.

Мұнда лекторларды тәрбиелеу, оларға методикалық көмек көрсету ісі ойдағыдай ұйымдастырылған. Қоғамның бастауыш ұйымында сегіз адамнан құрылған методикалық совет және үш секция жұмыс істейді. Бастауыш ұйым мүшелері әзірлеген лекциялар методикалық советте талқыланады. «Білім» қоғамының мүшелері С. С. Ковец, В. В. Тяжелова, Т. Д. Иванова жолдастардың экономикалық тақырыпқа әзірлеген лекциялары методикалық советтегі талқылау үстінде заводтың бүгінгі өмірінің нақтылы мысалдарымен толықтырыла түсті.

Завод партия ұйымының саяси оқу кабинеті лекторлармен жұмыстың нағыз берік тірегі дерсіз. Онда лекторларға арналып түрлі тақырып бойынша мүйістер ұйымдастырылған. Сол сияқты Бүкіл одақтық «Білім» қоғамының лекторға арналған кітапшалары іріктелген. Саяси оқу кабинетінде лекторлардың жұмысы жайында арнаулы күнделік жүргізілуде. Оған қай күні қай өндіріс учаскесінде қандай лекция өткені, оны кім оқығаны, қанша адам қатысқаны, лекцияның сапасы, сол туралы пікірлер жазылады.

«Білім» қоғамының бастауыш ұйымы өзеншілер клубы жанындағы мәдениет мектебінің жұмысына да қызу араласып келеді. Бұл мектеп негізінен жас жұмысшыларға арналған. Онда сабақ айына бір рет өтіп тұрады. Әрбір сабаққа мектептің тұрақты тыңдаушыларынан басқа да көп адам жиналады. Биылғы оқу жылында мәдениет мектебінің сабақтары негізінен лениндік тақырыпқа арналып отыр. «Көркем әдебиеттегі Ленин образы» деген тақырыпта өткен сабақ тартымды болды. Онда негізгі лекциядан кейін завод көркемөнерпаздары «Ол Ленинді көрген» деген сахналық көріністі қойып берді. Ленин туралы өлеңдер оқылды.

Завод лекторларының атқарып жатқан осындай алуан істері өз нәтижесін беруде. Ең бастысы жүйелі, мақсатты жолға қойылған лекциялық насихат барлық жұмысшылардың өндірістік және саяси белсенділігін арттыруға, еңбек және қоғамдық тәртіпті нығайтуға көмектесуде. Бүгінгі лениндік вахта күндерінде коллективтің қол жеткен табыстары да айтарлықтай.

Павлодардың кеме жөндеу зауытындағы «Білім» қоғамының бастауыш ұйымы өз жұмысын онан әрі жетілдіру үстінде. Олар басқа ұйымдардағы жақсы істерге де зейін қойып отырады. Заводтың бір топ лекторлары қаладағы локомотив депосындағы лекциялық насихаттың жайымен танысып қайтты. Ал локомотив депосының лекторлары да кеме жөндеу зауытында болып, олардың тікелей цехтарда лекция өткізу жөніндегі жақсы тәжірибесіне назар аударды.

Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлік «Білім» қоғамы бастауыш ұйымының жұмысын анағұрлым мазмұнды, өрісті ете түспек.

К. САПАРҒАЛИЕВ.

Павлодар қаласы.

Социалистік елдердің экономикалық ынтымағының нығаюы

1949 жылғы 25 январьда Европадағы социалистік мемлекеттер өкілдерінің Москвада өткен экономикалық кеңесінде социализм елдерінің тұңғыш халықаралық ұйымы — Экономикалық Өзара Көмек Советін құру туралы декларация қабылданды. Бұл дата социалистік мемлекеттердің экономикалық ынтымағын қалыптастыруда жаңа кезең болып тарихқа енді. Содан бері өткен жиырма жыл ішінде халықаралық экономикалық қарым-қатынастың бұл жаңа түрі өсіп, өркен жайып келеді.

Дүние жүзілік социалистік система — елдер мен халықтардың тарихи жаңа бірлігі. Социалистік мемлекеттердің экономикалық және саяси ынтымақ жасап бірігуі — қоғамдық прогрестің нәтижесі, капитализмнен социализмге өтудегі аса елеулі кезең.

«Ескі дүниеге, ұлттық езіп-жаншу, ұлттық өшпенділік немесе ұлттық оқшаулану дүниесіне, жұмысшылар барлық ұлттар еңбекшілері бірлігінің жаңа дүниесін, ешбір артықшылыққа, адамды адамның ешқандай езуіне орын жоқ дүниені қарама-қарсы қояды», — деген болатын В. И. Ленин (Шығармалар, 19-том, 75-бет).

Дүниеде бір-біріне қарама-қарсы екі системаның — социализм мен капитализм системасының — өмір сүруі олардың бір-бірімен сөзсіз экономикалық жарысқа түсуіне әкел соғады. Осы жарыста қай системаның даму қарқыны жоғары болса, сол ұтады. Қазіргі кезде дүние жүзілік социалистік системаның артықшылығы қандай? Енді соған тоқталайық.

Социалистік елдерді социализм мен коммунизм орнату жөніндегі ортақ мақсат, біртұтас маркстік-лениндік идеология, империализмге қарсы күрес мүддесі біріктіріп отыр. Социалистік лагерь елдері арасындағы қарым-қатынастың социалистік типі тең праволылыққа, мемлекеттік тәуелсіздікке, тығыз ынтымақ пен өзара түсінісуге негізделген. Жер шарының төрттен бірінен астам көлемін алып, 35 проценттен астам халқын біріктіріп отырған социалистік система дүние жүзіндегі өнеркәсіп өнімінің 38 процентіне жуығын өндіреді. Социалистік елдер өнеркәсіпті жедел өркендетудің арқасында өндіргіш күштердің қарыштап дамуына жол ашуда. Мұның өзі — экономиканы түбірінен қайта құрудың нәтижесі. Социалистік құрылыстың экономиканы өрлету үшін қандай мүмкіндік жасайтынына социализм елдеріндегі өнеркәсіп өндірісінің жоғары қарқыны айқын дәлел бола алады.

Мысалы, социализм елдерінде өнеркәсіп өндірісінің дәрежесі соғыстан бұрынғы жылдармен салыстырғанда 10 есе өскенде, капиталистік елдерде бар болғаны 3,6 есе өсті. Егер 15 жыл ішінде (1951—1965) социалистік елдердегі өнеркәсіп өндірісінің жылдық орташа өсу қарқыны 11,5 процент болса, капиталистік елдердікі 5,6 процентке әзер ғана жетті.

Дүние жүзілік социалистік елдердің экономикасы объективтік екі күштің ықпалымен дамуда: біріншіден, социалистік елдердің қай-қайсысының болсын даму қарқынының жоғарылығы, осының негізінде олардың ұлттық тәуелсіздігінің нығая түсуі; екіншіден, социалистік мемлекеттердің шаруашылық жағынан барған сайын жақындасып, социалистік ынтымақ пен өзара көмектің ұлғаюы мен тереңдей түсуі, жаңа қоғам орнатудағы тәжірибенің молая беруі.

Қазіргі кезде ешбір ел басқа елдермен кең салалы да тұрақты байланыс жасамай отыра алмайды. Бірақ социалистік елдердің экономикалық байланысының сипаты капиталистік елдердің экономикалық байланысының сипатынан мүлде өзгеше. Капиталистік мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар дүние жүзілік біртұтас шаруашылық құруға мүмкіндік бермейтін бөгеттер жасайды және оларда жоспарлы түрде, бірқалыпты даму деген атымен жоқ. В. И. Ленин империализм дәуіріндегі «капитализм жер жүзіндегі халықтың орасан зор көпшілігін ат төбеліндей «алдыңғы қатарлы» елдердің отарлық езуінің және финанстық тұншықтыруының бүкіл дүние жүзілік системасына айналды», деп жазды (Шығармалар, 22-том, 197-бет). Халықаралық қарым-қатынастың социалистік түріне тән ерекшелік — ол капиталистік мемлекетаралық қарым-қатынастар жасаған кедергілерді жоюда болып отыр.

Социалистік лагерь елдері өздерінің күш-жігерін біріктіре қимылдауда. Мұндай ынтымақ социалистік құрылыстың артықшылықтарын неғұрлым тиімді пайдалануға, әр елдің өзінің ішкі шаруашылық міндеттерін дүние жүзілік социализм системасының экономикалық дамуының ортақ мәселелерімен байланыстыра шешуге мол мүмкіндіктер ашуда.

Экономикалық ортақ міндеттерді бірлесе отырып шешу мақсатымен құрылған Экономикалық Өзара Көмек Советі (СЭВ) ойдағыдай жұмыс істеп келеді. Советтің Уставында көрсетілгеніндей, оның міндеті — өзіне мүше елдердің күш-жігерін біріктіру, үйлестіру жолымен «халық шаруашылығын жоспарлы дамытуға, осы елдерде экономикалық және техникалық прогресті шапшаңдатуға, өнеркәсібі әлсіз дамыған елдерде индустрияландыру дәрежесін көтеруге, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыруға және СЭВ-ке мүше елдердің әл-ауқатын барынша көтеруге ықпал жасау». Шынында да аз уақыттың ішінде Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдердің қол жеткен табысы кереметтей болды.

Дамудың социалистік жолына түскен европалық елдер үшін Совет Одағымен ынтымақ жасаудың маңызы зор. СССР-ден әкелінген өнеркәсіп құрал-жабдықтары Польша Халық Республикасына ауыр өнеркәсібін құруға көп жәрдемін тигізді. Польша Біріккен Жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Владислав Гомулка Польшадағы аса ірі және осы заманғы металлургия, ауыр машина жасау, химия, электротехника заводтары, электр станциялары, тоқыма фабрикалары Совет Одағының шынайы достық көмегі арқасында салынған кәсіпорындар екенін атап көрсетті. Польша үшін советтік шикізаттардың, ең алдымен мұнайдың, темір рудасының, мақтаның, түсті металдың, ағаштың, тағы басқалардың маңызы ерекше. Басқа социалистік елдер жайында да осыны айтуға болады.

Социалистік елдердің тұңғыш экономикалық ұйымы ретінде Экономикалық Өзара Көмек Советі ғана экономикалық ынтымақтың принциптерін, түрлері мен әдістерін нақтылауда маңызды роль атқарды. Көмек Советінің құрылуы бірлесіп, ынтымақтасып қызмет істеудің бастамасы болды. Мұның өзі халықаралық еңбек бөлінісін жасаудың алғы шарты еді. «Социалистік елдер арасындағы еңбек бөлінісі, — деп көрсетілді КПСС XXIII съезінде, — халық шаруашылығын жабдық пен шикізаттың қажетті түрлерімен қамтамасыз етуде, халықты алуан түрлі тұтыну товарларымен жабдықтауды жақсартуда барған сайын үлкен роль атқаруда. Бұл еңбек бөлінісі техникалық прогресті тездетуге, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Еріктілік пен толық теңдік

негіздеріне сүйенетін халықаралық социалистік еңбек бөлінісі біздердің және достарымыздың, туысқан социалистік елдердің ортақ мақсатқа — коммунизм орнатуға қарай тезірек алға басуымызға көмектеседі».

Халықаралық социалистік еңбек бөлінісінің объективтік принциптерін жүзеге асыруға бағытталған халық шаруашылық жоспарларын үйлестіріп отыру — Экономикалық Өзара Көмек Советі қызметінің негізгі арқауы. Бұл принциптер қандай? Бұлар жеке алғанда, әрбір елдің, тұтас алғанда барлық социалистік елдер экономикасы дамуының қажетті пропорциясын сақтау, халықаралық еңбек бөлінісінің тиімділігін қамтамасыз ету; әрбір елдің экономикасын реттеуге ықпал жасау; өндірісті халықаралық мамандандыру мен әрбір ел экономикасын дамытуды комплексті үйлестіру; әрбір ел мен бүкіл социалистік системаның ресурстарын барынша толық пайдалану негізінде алшақтықты жою.

Өндірісті мамандандыру мен кооперациялау мәселесі Экономикалық Өзара Көмек Советінде алғаш рет 1955 жылы қаралды. Советтің Берлинде өткен сессиясы (1956 ж.) 1956—1960 жылдарға арналған бесжылдық жоспарды үйлестіру мәселесін қарап, машина жасау өндірісін және 613 түрлі өнім шығаратын басқа да өндірісті мамандандыру мен кооперациялау жөнінде ұсыныстар қабылдады.

Еңбек бөлінісі, өндірісті мамандандыру мен кооперациялау қоғамдық прогрестің объективтік заңдарынан туып отыр. Еңбектің бұлайша бөлінуі ұлттық экономиканың салалық құрылымын мамандандырып, оның тиімділігін едәуір арттырады. Ғылым мен техниканың озат жетістіктері негізінде өндірісті өрге бастыруға кең жол ашады.

1966 жылы Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдердің 1966—1970 жылдарға арналған халық шаруашылық жоспарлары үшінші рет келісіліп, бір жүйеге келтірілді.

Экономикалық Өзара Көмек Советі өндірісті кооперациялау ісіне зор көңіл бөлуде. Кооперациялау жөнінде екі жақты, үш жақты шарттар жасалуда. Мұның айқын мысалы ретінде венгер глиноземін өңдеп, балқытылған алюминийді қайтарып беру жөніндегі совет-венгер келісімін айтуға болады. Сондай-ақ Герман Демократиялық Республикасы мен Чехословак Социалистік Республикасы және Польша Халық Республикасы арасында металлургия жабдықтарын жобалау, конструкциялау, монтаждау, бір-біріне беру, ал Польша мен Венгрия арасында автомобиль жасау өнеркәсібін кооперациялау жөнінде келісім жасалды. Бұл өзара келісімдердің өндірістік, сауда-саттық, ғылыми-техникалық және праволық маңызы өте зор. Сөйтіп өндірісті халықаралық көлемде мамандандыру экономикалық ынтымақтың барлық саласын — өндірісті, сауданы, ғылым мен техниканы түгел қамтуда.

Бүгінгі таңда ғылыми-техникалық ынтымақтың маңызы барған сайын өсуде. Экономикалық Өзара Көмек Советінің 1949 жылы Софияда өткен екінші сессиясында ғылыми-техникалық ынтымақты дамыту жөнінде шешім қабылданды. Елуінші жылдардың аяғы мен алпысыншы жылдардың басынан бері бірқатар ғылыми және техникалық зерттеулерді үйлестіріп, реттеу ісі жүзеге асырылып келеді. Мұның өзі Советке мүше елдердің ғылыми-техникалық ынтымағындағы негізгі бағыт болып отыр. Мұндай келісулер зерттеу жұмыстарындағы қайталаушылықты жойып, ресурстар мен барлық күш-жігерді аса қажетті ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге шоғырландыруға, мүдделі елдер арасында еңбекті тиімді етіп бөлісуге жағдай жасауда.

Ұйымдастырылғаннан бері өткен жиырма жылдың ішінде Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдер бір-бірімен 40 мыңдай ғылыми-техникалық документ алмасты. Совет Одағы 1948 жылдан 1967 жылдың 1 октябріне дейінгі аралықта Советке мүше елдерге 24 мың ғылыми-техникалық документ беріп, өзі олардан 13 мыңдай документ алды. Мұның өзі Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше социалистік елдердің

қыруар қаржыны үнемдеп, экономиканы қарыштап дамытуына мүмкіндік берді.

Мемлекетаралық мамандандыру экономиканың барлық саласын, оның ішінде сауданы да қамтып отыр. Советке мүше елдер арасында сыртқы сауда байланыстары барған сайын кең етек алуда. Социалистік елдердің жалпы сыртқы сауда айналымы 1967 жылы 1950 жылмен салыстырғанда 5,5 есе өсті. Социалистік елдер арасында жасалған ұзақ мерзімді келісімдерге қарағанда бұл айналым 1970 жылы 35—37 миллиард сомға жетеді деп айтуға болады.

Соңғы он жылда Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдердің рыногында 205 миллион тонна көмір, 163 миллион тоннадан астам мұнай мен мұнай өнімдері, 175 миллион тонна темір рудасы, 45 миллион тонна астық, 45 миллион тонна прокат пен құбыр, үш миллион тонна мақта, екі миллион тонна ет пен ет өнімдері, жеті миллион тоннадай овощ пен жеміс, бір жарым миллиард метр мақта мата, 240 миллион пар аяқ киім сатылды. Сөйтіп осы елдердің шикізатқа, отынға, машиналар мен құрал-жабдықтарға, азық-түлік пен тұтыну товарларына деген сұранысы өзара сауда жасау арқылы қанағаттандырылып келеді.

Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдердің өндірісін мамандандыру олардың үшінші бір елмен жасайтын сыртқы саудасына да ықпалын тигізуде. СЭВ мүшелері тек өзара сауда жасап қоймай, сонымен қатар жаңадан дамып келе жатқан елдермен де, капиталистік елдермен де сауда жасап отыр.

Социалистік елдер арасында ақша-финанс саласында да экономикалық ынтымақ бар. 1964 жылдан бастап экономикалық ынтымақтың халықаралық банкі жұмыс істеп келеді. Осы банк арқылы социалистік елдерге халық шаруашылығы объектілерін салу үшін ұзақ мерзімді кредиттер беріледі.

Халықаралық социалистік еңбек бөлінісі осы елдердің бір-біріне товар берісіп, алысуын арттыруда. Мәселен, 1950—1965 жылдар арасында Советке мүше социалистік елдер арасындағы жүк айналымы төрт жарым есе өсті. Сондықтан да Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдер транспорт саласындағы ынтымаққа елеулі мән беруде. Олар транспорт объектілерін бірігіп салып, транспорт құралдарын барған сайын тиімді пайдаланып келеді. Мысалы, Совет Одағы мен Чехословакия Ужгородтан Кошице қаласына дейін кең табанды темір жол тартты. Болгария мен Румыния Джурджу ауданы маңында Дунайдан өтетін көпір салды. Поездардың кезек күтіп қалуын болдырмау үшін шекаралық станциялар салынууда. Мұндай станциялар болгар-румын, венгер-чехословак шекарасында бар.

1963 жылы Бухаресте Болгария, Герман Демократиялық Республикасы, Венгрия, Польша, Румыния, Совет Одағы мен Чехословакия үкіметтері жүк вагондарының ортақ паркін бірлесіп салу және пайдалану жөнінде келісім жасады.

«Достық» мұнай құбырын пайдалану социалистік елдерге үлкен экономикалық пайда келтіруде. Бұл құбыр іске қосылғаннан бері СССР-ден Чехословакия мен Герман Демократиялық Республикасына, Польша мен Венгрияға 70 миллион тонна мұнай айдалды. Сол секілді «Мир» энергетика жүйесі социалистік елдердің электр қуатын толық та тиімді игеруге жағдай жасауда. Тек 1967 жылы осы жүйе арқылы 8,5 миллиард киловатт-сағат электр қуаты пайдаланылды.

Социалистік елдердің достық ынтымағы экономиканы ұйымдастыру мен реттеудің жаңа түрлерін туғызды. Атап айтқанда өнеркәсіптің әр саласының өнімдерін өзара алысып-берісу жөніндегі келісімдерді жүзеге асыру үшін бірлескен комитеттер мен комиссиялар құрылды. Мәселен, қазіргі уақытта автомобиль өнеркәсібінің өнімдерін бір-біріне беру жөніндегі келісімді жүзеге асыру үшін венгер-поляк комиссиясы, подшип-

ник өнеркәсібі саласындағы ынтымақ жөнінде «Интерметалл» секілді ұйымдар жұмыс істеуде.

Бұл мысалдардан біз социалистік елдердің өзара экономикалық ынтымағының түрлері мен әдістерінің жетіле түскенін көреміз.

В. И. Ленин: «Мәселенің бәрі: біздің бұрынғы тәжірибемізден алынған білігімізбен қанағаттанып қалмауда, қайта сөзсіз алға баса беруде, сөзсіз көп нәрсеге қол жеткізе беруде, неғұрлым оңай міндеттен неғұрлым қиын міндетке сөзсіз көше беруде. Мұнсыз ешқандай прогрестің болуы тегі мүмкін емес, социалистік құрылыста прогрестің де болуы мүмкін емес», деп атап көрсетті (Шығармалар, 28-том, 187-бет). Социалистік елдер даму барысында өз алдарына неғұрлым күрделі де жаңа міндеттер қоюда. 1970 жылы социалистік елдер өнеркәсіп өнімін өндіруді 1965 жылмен салыстырғанда шамамен бір жарым есе, ал ауыл шаруашылығында шамамен 25 процент арттырмақшы.

Биыл январьдың 21-нен 23-не дейін Берлинде Экономикалық Өзара Көмек Советінің құрылғанына 20 жыл толуына арналған мерекелік XXII сессиясы болды. Осы сессияда қабылданған мазмұндамада былай деп көрсетілді: «Экономикалық Өзара Көмек Советінің оған мүше елдер арасындағы ынтымақты ұйымдастырудағы қызметі әрдайым толық теңправолылық, суверенитет пен ұлттық мүдделерді құрметтеу, өзара тиімділік пен жолдастық, өзара көмек принциптері негізінде жүзеге асырылып отырды. Мұның өзі социалистік елдердің халықаралық экономикалық қатынастарының жаңа тұрпатына сай келеді».

СЭВ-ке мүше елдердің ғылымдары мамандандыру мен кооперациялаудың ғылыми негіздерін жасап беруде. Мұның өзі социалистік елдердің материалдық, финанс, еңбек ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануына мүмкіндік туғызуда. Социалистік елдердің ұлттық және интернационалдық мүдделерін үйлестіріп отыру экономикалық ынтымақты бұдан былайда туысқан елдердің жан-жақты және жоспарлы даму мүддесіне сәйкес жүргізуге мүмкіндік береді. Экономикалық Өзара Көмек Советі жұмысының жаңа түрлері мен әдістерін дамытуда ұзақ мерзімге арналған ғылыми болжамдар жасаудың, техникалық-экономикалық зерттеулерді талдаудың маңызы зор. В. И. Ленин: «Маркс немесе марксистер социализмге баратын жолды барлық егжей-тегжейіне дейін біледі деп таласпаймыз біз. Бұл бос сөз. Біз бұл жолдың бағытын білеміз, біз бұл бағытпен қандай таптық күштердің бастайтынын білеміз, ал мұны миллиондар істі қолға алған кезде сол миллиондардың тәжірибесі ғана нақты, практика жүзінде көрсетеді» деген болатын (Шығармалар, 25-том, 287-бет).

Экономикалық ынтымақтың жаңа түрлерін жасау үшін уақыт та қажет, тәжірибе де жинақтау керек. Әрбір жеке елдің ұлттық мүддесін, барлық социалистік елдердің ортақ мүддесімен үйлестіре білу — бұл міндеттерді ойдағыдай шешудің аса маңызды құралы.

Социалистік елдер социалистік интернационализм, теңдік, тәуелсіздікті құрметтеу, өзара тиімділік, жолдастық көмек принциптеріне негізделген жан-жақты ынтымақтың арқасында социализм орнатуда, экономиканы дамытуда орасан зор табыстарға жетті. Бұл — экономикалық ынтымақтың жемісі.

Ж. РАЙЫМБЕКОВ,
экономика ғылымының кандидаты.

Суретшінің өзекті тақырыбы

С. МӘМБЕЕВ,

Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының председатели, Қазақ ССР-нің
еңбек сіңірген өнер қайраткері

Совет бейнелеу өнерінің коммунистік қоғам құрылысындағы ролі айрықша. Совет суретшілері әрқашан да — бейбіт құрылыс жылдарында да, соғыстың сұрапыл күндерінде де — халықпен бірге, партиямен бірге болды. Олардың творчествосы еңбекшілердің өмірі мен ісін, арманы мен мақсатын бейнеледі. Сондықтан да бейнелеу өнерінің таңдаулы туындылары халқымыздың жүрегіне берік ұялады. Партия мен үкімет суретшілердің еңбегіне әрдайым жоғары баға беріп келеді. КПСС Орталық Комитетінің СССР суретшілері ІІІ съезіне жолдаған құттықтауында былай делінді: «Ұлы лениндік идеялар, социализм мен коммунизм орнату жолындағы игілікті күрес — совет суретшілерін рухтандырып, советтік өнердің сипатын, оның даңқты дәстүрлерін анықтап отырған басты тақырып міне осы. Біздің өнеріміз социализмнің маңызы кемімейтін рухани байлығын нық орнықтырады. Біздің өнеріміз революциялық шабыттың өнері ретінде, қайта құратын күші зор, өмірге белсене араласатын, миллиондардың ерік-жігерін білдіретін және миллиондарға арналған өнер ретінде қалыптасты».

1968 жылы 25 ноябрьде СССР Жоғарғы Советінің Президиумы Ұлы Октябрь социалистік революциясының идеяларын тұлғаландырған совет бейнелеу өнерін дамыту ісінде сіңірген еңбегі үшін және совет суретшілерінің коммунистік құрылысқа қосқан үлесін атап көрсетіп, СССР Суретшілер одағын Ленин орденімен наградтады. Бұл жоғары наградқа, өздерінің еңбегін лайықты бағалағанына еліміздің суретшілері дән риза болып, партия мен үкіметтің әкелік қамқорлығына іспен жауап беруде.

Өткен жылдың аяқ шенінде болып өткен, суретшілердің Бүкіл одақтық ІІІ съезі бейнелеу өнерінің келелі міндеттерін белгілеп, бейнелеу, мүсін, графика саласында жаңа шығармалар туғызуға жігерлендірді. Өнердің коммунистік идеялылығы үшін табанды күрес жүргізе отырып, халқымызға, заманымызға лайық кесек полотнолар беру, суреткерлік шеберлікті жетілдіре түсу — қыл қалам иелерінің ардақты борышы. Қазіргі уақытта, социалистік идеология мен буржуазиялық идеология арасында кескілескен күрес жүріп жатқанда, совет суретшілері осы күрестің алдыңғы шебінде болып, жат ықпалдың барлық көріністеріне батыл тойтарыс беруге тиіс. Өйткені суретшілер — коммунистік идеологияның насихатшылары. Съезд атап көрсеткендей, бүгінгі таңда біздің адамдарымыздың талап-талғамын тек мазмұны бай, шеберлігі кемел,

формасы мен стилі алуан реалистік туындылар ғана өтей алады. Ал коммунизм орнатып жатқан халыққа қызмет ету — әрі құрметті, әрі жауапты іс.

Съезд қыл қалам шеберлерін данышпан көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мерекесін еліміз халықтарының қаһармандық істерін жырлайтын, көркемдік дәрежесі жоғары жаңа шығармалармен атап өтуге шақырды.

Жалпы совет суретшілерінің алдында тұрған келелі міндеттер Қазақстан Суретшілер одағының коллективіне де ортақ. Біздің суретшілеріміз де өздерінің азаматтық борышын кәміл сезініп, коммунизм адамын тәрбиелеу және қалыптастыру ісіне тиісінше үлес қосады, сөйтіп даңқты мерекелерді лайықты қарсы алады. Советтік Қазақстанда бейнелеу өнерінің бүкіл даму барысы — қазақ халқының экономикалық және мәдени өсуіндегі жарқын беттердің бірі. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік жаңа мәдениет бізде тек Ұлы Октябрь революциясынан кейін, Совет өкіметі жылдарында ғана жасалып, қарыштап өркендеді.

Қазір, республикамыздың 50 жылдық тойы алдында біз өзіміздің үлкен творчестволық коллективімізді, бейнелеу өнерінің аралуан саласында: живописьте, мүсінде, графикада, плакатта, акварельде өнер танытып жүрген қыл қалам шеберлерін мақтаныш етеміз. Қазақстан суретшілері жылма-жыл профессионалдық материалдар мен құралдарды пайдалану өрісін кеңейтіп, өздерінің дарын-талантын жетілдіріп келеді.

Осы күні республикамызда СССР Суретшілер одағының 180 мүшесі мен кандидаты бар. Олардың бірқатары республика мен Одаққа белгілі. Қастеевтің, Телжановтың, Ғалымбаеваның, Сидоркиннің, Қенбаевтың, Нұрмұхамедовтың есімдерін халқымыз жақсы біледі. Соңғы бес жыл ішінде Қазақстан суретшілерінің коллективі еліміздің жоғары оқу орындары мен училищелерін бітірген жас таланттар есебінен толықты. Жас өнерпаздардың шабыты шарықтап, творчествосының тақырыбы мен жанрлары кеңейде. Олар әртүрлі көрмелерге белсене қатысып жүр.

СССР Суретшілер одағының екінші съезі мен үшінші съезі аралығында көптеген көрмелер ұйымдастырылды. Бұлардың ішінде жалпы сипаттағы республикалық көрмелер де, сол сияқты өнердің жеке түрлері бойынша көрмелер де болды. Ал мұның өзі суретшілердің творчестволық кәмелетке жеткенін дәлелдейді. Мәселен, соңғы бес жылда театр мен кино суретшілерінің, ісмерлік, зергерлік және плакат өнерінің республикалық көрмелері өткізілді. Комсомолдың 50 жылдығына арналған көрме жас суретшілердің таланты мен өнер шеберлігіне тамаша байқау болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдық торқалы тойына орай ұйымдастырылған үлкен көрме Қазақстан бейнелеу өнерінің өркендеу жолының қорытындысы іспеттес. Бұған 200 автордың 600 шығармасы қойылған еді. Кейінгі уақытта жеке және бір топ адамдардың есеп беру көрмелерін ұйымдастыру дағдыға айналды. Өнер алмасуда ауық-ауық өткізіліп жататын туысқан республикалар өнері мен әдебиетінің онкүндіктері пайдалы болып жүр. Өйткені бұл онкүндіктер тұсында өзара сурет көрмелері де ұйымдастырылып тұрады. Мәселен, біз РСФСР, Украина, Латвия, Азербайжан, Өзбекстан, Татарстан, Тәжікстан, Армения қыл қалам шеберлерімен сурет көрмелерін алмастық.

Қазақстан суретшілері жыл сайын Бүкіл одақтық тақырыптық көрмелерге қатысып отырады. Сөз жоқ, көрмелер творчестволық процесті жандандырумен бірге суретшілердің жауапкершілігін арттыруға көп себін тигізеді. Бұл әсіресе шет елдерде өткізілетін көрмелерден айқын көрінеді. Қазақстан суретшілерінің шығармалары 15 шетелде көрсетілді. Мұнымен қоса республика суретшілер одағы едәуір насихаттық жұмыс жүргізіп келеді. Біздің көптеген суретшілеріміз оқу орындарында, әскери бөлімдерде көрушілер қауымымен кездесіп, лекциялар, әңгімелер өткізеді, өз өнерлерін көрсетеді. Республика суретшілері мектептер-

ге, балалар мекемелеріне, ауыл-село сурет галереяларына өздерінің көптеген еңбектерін сыйға тартты.

Бізде живопись, мүсін өнері, графика тақырып жағынан молығып, алуан түрлі бола бастады. Рас, кейде жалаң түр қуып кету сияқты кемшіліктер кездесіп қалады. Дегенмен суретшілердің өмірлік тәжірибесі мен профессионалдык шеберлігі жыл санап жетіле түсуі — қуанарлық құбылыс. Советтік Қазақстанның сурет қазынасы совет бейнелеу өнерінің жалпы заңдылықтары бойынша дамып отырғаны белгілі, әйтседе оның өзіне ғана тән ерекшеліктері мен сипаттары бар. Ұлттық форма мен ұлттық ерекшелік мәселелерінің де маңызы зор. Өйткені ол — көп ұлтты Отанымызда пролетарлық интернационализм мен халықтар достығының көрінісі. Осы күрделі құбылыста өз халқының мәдени мұрасын игеру, сол сияқты басқа халықтардың мәдениетін құрметтеу, ең алдымен олардың ұлттық өнерінен нәр алу бізге өз мәдениетімізді, өнерімізді өркендетуге жәрдемдеседі.

Қазақстанда бейнелеу өнерінің ардагері — Қазақ ССР-інің Халық суретшісі Әбілхан Қастеев. Оның тұңғыш ұстазы, орыс суретшісі Николай Гаврилович Хлудов еді. Хлудов өзінің шәкіртіне бейнелеу өнерінен профессионалдык тәлім берді. Ә. Қастеев творчествосын халық өте-өте қадірлейді. Себебі, ол Отанын, қазақ жерінің сұлулығын, Советтік Қазақстанның табыстары мен адамдарын жырлайды. Республика суретшілер одағы мүшелерінің дені — совет өнерінің майталман шеберлерінің шәкірттері. Сондықтан да олар кәсіби мамандық пен теориялық білім жағынан кенде емес.

Республикамызда сурет коллекцияларын жинау және бейнелеу өнерінің шығармаларын насихаттау жөнінде біраз жұмыс жүргізілуде. Қазақтың Т. Г. Шевченко атындағы мемлекеттік сурет галереясы, Алматыдағы көрмелер дирекциясы, Павлодарда ашылған сурет галереясы өнер шығармаларын тынбастан насихаттап келеді. Қазақ бейнелеу өнерін дамытуға жасалып отырған партия мен үкімет қамқорлығы бізді қуанышқа бөлейді. Астанада үлкен көрме залы, өз алдына жеке-жеке шеберханалары бар «Суретші үйі» 1970 жылдың басына дейін салынып бітуге тиіс. Жақында мемлекеттік сурет галереясының жаңа үйінің жобасы бекітілді.

1970 жылы апрельде Москвада ұлы Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған Бүкіл одақтық сурет көрмесі ашылады. Көрме «Лениндік жолмен» деген девизбен өтеді, сөйтіп творчествоның барлық түріне кең өріс ашады. Қазір біз көрмеге қызу әзірленіп жатырмыз. Ал бұл әзірліктің басты мақсаты — идеялық, көркемдік дәрежесі жоғары шығармалар туғызу. 1970 жылы февральда Ленин мерекесіне байланысты республикалық сурет көрмесі ұйымдастырылады. Ал сол жылы октябрьде Советтік Қазақстанның 50 жылдығына орай тағы сондай көрме ашылады. Бұлардың алдында екі аймақтық көрме өткізіледі, мәселен, Теміртау мен Қарағандының көрме залдарында солтүстік, орталық, шығыс облыстар суретшілерінің картиналарынан экспозициялар қойылады, ал оңтүстік, батыс облыстардың суретшілері өз өнерін Шымкент қаласында көрсетеді.

Мұндай көрмелерді ұйымдастырудағы ойымыз — республикалық мерекелік көрмелерге ең тәуір деген туындыларды таңдап, іріктеп алу. Жауапты міндеттің бірі — көрмелердің тақырыптық, жанрлық аясын кеңейту. Мерекелік көрмеде көсек тақырыптық суреттер де, пейзаждар мен портреттер де, натюрморттар мен жанрлық картиналар да мол болуға тиіс. Қыл қалам шеберлерінен ойдың айқындығымен қоса композициялық тапқырлық, ұлттық ерекшелігімен көрінетін асқак шабыт талап етіледі. Суретшілердің В. И. Ленин еңбектерімен жете танысуы данышпан көсемнің парасаттылығын, ақыл-ой дариясын, логика күшін жақсылап бейнелеуге мүмкіндік туғызады.

Қазақстан суретшілері даңқты мерекелерге лайықты тарту әзірлеу

мақсатымен тарихи орындарға, жаңа құрылыстарға творчестволық командировкаға шыға бастады. Бұлардың көпшілігі нақты тақырыптар белгілеп, оларды орындауға кірісті. Совет өкіметі жылдарында елімізде, республикамызда болған ғажап өзгерістер, тұңғыш социалистік мемлекеттің негізін қалаушы кемеңгер В. И. Лениннің образы, революция дәуіріндегі, алғашқы бесжылдықтар кезіндегі, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халқымыздың ерлігі, қазіргі коммунизм орнату күресіндегі қаһармандық істер—живописьтік полотнолардың, мүсіндік композициялардың, графикалық монументтік еңбектердің, плакаттардың, ісмерлік өнердің сүбелі тақырыптары.

Қазақ ССР-інің Халық суретшісі Ә. Қастеев «Қазақстан жерінде» деген акварель сериясын салуда, Қазақ ССР-інің Халық суретшісі Қ. Телжанов «Хабаршы», «Ұмытпа», «Даладағы қоңырау» деген кесек дүниелерін бітіру үстінде. Қазақ ССР-інің Халық суретшісі А. Ғалымбаева «Октябрьдің тууы», Республикамыздың еңбек сіңірген өнер қайраткері Х. Наурызбаев «Ленин», суретші А. Жүсіпов «Ол әрқашан халықтың көкірегінде» деген картиналар, мүсіндер береді. Целиноград мүсіншісі Л. Колотилина «Ленин мен Дзержинский» деген композициямен жұмыс істеуде. Жас мүсінші Т. Досмағамбетов Мұхтар Әуезов пен Сәкен Сейфуллиннің мүсіндерін жасап жатыр.

Социалистік өмір шындығын жан-жақты көрсетуді мақсат еткен суретшілер туындыларының тақырыптары да әралуан. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері Н. Нұрмұхамедов «Қазақ ССР Ғылым академиясының сессиясы» деген күрделі композициялық полотноны қолға алды. Қосмосқа ұшу сапары, замандас тұлғасы суретші А. Степановты қатты толғандырады. Ж. Шәрденов өнеркәсіп пейзаждарын сала бастады. А. Гордеевтің «Ержүректілер туралы жыр» деген полотносы Спасск кеніндегі көтеріліске арналған. В. Рахмановтың мүсіні «Пролетариат көсемдері» деп аталады. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері С. Лизогуб замандастарымыздың суреттерін салмақшы.

Міне бейнелеу, мүсін, графика өнерінің таяу уақытта жарық көретін туындылары советтік өмірдің шындығын өрнектеп, қоғамымыздың рухани өмірінде маңызды роль атқаратыны сөзсіз. Бірақ бұдан Қазақстан Суретшілер одағының қызметінде мін жоқ деген ұғым тумайды. Одақтың ішкі творчестволық, саяси-тәрбие жұмысында әлі де кемшілік көп. Біздің суретшілер мен архитекторлардың осы заманғы қалалар мен селолар салудағы архитектуралық-көркемдік шеберлігі жетімсіз. Мұндай олқылық ескерткіштер орнатуда да кездеседі. Кейбір жаңа ескерткіштердің идеялық, көркемдік шешімі ойдағыдай болмай жүргені — мұның нақты мысалы. Кітап, журнал графикасы, плакат саласында жұмыс істейтін суретшілер де бүгінгі өскелең талап-талғам дәрежесінде бола алмай отыр. Халық өнерінің, оның ішінде ісмерлік-зергерлік өнердің жайы мәз емес.

Өнер мәселелерінен арнаулы журналдың жоқтығы бейнелеу өнерінің барлық түрін кең насихаттауға қиындық келтіріп жүр. Бұдан көп жыл бұрын СССР суретшілері екінші съезінің қарарында Орта Азия мен Қазақстан сурет өнеріне арнап журнал шығару жөнінде әдейі мәселе қойылған еді. Бірақ бұл пункт орындалмай қалды. Орта мектептерде суретші мұғалімдер жетіспейді. Ал бүкіл Қазақстанда жалғыз-ақ сурет училищесі бар. Сондықтан республикамызда сурет институтын ашатын уақыт жеткен сияқты.

Даңқты мерекелер алдындағы ардақты да жауапты міндетін жақсы түсініп, республика қыл қалам шеберлерінің ленинизм салтанатын, халқымыздың революциялық, жауынгерлік, еңбек жолын бейнелейтін құнды шығармалар беретінінде күмән жоқ.

Менделеевтің ұлы заңы

(Элементтердің периодтық заңына 100 жыл)

Табиғат пен қоғам тануда XIX ғасырдың орны бөлек. Данышпан ойшылдар К. Маркс пен Ф. Энгельс философияда революциялық төңкеріс жасады.

Сол сияқты XIX ғасырда жаратылыс тану ғылымдарында, әсіресе физика, химия, биология салаларында көптеген жаңалықтар ашылды, өнеркәсіпте, транспортта, ауыл шаруашылығында революциялық өзгерістер болды. Бұған дейін энергия мен массаның сақталу және айналу заңдары, өсімдіктер мен жануарларда клетканың ашылуы, Дарвин теориясы — міне осындай үлкен жаңалықтар. Ендігі бір тамаша ғылыми жетістік — химиялық элементтердің периодтық заңының ашылуы.

1869 жылы мартта бұл заңды орыстың ұлы ғалымы Д. И. Менделеев ашты. Дмитрий Иванович Менделеевтің ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі XIX ғасырдың екінші жартысында Россияда дүрбелең оқиғалар туып жатқан кезеңде шарықтай түсті. 1861 жылы шетелге ғылыми сапардан оралған соң ол Петербургтің жоғары оқу орындарында, кейін университетте химиядан лекциялар оқыды. Бірнеше жылдан кейін университетте профессор болып тағайындалды. Ұстаздық қызметін атқара жүріп, Д. И. Менделеев енді өзінің көп жыл бойы жинақтаған мол тәжірибесін оқулыққа түсіргісі келіп, «Химия негіздері» деген оқулық жаза бастайды. 1868 жылдың аяғында оқулықтың бірнеше тарауын жазып, жарыққа шығарған соң Д. И. Менделеев сол кезде химияда кездескен қиыншылықтарды басынан өткерді.

1860 жылы Германияның Карлсруэ деген қаласында химиктердің халықаралық съезі өткізіліп, бірқатар маңызды шешім қабылдағаны белгілі, бұған Менделеев те қатысты. Дегенмен химия ғылымында әлі де эмпириялық деректер, зерттеулер көп еді. Химиялық элементтер жайындағы мағлұматтарда жүйе жоқ болатын, атом және атомдық салмақ, молекула және молекулалық салмақ жөніндегі пікірлер ала-құла, олардың анықтамалары мен мағыналары шатастырылған еді. Осы мәселелерге өзіндік анықтама беріп, кейбір деректерді түзете келе Д. И. Менделеев химиялық элементтер мен олардың қосындыларын зерттеу жұмысын жүргізе берді. 1869 жылғы 17 февраль күні (жаңа стиль бойынша 1 март) ол таң атқаннан күн батқанға дейін жұмыс істеп, ойларын жинақтай қорыта отырып, химиялық элементтердің периодтық заңын тапты. Дәл сол күні «Атомдық салмақ пен химиялық ұқсастыққа негізделген элементтер системасының тәжірибесі» деген мақаланы баспаға ұсынды. Оның көрегендігі, ұлылығы сонша, белгісіз элементтердің қасиетін, немен, қалайша түзіліс беретінін, тіпті валенттігі мен атомдық салмағына дейін, бәрін күні бұрын анықтап берді. Кейінірек 63 элемент орналасқан таблицаны орыс және шетел химиктеріне жіберді. Осы күн ғылым әлемінде ұлы заңның ашылған күні болып кірді. Жалпы ғылымдары ұлы жаңалықтар тәрізді Менделеев жаңалығы да қарсылыққа кездесті. Дегенмен, орыс ғалымының бұл тамаша еңбегі өзінің ақыл-ой парасатымен көпке танылды.

Периодтық заңды Д. И. Менделеев онан әрі дамытып, химиялық элементтерді периодтық системаға ыңғайлады және өмірінің ақырғы күндеріне дейін оны тереңдетіп, нақтылай берді, жетілдіре берді. Көптеген зерттеулер мен ойлар оның осы қолға алған ісінің дұрыстығын көрсетті. Элементтерді жүйелеу, соның нәтижесінде периодтық заңды байқау — өте күрделі процесс. Бұл жөнінде бұрын да талай ізденіс, әрекет болған. Бірақ мұның барлығы сырттай жүйелеу болатын, тек түрлерін өзгертуден әрі аспайтын. Мәселен, зерттеушілердің көбі элементтердің кездейсоқ физикалық және химиялық қасиеттерін, ұқсастығын қарастыратын. Себебі, олардың ізденулері метафизикалық көзқарастан әрі бармайтын, сондықтан талдаулары таяз, әрі жүйесіз болатын.

Ал Д. И. Менделеев зерттеулерінің сәтті, жемісті болғаны, ол периодтық заңды ашқанда, диалектикалық материализмге тереңдеп бармағанымен, диалектикалық әдісті дұрыс қолдана білді. Мысалы, ол химиялық элементтер орналасқан таблицадағы бос орындарда әлі белгісіз элементтер бар деп батыл ғылыми болжал жасады, сондай-ақ периодтық заңға сүйене келіп, олардың негізгі химиялық және физикалық қасиеттерін алдын ала сипаттады. Көп ұзамай болжал дұрыс боп шықты. Галий, скандий, германий деп аталған элементтерді шетел ғалымдары тапты. Бұлардың Д. И. Менделеев сипаттаған қасиеттері тура, дәл келді. Осы элементтердің ашылуы орыс ғалымы ашқан периодтық заңның дұрыстығын тағы дәлелдеді. Ғылымдары ғажап жаңалық бүкіл әлем-

ді дүр сілкіндірді. «Табиғат диалектикасы» деген еңбегінде Ф. Энгельс былай деді: «Менделеев ғылыми ерлік жасады. Ол стихиялық түрде санның сапаға көшу жөніндегі Гегель заңын пайдаланды. Оның осы ұлы жаңалығын тура Лавуазье әлі белгісіз Пептуан планетасының орбитасын есептеп шығарған жаңалығына теңеуге болар еді».

Ғылым әлемінде озық ойлы, жаңашыл Д. И. Менделеев өзі материалист болмаса да, жаратылыс тану саласындағы зерттеулерінде диалектикалық әдісті дұрыс қолдана білді. Бірақ оның ұстаған материализмі метафизикалық емес еді. Шынтуайтқа келгенде ол стихиялық материалист болатын. Оның дүние танымы Россияда патша өкіметіне және крепостник тәртіптерге қарсы күрес күшейе түскен кезеңде қалыптасты. Шаруа және разночинец қайраткерлердің күресі, олардың идеологтарының — орыс революцияшыл демократтарының табиғат пен қоғам жайындағы еңбектері ұлы химик-ғалымға әсер етті. Өмірдің үлкен жолына түселес бұрын Д. И. Менделеев прогрестік идеялардан нәр алды, өйткені Россияның жалынды патриоттары өз елінің қуатты әрі мәдениетті, азат болуын тіледі. Осы орайда А. И. Герцен, Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов еңбектерінің маңызы зор болды. Орыстың революцияшыл демократтары табиғатты диалектикалық тұрғыдан зерттеді. Сондықтан олардың материалистік дүние танымы замандастарына, әсіресе жас ғалымдарға игі әсер етті. Солардың қатарында химиктер А. М. Бутлеров пен А. И. Бородинді (бір жарынан атақты композитор), физиолог И. М. Сеченовті, дәрігер С. П. Боткинді, биолог А. О. Ковалевскийді және басқаларын атауға болар еді. Бұлар кейін көрнекті ғалымдар болып шықты, Россия мәдениетінің данқын шығарды.

Химиялық элементтерді жүйелеп талдау үшін Д. И. Менделеев қасиеттері ұқсас та, сондай-ақ қасиеттері бір-біріне ұқсамайтын да элементтерді салыстыру арқылы заңдылық іздеді. Мұның өзі материалистік батыл шешім еді. Талдау нәтижесінде Д. И. Менделеев барлық элементке ортақ объективтік қасиет атомдық салмақ екенін анықтады. Сөйтіп ол таблицара элементтерді атом салмағы өсуіне қарай рет-ретімен орналастырды. Осылайша орналасқан элементтер қасиеттерінің немесе оларды түзететін қосындылар қасиеттерінің периодтық түрде өзгертіні байқалды. Демек, химиялық элементтердің қасиеттерін біріктіретін жалпы материалдық өлшем — атомдық салмақ болды. Ал оның өсу тәртібіне орай элементтер реттік номер алды. Периодтық заң ашылғанда элементтердің көбінде атомдық салмақ мағыналары нақты емес еді. Бірақ таблицара орналасу тәртібіне қарай Д. И. Менделеев итрий, уран, торий, церий элементтерінің атомдық салмағын түзетті, иодтың, теллурдың, кобальттың, никельдің орнын ауыстырды. Сөйтіп сол кездің өзінде білгілі 63 элемент периодтық системаға дейін жетілдірілді.

Периодтық заң — кейін тағы бірқатар сынаудан өтті. ХІХ ғасырдың аяғында бұрыннан белгісіз инертті газдар табылды. Өйткенмен таблицара бұларға орын болған жоқ. Инертті газдар нольдік топ деп орналастырылғаннан кейін барып Д. И. Менделеев системасына үйлесті. Периодтық система біздің ғасырдың басында радиоактив құбылыс пен радиоактив элементтердің ашылуымен байланысты үлкен сынға ұшырады. Себебі, бұрыннан белгілі элементтердің қасиеттерінен радиоактив элементтердің қасиеттері өзгеше болды әрі периодтық заңға сәйкес келмеді. Дегенмен бұл сынаудан периодтық заң мүдірмей өтті. Радиоактив құбылыс пен радиоактив элементтер периодтық заңға қосымша құнды мағлұматтар берді. Бұрын периодтық заң ашылған кезде атом бөлінбейді делініп келген еді. Енді атом бөлінетін белгі — радиоактив құбылыс периодтық заңды онан әрі дамытты. Қазіргі заманның көзқарастары бойынша Д. И. Менделеев заңы атомдық салмаққа емес, қайта ядроның зарядына байланыстырылды. Периодтық системада орналасқан элементтердің реттік саны атом ядросының оң зарядын көрсететін, ал атомдардың химиялық қасиеттері ядроны айнала қоршаған электрондардың топтасуына байланысты болды.

Элементтердің периодтық системасының философиялық тұрғыдан да маңызы зор еді. Ядро заряды химиялық элементтердің және олардың қосындыларының қасиеттерін салыстырмалы түрде сипаттайтын болса, бұдан дүниенің материялылығы, материалистік диалектиканың негізгі принциптері, заңдары, категориялары аңғарылатыны сөзсіз. Кеңістік пен уақытта элемент — материалдық бөлшек. Ал оның басқа элементтермен бірлігін, ортақ объективтік және материалдық сезімін ядроның заряды білдіреді. Өйткені жеке элемент жанында тұрған ядро заряды кем немесе артық көрші элементтердің қасиетін өз бойына сіңіруге тырысады да, қарама-қарсылық күресі нәтижесінде өзіне тән, не көрші тұрған элементтерге ұқсас немесе тіпті одан өзгеше қасиеттерді айқындайды. Дәл осындай өзгерістерді таблицаның периодтарынан және топтарынан байқау қиын емес.

Периодтық заңды ашып, оны таблицара көмегімен системаға келтіру үшін Д. И. Менделеев құбылыстардың дамуын зерттеді. Сол кезде мәлім болған элементтердің атомдық салмағын байқап, қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі, сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне ауысуы, теріске шығаруды теріске шығару заңдарын, мазмұн мен форма,

мен мен құбылыс, себеп пен салдар сияқты категорияларды шебер пайдаланды. Басқа ғалымдардың кемшіліктеріне көзі жеткен арылшын ғалымы Э. Резерфорд былай деді: «Алғашында Д. И. Менделеевтің идеяларына онша көп назар аударылған жоқ, өйткені оның замандас химиктері фактілер арасындағы байланысты ойламай, тек соларды жинастырумен, іздестірумен ғана болды».

Периодтық заңның ашылуы — физика мен химияның, жаратылыс тану және философия ғылымдарының дамуындағы жаңа белес. Ол айнала қоршаған дүниені терең білуге итермеледі. Атақты физик Н. Бор Д. И. Менделеевтің периодтық системасын химия, физика, минералогия және техника салаларындағы зерттеулерге жол көрсететін жарық жұлдыз деп бағалады.

Табиғаттың ұлы заңы біздің білімімізді термоядролық процестерді игеруге жеткізді, материя құрылымы жөніндегі түсінігімізді тереңдетті. Қазіргі уақытта ашылған элементтер саны жүзден асады. Атақты орыс ғалымының құрметіне жүз бірінші элемент менделевий деп аталды.

Ғылымда нағыз жаңашыл, революционер Д. И. Менделеев теория мен практиканы тығыз ұштастыруға, ғылым жетістіктерін өндіріске енгізуге, әсіресе қазба байлықтарды пайдалануға орасан көп еңбек сіңірді. Алайда патша өкіметі Менделеев жаңалықтары мен еңбектерін ескерусіз қалдырды. Тек Совет өкіметі тұсында ғана ұлы ғалым идеялары жүзеге асты. Тас көмірді жер астында газдандыру идеясын В. И. Ленин жоғары бағалады. «Ғылым егіні — халық игілігі» деген Менделеев сөзінің дұрыстығына Совет дәуірінде көзіміз жетті. Мәселен, Қазақстанда өнеркәсіп, ғылым, мәдениет тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана кең қанат жайып, қарыштап өркендеді. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда Қазақстанның өндіргіш күштерін пайдаланудың ролі күшті.

Қазақстанның қазба байлықтары ұшан-теңіз. Д. И. Менделеев таблицасында көрсетілген элементтердің бәрі дерлік бізде бар. Айталық, хром мен ванадий қоры жағынан Қазақстан дүние жүзінде бірінші орын, темірдің, мыстың қорғасынның, мырыштың, күмістің, кадмийдің, вольфрамның, ренийдің, бордың, әртүрлі тұздардың, тағы басқа минералдық шикізат қоры жағынан Одақта бірінші орын алады. Ал марганецтің, молибденнің, титанның, алюминийдің, көмір мен мұнайдың, фосфориттің қоры бойынша алдыңғы орындарда.

Қорыта айтқанда Д. И. Менделеев ашқан химия элементтерінің периодтық заңы — әлемдік ғылыми ойдың зор табысы. Ендеше ұлы ғалымның абзал есімі мен асыл еңбектері мәңгі жасайды.

Н. ҚАМБАРОВА,
философия ғылымының кандидаты.

Қ. ҚАМБАРОВ,
химия ғылымының кандидаты.

«Қазақстан коммунистінің» дабылынан кейін

«БІР ГАЗЕТТІҢ КЕМШІЛІКТЕРІ»

«Қазақстан коммунисті» журналының 1968 жылғы 12-номерінде «Бір газеттің кемшіліктері» деген редакциялық мақала жарияланып, онда Ақсу аудандық «Өмір нұры» газетінің жұмысындағы елеулі кемшіліктер сыналған еді. Соған орай Қазақстан КП Ақсу аудандық комитеті мынаны хабарлайды:

«Қазақстан коммунистінің» шолуы аудандық партия комитетінің 1969 жылы 14 январьдағы бюро мәжілісінде арнайы қаралып, «Өмір нұры» газетінің жұмысындағы елеулі кемшіліктер дұрыс сыналған деп табылды.

Аудандық газеттің идеялық дәрежесі мен ұйымдастыру қызметін жақсарту үшін аудандық партия комитетінің бюросы нақты шаралар белгіледі. Мәселен, газет редакциясына В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен Қазақ ССР-інің 50 жылдығы құрметіне алынған социалистік міндеттемелерді орындау үстіндегі партиялық-ұйымдастыру және саяси-бұқаралық жұмыс мәселелерін кеңінен жазу, жергілікті партия ұйымдарындағы жаңалықтар мен өнегелі істерді, қоғамдық ұйымдардың үздік тәжірибесін көпшілік игілігіне айналдыру, газет бетінде проблемалық тақырыптарды жиі көтеру, шаруашылық басшылары мен мамандарының ойларына, ұсыныстарына кеңінен орын беру тапсырылды.

Жергілікті тілшілермен, авторлар активімен байланысты күшейту мақсатында үстіміздегі жылдың февраль айында тілшілердің аудандық кеңесі өткізілді. Бұл кеңесте КПСС Орталық Комитетінің «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде аудандық газеттердің ролін арттыру туралы» қаулысының орындалуы және аудан тілшілерінің міндеттері жайлы аудандық партия комитетінің секретары М. Қоңырбаева жолдас баяндама жасады.

Редакцияның жұмыс орны мен баспаханасын жақсарту үшін жергілікті бюджеттің есебінен жүк автомашинасын алып беру еңбекшілер депутаттары аудандық Советі атқару комитетінің председателі С. Қыбраев жолдасқа тапсырылды. Сонымен бірге газет редакциясы мен баспаханың жаңа үлгі бойынша салынатын құрылысын 1969 жылы аяқтау, оның материалдық базасын нығайту үшін керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, қаржы бөлу жөніндегі ұсыныстар облыстық баспасөз басқармасы мен Қазақстан КП облыстық комитетінің алдына қойылды.

«Өмір нұры» газеті редакциясының жанынан штаттан тыс мектеп және жастар тәрбиесі бөлімі, ауыл шаруашылық өндірісі экономикасының бөлімі, мәдениет және тұрмыс бөлімі құрылып, олардың меңгерушілері бюро мәжілісінде бекітілді.

Ө. БЕКЕЕВ,

Талдықорған облысы, Ақсу аудандық партия комитетінің бірінші секретары.

* * *

Осы дабыл баспаға әзірленіп жатқан кезде Қазақстан КП Талдықорған облыстық комитетінің секретары К. Бегімов жолдастан да хат түсті. Онда атап айтқанда былай делінген: «Қазақстан коммунисті» журналының редакциялық мақаласында көрсетілген кемшіліктерді жою, Ақсу аудандық «Өмір нұры» газетінің идеялық-саяси дәрежесін арттыру мақсатында аудандық партия комитеті тарапынан қажетті шаралар іске асырыла бастады. Облыстық баспасөз басқармасының «Өмір нұры» редакциясына материалдық көмегі күшейді. Мәселен, кеңсе жабдықтарын сатып алуға қосымша 2 мың сом қаржы бөлінді. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында бір газет басатын машина, бір әріп теретін машина босату ұйғарылды. 1969 жылдың екінші жартысында газет редакциясы мен баспахана үйінің құрылысы басталмақ. Қазір оның жобалық-сметалық документтері жасалуда.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫНЫҢ ХАБАРЛАРЫ

РЕВОЛЮЦИОНЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖИНАЛЫС

Алматы облыстық және қалалық партия комитеттері 28 февральда Орта Азия мен Қазақстанның көрнекті партия, мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Қикымұлы Жандосовтың туғанына 70 жыл толуына арналған салтанатты жиналыс өткізді.

Ораз Жандосов елімізде Совет өкіметін орнату, социализм құрылысын, халықтар достығын нығайту жолында белсене күрескен болатын. Оның бүкіл саналы өмірі Ленин идеяларының салтанат құруы жолындағы күреске бағытталған. Ұлы Ленин ұйымдастырған Коммунистік партияның мүшесі, қазақ халқының адал ұлы, Социалистік Отанымыздың жалынды патриоты Ораз Жандосовтың 70 жылдығына арналған салтанатты жиналысты Алматы облыстық партия комитетінің бірінші секретары А. Асқаров қысқаша сөз сөйлеп ашты.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының директоры С. Бейсенбаев Ораз Жандосовтың өмірі мен революциялық қызметі жайлы баяндама жасады.

Жиналысқа Ораз Жандосовтың туып өскен ауылынан, қызмет істеген жерлерінен еңбекшілер өкілдері, партия, совет қызметкерлері келіп қатысып отырды.

СОВЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КУРСЫ

Жамбыл облыстық партия комитетінің жанында партия-совет қызметкерлерінің білімін көтеретін тұрақты курс жұмыс істейді. Курстың кезекті сегізінші

тобында 26 селолық Советтің председатели оқуда. Оларға тарих және экономика ғылымдарының кандидаттары, облыстық партия комитеті мен Совет атқару комитетінің, облыстық сот-прокуратура органдарының, облыстық финансы бөлімінің, облыстық мәдениет басқармасының қызметкерлері лекция оқиды.

Курстың программасы бойынша негізінен төрт пән оқытылады. Олар: совет құрылысы және право, өндіріс экономикасы, КПСС тарихы, ғылыми коммунизм.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ—ПАРТИЯ ОҚУЫ

Ақтөбе қалалық партия комитеті өзінің кезекті пленумында «Қала партия ұйымы коммунистерінің маркстік-лениндік білімін көтеру жөнінде КПСС XXIII съезі шешімдерін орындаудың барысы туралы» мәселе талқылады. Бұл жөнінде қалалық партия комитетінің секретары Е. Төлелбергенова баяндама жасады.

Пленумда саяси оқудың жана жүйесі бойынша өткен үш жылдың қорытындысы және үстіміздегі оқу жылының барысы егжей-тегжейлі талқыланды. Ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлік кен өріс алып отыр. Қала партия ұйымдары В. И. Лениннің өмірін, қызметін және теориялық мұраларын еңбекшілердің неғұрлым жақсы оқып білуге ынтасын арттыруда.

Пленумда «Актюбстрой» тресінің бастығы П. Шейн көп жылдық тәжірибесі бар насихатшы ретінде сөйлеп, насихатшыларды маркстік-лениндік теорияның түрлі салалары бойынша мамандандыру қажеттігіне тоқталды.

УГ02570.

Зак. 15

Тираж 44344

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Қ. САҒЫНДЫҚОВ (бас редактор), З. АЙТМАҒАМБЕТОВ (жауапты секретарь), С. БЕЙСЕНБАЕВ, Ж. БЕКТЕПОВ, Ш. ЕСМҰРЗАЕВ, Т. ЖАНКЕЛДИН, С. ҚОЖАМСЕЙІТОВ, К. МЕНДІБАЕВ, Т. ЫДЫРЫСОВ.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, насихат және экономика бөлімдері — 2-57-23, редактор — 2-23-03

Б/III-1969 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108¹/₁₆, 2,5 қар., — 6,85 авт. табак.

Қазақстан КП Орталық Комитеті баспасының баспаханасы Алматы, Ленин проспекті, 4.